Кейбір университеттер мүмкіндігі шектеулі студенттерге психологиялық қолдау көрсету бағдарламаларын сәтті жүзеге асырды. Мысалы, Ұлыбритания университеттері ерекше білім алуды қажет ететін студенттерге тек психологиялық кеңес беріп қана қоймай, сонымен қатар топтық тренингтерді, стрессті басқару сабақтарын және өзін-өзі бағалау бағдарламаларын қамтитын психо-эмоционалды қолдау жүйелерін белсенді түрде дамытуда [10]. Бұл тәжірибелер инклюзивті білім беру ортасын құруға негіз болады.

Инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыруда басты рөлді педагог атқарады, ол ерекше білімді қажет ететін студенттердің білім беру кеңістігінде студентке ыңғайлы психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға міндетті. Мұндағы басты фактор педагогтың студентке деген қарым-қатынасы, оның жетістіктеріне деген көзқарасы, оқыту процесін жекешелендіре білуі, студентті қолдау мен оның ынтасын арттыру қабілеті [11].

Мамандардың даярлығы инклюзивті ортаны құруда маңызды рөл атқарады және оларды әртүрлі ерекшеліктері бар студенттермен жұмыс істеуге дайындау назар аударуды қажет ететін басты мақсаттардың бірі. Ерекше қажеттіліктері бар студенттердің қиындықтары туралы хабардарлығын арттыру, сондай-ақ тиімді қарым-қатынас әдістерін үйрету үшін педагогтардың кәсіби даму бағдарламалары инклюзивті білім беруді табысты жүзеге асыру үшін маңызды [12].

Инклюзивті білім беру аясындағы психологиялық қолдау әр түрлі сипаттағы оқушыларға тең мүмкіндіктер жасауда басты рөл атқарады. Әр оқушының жетістікке жетуі және заманауи білім беру талаптарына бейімделуі үшін арнайы бағдарламаларды әзірлеу және психологиялық көмекті оқу үдерісіне енгізу қажет. Психологиялық көмек студенттердің табысты оқуы мен әлеуметтенуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін инклюзивті білім берудің құрамдас бөлігіне айналуы тиіс.

Инклюзивті білім беру жүйесіндегі әлеуметтік қолдау. Жаңа ортаға келгенде мүмкіндігі шектеулі студенттер психологиялық бейімделу механизмдерінде шиеленіс тудыратын ерекше қиын жағдайға тап болады. Олардың көпшілігі, денсаулығына байланысты қиындықтардан басқа, қарым-қатынас құру және жаңа ортаға бейімделу қиындықтары мен

барьерге тап болады. Осы тұрғыда ЖОО-дағы инклюзивті білім беру студенттерін әлеуметтік қолдау олардың білім ошағында сәтті бейімделуінің, қажетті білім алуына ынтасының оянуының және тұлғалық дамуының кілті болып табылады. Университеттер ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер өздерін сенімді сезінетін, оқу мен әлеуметтік инклюзия үшін тең мүмкіндіктерге ие болатын инклюзивті орта құруы маңызды.

Университеттің инклюзивті ортасын құру физикалық қолжетімділікті ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі студенттерге өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінуге көмектесетін әлеуметтік іс-шараларды ұйымдастыруды қамтиды. Бұл студенттерді тануға, оларды университеттің мәдени өміріне, спорттық және қоғамдық шараларға тартуға бағытталған іс-шаралар болуы мүмкін [13]. Сондай-ақ бакалавриат студенттері немесе дайындалған еріктілер жаңа студенттерге бейімделуге көмектесетін тәлімгерлік бағдарламаларын әзірлеу маңызды. Әлеуметтік қолдаудың тағы бір негізгі аспектілерінің бірі мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін бейімделген білім беру процесін құру болып табылады. Бұл студенттерді арнайы оқу материалдарымен (мысалы Брайль кітаптары, мәтіндік және аудио материалдармен) қамтамасыз ету, сондай-ақ көмекші технологияларды (экрандағы оқу құралдары, сөйлеуді тану бағдарламалары) енгізуді қамтиды. Студенттерге барлық қажетті ыңғайлы жағдайлардың жасалуы олардың оқу ордасына сіңуіне және білім алуға деген құлшылығын арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің студенттердің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқытудың икемді тәсілдерін қолдануға дайын болуын қамтамасыз ету үшін оқыту бағдарламаларын әзірлеу маңызды [14]. Ерекше білімді қажет ететін студенттердің құқықтарының ескерілуі әлеуметтік қолдаудың маңызды аспектісі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі студенттер өздерінің құқықтарын, жеңілдіктер мен арнайы қызметтерді алу мүмкіндіктерін білуі керек, мысалы, емтихандарға қосымша уақыт, арнайы құрал-жабдықтарға қол жеткізу және т.б. Университеттер студенттердің құқықтары туралы ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз етуге және студенттерге оларды жүзеге асыруға қолдау көрсетуге міндетті [15].

Қорытынды. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту мүмкіндігі шектеулі немесе ерекше білімді қажет ететін студенттерге тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Мұндай студенттердің жоғары білімге қол жеткізуі – олардың тұлғалық және кәсіби дамуының маңызды кезеңі, сонымен қатар қоғамның әртүрлілігі мен теңдігін арттыруға бағытталған шешуші қадам.

Инклюзивті білім беру процесінде негізгі міндет – әрбір студентке оның қажеттіліктеріне бейімделген жағдай жасау. Бұл тек физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету емес, сонымен қатар психо-әлеуметтік қолдау көрсету арқылы студенттің өз әлеуетін толық ашуға, қоғамға толықтай сіңісуіне мүмкіндік беру. Мәселен, кейбір ЖОО арнайы даярланған психологиялық тәлімгерлік жүйесін енгізіп, студенттердің университет қабырғасына тез бейімделуіне және қажетті білімді алуына қолдауды тиімді жүзеге асырып отыр.

Сонымен қатар, педагогтар ерекше қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс істеуге дайын болуы үшін арнайы оқу бағдарламалары мен тренингтеріне қатысуы тиіс. Педагогтың қолдауы, оқыту саласында икемді тәсілдердің енгізілуі, студенттердің жетістіктеріне деген сенімі олардың білім алу сапасына тікелей әсер етеді.

Әлеуметтік қолдау инклюзивті білім беру процесінің тағы бір маңызды қыры болып табылады. Бұл студенттерді мәдени және спорттық іш-шараларға қатыстыру, еріктілер тобы арқылы тәлімгерлік бағдарламаларын ұйымдастыру, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар студенттердің құқықтарын қорғау және түсіндіру іс-шараларын қамтиды. Сонымен қатар қоғамның толық қанды мүшесіне айналуына ықпал етеді. Мұндай кешенді көзқарас болашақта әлеуметтік интеграцияның жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, инклюзивті қоғамның қалыптасуына негіз болады.

Қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жүйесін дамыту – тек білім беру саласы үшін ғана емес, сонымен қатар қоғамның теңдікке және әділеттілікке ұмтылысын жүзеге асырудың бірден бір жолы. Әрбір студентке қолайлы орта құру, олардың олардың жеке

қажеттіліктерін ескеру, қолдау жүйесін енгізу олардың академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар қоғамның толыққанды мүшесіне айналуына ықпал етеді. Мұндай кешенді көзқарас болашақта әлеуметтік интеграцияның жоғары деңгейін қамтамасыз етіп, инклюзивті қоғамның қалыптасуына негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Үкіметі (E-gov). Қазақстандағы инклюзивті білім. 2017. [Электрон. ресурс] URL: <https://informburo.kz/cards/inklyuzivnoe-obrazovanie-kak-v-kazahstane-uchat-detey-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami.html> (қарау күні: 10.11. 2024 ж).
2. ҚР Білім беру Заңы, 2007. [Электрон. ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118> (қарау күні: 10.11. 2024 ж).
3. ОЭСР. Высшее образование в Казахстане. Париж, Франция, 2017 ж.
4. Н.Ю.Борякова Педагогические системы обучения и воспитания детей с отклонениями в развитии. — М.: изд-во «АСТ, Астрель», 2008 ж. — 222 б.
5. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы (БҰҰ АА). Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция. 2006. [Электрон. ресурс] URL: <https://www.un.org/development/desa/disabilities/convention-on-the-rights-of-persons-with-disabilities/convention-on-the-rights-of-persons-with-disabilities-2.html> (қарау күні: 10.11. 2024 ж).
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (БҒМ). Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2010. [Электрон. ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118> (қарау күні: 10.11. 2024 ж).
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (БҒМ). Білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2015. [Электрон. ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118> (қарау күні: 10.11. 2024 ж).
8. Human Rights Watch. On the Margins: Education for children with disabilities in Kazakhstan. 2019. November 14, 2024
9. Экономика министрлігі. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика және статистика министрлігі. 2016. [Электрон. ресурс] URL: <https://bala.stat.gov.kz/> (Дата обращения: 10.11. 2024 ж).
10. Burrudge R. 2019. Psychological support for inclusive education in higher education. Journal of education support. 25(1), 22-39.
11. Gibson, J., D Andrea, M. (2018). Supporting students with disabilities: best practices in higher education. Higher Education Review, 42(3), 55-70.
12. King, J. (2020). Teaching inclusively: The role of higher education facility in supporting mental health. Journal of education and psychology, 37(2), 89-102.
13. Ботвинникова, М. В. Психолого-педагогическая поддержка студентов с ОВЗ в вузах России. М.: Научный мир. 2018.
14. Frye, E. (2019). Social integration of students with disabilities in higher education. Educational Research and Development, 23(4), 45-56.
15. Kyzym, N. (2020). Inclusive education in Kazakhstan: Challenges and opportunities. Journal of Inclusive Education, 12(1), 19-30.

REFERENCES:

1. Qazaqstan Ükimetі (E-gov). Qazaqstandaғы inklüzivті bılım. [Government of Kazakhstan (E-gov). Inclusive education in Kazakhstan]. 2017. [Electronic. resource] URL: <https://informburo.kz/cards/inklyuzivnoe-obrazovanie-kak-v-kazahstane-uchat-detey-s-osobymi-obrazovatelnyimi-potrebnostyami.html> (Date of access: 10.11. 2024).

2. QR Bılım beru Zańy, [Education Law of the Republic of Kazakhstan], 2007. [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118> (Date of access: 10.11. 2024).
3. OECD Vysshee obrazovanie v Kazahstane, [Higher education in Kazakhstan] Parizh, Francija, 2017
4. Pedagogicheskie sistemy obuchenija i vospitanija detej s otklonenijami v razvitii [Pedagogical systems of education and upbringing of children with developmental disabilities]. — M.: izd-vo «AST, Astrel'», 2008. — 222 s.
5. Birikken Ŭlttar Ŭiymynyń Bas Asambleiasy (BŬŬ AA). Műgedekterdiń qűqyqtary turaly Konvensia [General Assembly of the United Nations (UN AA). Convention on the rights of persons with disabilities]. 2006. [Electronic resource] URL: <https://www.un.org/development/desa/disabilities/convention-on-the-rights-of-persons-with-disabilities/convention-on-the-rights-of-persons-with-disabilities-2.html> (Access date: 10.11. 2024).
6. Qazaqstan Respublikasy Bılım jăne ğylym ministrlıgı (BĜM). Bılım berudı damytudyń 2011-2020 jyldarĝa arnalĝan memlekettik baĝdarlamasy. [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (MES). The State Education Development Program for 2011-2020]. 2010. [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118> (Date of access: 10.11. 2024).
7. Qazaqstan Respublikasy Bılım jăne ğylym ministrlıgı (BĜM). Bılım berudı damytudyń 2016-2019 jyldarĝa arnalĝan memlekettik baĝdarlamasy. [Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (MES). The State Education Development Program for 2016-2019]. 2015. [Electronic resource] URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118> (Date of access: 10.11. 2024).
8. Human Rights Watch. On the Margins: Education for children with disabilities in Kazakhstan. 2019. November 14, 2024
9. Ekonomika ministrlıgı. Qazaqstan Respublikasy Ŭlttyq ekonomika jăne statistika ministrlıgı. [Ministry of Economy. Ministry of National Economy and Statistics of the Republic of Kazakhstan]. 2016. [Electronic resource] URL: <https://bala.stat.gov.kz/> (Date of access: 10.11. 2024).
10. Burrudge, R. 2019. Psychological support for inclusive education in higher education. Journal of educational support. 25(1), 22-39.
11. Gibson, J., Andrea, M. (2018). Supporting students with disabilities: best practices in higher education. Higher Education Review, 42(3), 55-70.
12. King, J. (2020). Teaching inclusively: The role of higher education faculty in supporting mental health. Journal of education and psychology, 37(2), 89-102.
13. Botvinnikova, M. V. Psihologo-pedagogicheskaja podderzhka studentov s OVZ v vuzah Rossii. [Psychological and pedagogical support of students with OVZ in Russian universities]. M.: Nauchnyj mir.2018.
14. Frye, E. (2019). Social integration of students with disabilities in higher education. Educational Research and Development, 23(4), 45-56.
15. Kyzym, N. (2020). Inclusive education in Kazakhstan: Challenges and opportunities. Journal of Inclusive Education, 12(1), 19-30.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА

Джанисенова А.М.¹, Шарипова А.Б.¹, Оразбекова А.К.^{2*}, Темиргалиев Б.Е.²

¹Университет Есенова, г.Актау, Казахстан

e-mail: aliya.janissenova@yu.edu.kz, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz,

²Казахско-немецкий университет устойчивой инженерии, г.Актау, Казахстан

e-mail: aknur.orazbekova@yu.edu.kz, e-mail: Bakyt.Temirgaliyev@ncoc.kz

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы развития и психологической и социальной поддержки системы инклюзивного образования в высших учебных заведениях Казахстана. После обретения независимости в стране было проведено несколько реформ в системе образования и заложены правовые и институциональные основы инклюзивного образования. Однако, несмотря на законодательные достижения, существует множество проблем с эффективным внедрением инклюзивных практик в систему образования. В статье проанализирована важность психологической и социальной поддержки студентов с ограниченными возможностями, их влияние на академическое и личностное развитие. Кроме того, обсуждалась роль педагогов в создании инклюзивной среды, инфраструктурные и кадровые проблемы образовательных учреждений, а также необходимость разработки специальных программ и услуг. В данной статье мы нацелены на изучение системы психологической и социальной поддержки инклюзивного образования в вузах Казахстана. Проанализированы реформы, проводимые в Казахстане для инклюзивного образования, в том числе пути создания условий для студентов с инвалидностью и особыми образовательными потребностями, а также рассмотрены важность психологической и социальной поддержки в образовательных учреждениях, ее влияние на академическое и личностное развитие студентов, а также пути совершенствования системы инклюзивного образования.

В данной статье широко рассматриваются вопросы развития системы инклюзивного образования в высших учебных заведениях Казахстана и ее психологической и социальной поддержки. После обретения Казахстаном независимости были проведены масштабные реформы в сфере образования, заложены правовые и институциональные основы инклюзивного образования. Эти изменения были направлены на создание равных возможностей для студентов с особыми образовательными потребностями. Однако, несмотря на законодательные достижения, по-прежнему существует ряд препятствий для эффективного внедрения инклюзивных практик в систему образования. Эти барьеры вызваны недостаточной инфраструктурной и кадровой обеспеченностью образовательных учреждений, а также отсутствием специальных программ и услуг.

В статье подчеркивается важность психологической и социальной поддержки студентов с особыми образовательными потребностями. Такая поддержка положительно скажется на их академической успеваемости, личностном развитии, адаптации к обществу и повышении качества жизни. Вместе с тем, обсуждалась роль педагогов в создании инклюзивной образовательной среды, рассматривалась важность повышения их квалификации. Особое внимание было уделено разработке специальных программ и услуг в образовательных учреждениях, а также внедрению современной инфраструктуры и технологий.

Для совершенствования системы инклюзивного образования рекомендовано развитие скоординированной государственной политики, постоянная переподготовка педагогов, реализация мер поддержки, учитывающих особые потребности каждого студента, а также укрепление материально-технической базы образовательных учреждений. В заключительном разделе подчеркивается, что развитие инклюзивного образования является важным шагом не только к совершенствованию сферы образования, но и к продвижению принципов равенства, разнообразия и справедливости.

Ключевые слова: система инклюзивного образования, психосоциальная поддержка, доступность, возможности для учащихся с ограниченными возможностями, повышение квалификации учителей, академическая успеваемость, личностное развитие, инфраструктурные ограничения, равенство, разнообразие, социальная инклюзия.

PSYCHOLOGICAL AND SOCIAL SUPPORT FOR INCLUSIVE EDUCATION IN UNIVERSITIES OF KAZAKHSTAN

Janissenova A.M.¹, Sharipova A.B.¹, Orazbekova A.K.^{2*}, Temirgaliyev B.E.²

¹Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: aliya.janissenova@yu.edu.kz, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz,

²Kazakh-German University of Sustainable Engineering, Aktau, Kazakhstan

e-mail: aknur.orazbekova@yu.edu.kz, e-mail: Bakyt.Temirgaliyev@ncoc.kz

Abstract. This article examines the issues of development and psychological and social support of the inclusive education system in higher educational institutions of Kazakhstan. Since independence, the country has carried out several reforms in the education system and laid the legal and institutional foundations for inclusive education. However, despite legislative achievements, there are many problems with the effective implementation of inclusive practices in the education system. The article analyzes the importance of psychological and social support for students with disabilities, their impact on academic and personal development. In addition, the role of teachers in creating an inclusive environment, infrastructural and personnel problems of educational institutions, as well as the need to develop special programs and services were discussed. In this article, we aim to study the system of psychological and social support for inclusive education in universities in Kazakhstan. The article analyzes the reforms carried out in Kazakhstan for inclusive education, including ways to create conditions for students with disabilities and special educational needs, and also considers the importance of psychological and social support in educational institutions, its impact on the academic and personal development of students, as well as ways to improve the inclusive education system.

This article extensively examines the issues of the development of the inclusive education system in higher educational institutions of Kazakhstan and its psychological and social support. After Kazakhstan gained independence, large-scale reforms were carried out in the field of education, the legal and institutional foundations of inclusive education were laid. These changes were aimed at creating equal opportunities for students with special educational needs. However, despite legislative achievements, there are still a number of obstacles to the effective implementation of inclusive practices in the education system. These barriers are caused by insufficient infrastructure and staffing of educational institutions, as well as the lack of special programs and services.

The article emphasizes the importance of psychological and social support for students with special educational needs. Such support will have a positive impact on their academic performance, personal development, adaptation to society and improvement of the quality of life. At the same time, the role of teachers in creating an inclusive educational environment was discussed, and the importance of improving their skills was considered. Special attention was paid to the development of special programs and services in educational institutions, as well as the introduction of modern infrastructure and technologies.

To improve the inclusive education system, it is recommended to develop a coordinated state policy, constant retraining of teachers, implementation of support measures that take into account the special needs of each student, as well as strengthening the material and technical base of educational institutions. The final section emphasizes that the development of inclusive education is an important step not only to improve the field of education, but also to promote the principles of equality, diversity and justice.

Key words: inclusive education system, psychosocial support, accessibility, opportunities for students with disabilities, teacher training, academic performance, personal development, infrastructural constraints, equality, diversity, social inclusion.

ӘӨЖ 811.512.1
МРНТИ 16.21.07
DOI 10.56525/TZAR2070

ЖЕТІСУ ӨңІРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІ ТОПОНИМДЕРІ

*Нұрдәулетова Б. И.¹, Алиаскаров Д.²

¹Есенов университеті Ақтау, Қазақстан,
e-mail: nurdauletova@mail.ru

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: dumanaliaskarov@gmail.com

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы нысаналы-бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Аннотация. Қазіргі уақытта Қазақстан территориясындағы жер-су атауларының халықаралық келісімшарттарда, ресми құжаттарда, шетелдік бұқаралық ақпараттық құралдарда, ғаламторда қолданылу өрісі кеңейіп келеді. Еліміздегі күллі түркі халықтарына ортақ топонимдердің орфографиялық, орфоэпиялық жақтан дұрыс қалыптасуы тарихи атаулардың ғылыми интерпретациялануымен, басқа жазу жүйесінен сауатты транслитерациялануымен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Қытай және Шығыс елдерінің кітапхана, архив қорынан қарастырылатын материалдардың түркі халықтары интеграциясының тарихи-географиялық, тілдік негізі – жер-су атауларын зерттеу аса өзекті.

Орталық Азия топонимдерінің қазіргі құрамын және олардың өзге тілдер мен ескі жазу нұсқаларында кездесетін түрлерін анықтау үшін, тарихи мәліметтерге сүйеніп, қазақ тайпаларының ертедегі дәуірінен бастап қазіргі ұлт болып қалыптасуына дейінгі топонимдерімен байланыстыра зерттеудің айрықша маңызы бар. Орталық Азия өңірінде әр-дәуірлерде қандай ру-тайпалар өмір сүрген, олар қандай тілде сөйлеген, қандай дін ұстанған, көршілерімен қандай қарым-қатынаста болған т.б. мәселелер бәрі жан-жақтылы қаратырылуы қажет. Тілдік және тарихи деректер, археологиялық қазбалар ежелгі ғұндар мен сақтардың қазіргі түрік тілдес халықтармен, оның ішінде қазақтармен мәдени ғана емес терең туыстық қатынас ұқсастықтар бар екенін дәлелдеді. Топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда сақтар мен ғұндардың, көне түркі ру-тайпаларының өмір сүрген барлық аумақ қамтылуы тиіс. Орталық Азия мен Моңғолия, Ресейдің оңтүстігі мен Сібір жері, Қытайдың Шыңжаң өңірі, барлығы қамтылады. Аталған өңірлерде сақталған түркілік топонимдер соның дәлелі.

Мақалада Қазақстан мен Қытай трансшекарасындағы көне түркі топонимдері, олардың тарихи-этимологиялық сипаты, географиялық орналасуы, бұрынғы және қазіргі транскрипциялануы талданады. Мақаланың зерттеу деректері ретінде 2024 жылғы Қазақстан және Қытай трансшекарасына жүргізілген далалық ғылыми экспедицияның материалдары пайдаланылды.

Түйін сөздер: Түркі топонимдері; Жетісу облысы; трансшекаралық аймақ; қытай деректері; топонимикалық қабаттар; Қашқари картасы; ежелгі ғұндар мен сақтар; «26 тарихы»; түркі өркениеті.

Кіріспе. Трансшекаралық аумақтағы, оның ішінде Қазақстан мен Қытай жерлерінің тоғысқан аймағындағы түркілік топонимдерді зерттеудің маңыздылығы қашан да зор. Әсіресе Жетісу жеріндегі жер-су атаулары мен оның тарихи түп-тамырлары туралы ізденістер тіл білімі саласының күн тәртібінен түспейді, өйткені мұндай зерттеулер Орталық Азия халықтарының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі мәдени және тарихи байланыстарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Топонимия, тіл мен мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде,

аймақты мекендеген халықтардың тарихы мен рухани мұрасын көрсетеді. Атап айтқанда, ежелгі топонимдер көші-қон процестерін, халықтар арасындағы өзара ықпалдастықты, сондай-ақ тіл мен мәдени дәстүрлердің әртүрлі тарихи кезеңдерде өзгеруін бағамдауға септігін тигізеді.

Бұдан бөлек, мұндай зерттеулер Орталық Азиядағы әр түрлі өркениеттер мен халықтар арасындағы көне байланыстарды түсінуде үлкен рөл атқарады. Топонимдер – халықтың ұзақ ғасырлар бойы сақталған тұрақты мәдени элементтерін анықтауда маңызды дереккөз екенін ескерер болсақ, трансшекаралық аймақтар жер-су атауларының зерделенуі халқымыздың тарихи байланыстарын ашып қана қоймай, ендігі интеграция жайына оң ықпал етеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жоғарыда көрсетілген маңызды себептерді ескере отырып, Қазақстан мен Қытай трансшекарасы аумағындағы көне түркілік топонимдерді зерделеу міндеті жолға қойылған. Зерттеу жұмысының нәтижесіне жету жолында тарихи-географиялық, тарихи-салыстырмалы, тілдік анализ, топонимикалық және этимологиялық талдаулар жасалды. Сонымен қатар экспедиция материалдары пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

2024 жылы 20 қазан мен 3 қараша күндері Қазақстан мен Қытай трансшекарасындағы түркі топонимдері орналасқан аймақтарға далалық экспедиция ұйымдастырылып, Қазақстан мен Қытай трансшекарасындағы аймақтар қатарына жататын Жетісу облысының Кербұлақ ауданы мен Панфилов ауданы территориясындағы Найзатапқан, Қойтас, Қарақол, Науа, Шамшы, Тасқашар, Сығырылған, Баркөрнеу, Китін, Доланқара, Қоңырөлең, Қарамола су, Бөрібайби, Басши, Тастыбастау, Байғазы, Қарымсақ, Қаспан, Байғазы өзені, Майтөбе өзені, Төгерек, Жаманның сайы, Аламанның асуы, Күреңбел, Қоянкөз, Жайнақбатыр, Қоңырөлең, Жаркент, Тышқан, Ақкент, Ілебалық т.б. көне түркі топонимдері зерттелді.

Орталық Азия топонимдерінің қазіргі құрамын және олардың өзге тілдер мен ескі жазу нұсқаларында кездесетін түрлерін анықтау үшін, тарихи мәліметтерге сүйеніп, қазақ тайпаларының ертедегі дәуірінен бастап қазіргі ұлт болып қалыптасуына дейінгі топонимдерімен байланыстыра зерттеудің айрықша маңызы бар. Орталық Азия өңірінде әр-дәуірлерде қандай ру-тайпалар өмір сүрген, олар қандай тілде сөйлеген, қандай дін ұстанған, көршілерімен қандай қарым-қатынаста болған т.б. мәселелер бәрі жан-жақтылы қаратырылуы қажет. Тілдік және тарихи деректер, археологиялық қазбалар ежелгі ғұндар мен сақтардың қазіргі түрік тілдес халықтармен, оның ішінде қазақтармен мәдени ғана емес терең туыстық қатынас ұқсастықтар бар екенін дәлелдеді. Топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда сақтар мен ғұндардың, көне түркі ру-тайпаларының өмір сүрген барлық аумақ қамтылуы тиіс. Орталық Азия мен Моңғолия, Ресейдің оңтүстігі мен Сібір жері, Қытайдың Шыңжаң өңірі – барлығы қамтылады. Аталған өңірлерде сақталған түркілік топонимдер соның дәлелі.

Түрлі тарихи жағдайларға байланысты бұл өңірлерде өзге тілде қойылған топонимдерде пайда болғаны шындық. Басым бөлігі ең ежелгі түркілік болуына қарамастан онда араб, моңғол, маньчжур, қытай, орыс тілдерінде қойылған топонимдер кездесіп жатады. Зерделеп қарағанда, топонимдерде кездесетін тілдік қабаттардың ішінде орыс және қытай тілдері негізіндегі топонимикалық қабат - «ең үстіңгі қабат» екені белгілі болып отыр.

Түркілік топонимдердің хатқа түскен ең ежелгі нұсқалары қытай тарихнамаларында кездеседі. Алды біздің эрамызға дейінгі дәуірлерде өмір сүрген ежелгі ғұндар, үйсіндер т.б ру-тайпалардың қонысы жайлы деректер, онан кейінгі 7-8 ғасырлардағы көне түркілерлердің территориясы жайлы мол мағлұматтар зерттеушілер назарын аударып келеді. Қытай ғалымдарымен бірге бұл салада Жапон ғалымдары көптеген зерттеулер жасады. Қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркілік сөздерді реконструкциялау бүгінге дейін толық шешімін таппай келе жатқан күрделі тақырыптардың бірі. Қытайдың «26 тарихындағы» Орталық Азия мен түркілерге қатысты жылнама-шежірелер бірнеше ғасыр бойы әлем түркологтарының назарын өзіне аударып келеді.


VII ғасырдан бастап Қазақстан аумағын зерттеуде мұсылман елдерінен шыққан ғалымдар көрнекі рөл атқара бастайды. Олар өз саяхаттарының жазба ескерткіштері және сұрастырып білгендерінің негізінде жалпы географиялық деректер қалыптастырған. Қазақстанды географиялық тұрғыдан зерттеу тарихы үшін араб географтары Ибн Хордадбехтің, Макдисидің, Ибн Хаукальдің, Ибн Рустенің, әл-Истахридің, әл-Масудидің, әл-Идри сидің және басқа ғұламалардың еңбектерінің маңызы айрықша зор [1, 31].

Ерте ортағасырлық дәуірде (7-8 ғғ.) Түрік қағанаты бөлінгеннен кейін Жетісудың аумағын арабтар да, қытайлар да басып алмай, түрік халықтарының қолында қалды. Сондықтан Орта Азиядағы басқа аймақтарға қарағанда мұнда түркі атаулары көбірек сақталған. "Халлух елінің қақпасы" деп аталатын Жетісу қалалары сауда орталықтары болды, Жетісу қалаларында түркілер, соғдылар және мұсылман көпестері бірге өмір сүрді [1, 12].

Отандық зерттеушілер Г. Алиаскаров пен Е. Еспенбет Жетісуға бүкіл түркі әлемінің бесігі тұрғысынан қарауды ұсынады. Олардың болжамы бойынша қазіргі түркі өркениетінің тамырын дәл Жетісудан іздеу керек. Мұны жаңа гипотеза ретінде негіздейді.

Географиялық тұрғыдан алып қарағанда Махмұд Қашғаридың қолжазба күйінде сақталған «Дөңгелек картасы» өте көңіл аударарлық (1-сурет).

Бұл картаны К. Миллер, А. Герман, И.И. Умняков, И.Ю. Крачковский, Ш.Д. Алиев, Х.Х. Хасанов және басқалары зерттеген. Зерттеушілердің бәрінің ойы бір жерден шығады. Махмұд Қашғари картасының жасалуы өте соны әрі оқшау да, идеясы батыл: картаның дәл ортасында Меккенің орнына (әдетте араб географтары солай жасаған) Қашқария мен Жетісу және Баласағұн қаласы алынған. Бұл картаның өзіне тән мынадай ерекшеліктері бар: қалалар мен елдердің Ыстықкөл айналасына шоғырлануы, ерекше бағдарлауы (жоғары қарай – шығыс, төменде – батыс) көне түрік жазбаларына ұқсас болуы, қалалардың бестік болып шоғырлануы және т.б.



Сурет 1 - М. Қашқаридың дөңгелек картасы

Қашғари картасында Орта Азия екі бөлікке бөлінген: таулы және жазықтық. Олардың шекараларында Баласағұн қаласы – Қараханидтер мемлекетінің саяси және мәдени астанасы орналасқан. Картаның кейбір кемшіліктеріне қарамастан, И.И. Умняков, Ә.С. Бейсенова сияқты ғалымдар картаны XI ғасырда Орталық және Орта Азияда жасалған түріктің ірі картографиялық ескерткіші деп бағалаған [1].

В. Бартольд Махмұд Қашғариді «Кітаби деректерге сүйенбей, сол елде өзі көріп білген нақты оқиғалар негізінде жазған Орта Азиядағы бірден-бір араб авторы» деп атаған [2]. Қашғари сөздігінде көптеген мемлекеттердің, қалалардың, таулардың, көлдер мен өзендердің атаулары беріледі және оларға этимологиялық түсініктер жазып, жер-су аттарын тарихи әрі географиялық тұрғыдан сипаттаған.

Қазақстан мен Қытай арасындағы трансшекаралық Жетісу облысында түркі тілдес жер атаулары көптеп кездеседі. Бұл аймақ тарихи тұрғыда түркі халықтары үшін маңызды орын болған және жер атаулары көбінесе табиғатпен, географиялық ерекшеліктермен байланысты болып келеді. Қазақ даласын зерттеген ертедегі қытай ғалымдары Сыма Цянь, Чжан Цянь және Гао Син 13-15 ғасырлар аралығында, яғни, Алтын Орда мен Шыңғыс хан империясының ықпалы кезінде қазақ даласындағы жер-су атауларын зерттеп олар туралы жазбаларын қалдырды. Бұл кезеңде Қытай мен Қазақстан арасындағы саяси, мәдени және сауда қатынастары қарқынды болды, әсіресе Шыңғыс ханның ұрпақтары билік жүргізген уақытта халықаралық байланыс нығайды. Чжуан Чжун, Ли Жун, Хуэй Чжэнь, Сун Юй және басқа ғалымдар 13-14 ғасырларда Жетісу, Іле және Талас сияқты өңірлер туралы жазды. Бұл ғалымдар жергілікті табиғи жағдайларды сипаттап, түркі және монғол халықтарының өмір салты мен мәдениетін терең зерттеді. Осы тарихи кезеңдегі жер атауларынан: Алтай, Турфан, Үш Турфан, Тарым, Такла-Макан, Жаркент, Қара шахар, Куча, Ақсу, Қызылсу, Қашқар, Іле өзені, Талас өзені, Алтай тауы, Жаркент, Сайран, Алмалы, Түргенкент, Алакөл, Құлжа және Ақкент сынды атаулар бар.

Қазақстан мен Қытай трансшекаралық аймағындағы Жетісу облысының Кербұлақ және Панфилов аудандары түркі топонимдерінің көптеп сақталған жері болып табылады. Сондықтан, аталған аймаққа арнайы экспедиция жасалды. Зерттеу көрсеткендей, Жетісу облысындағы Чилик ауданының атауы түркі тіліндегі «піл сүйегі» немесе «ақ металл» деген сөзден шыққандығы анықталды. Ал, Жетісу облысы арқылы ағып өтетін «Іле» өзенінің атауы түркі тіліндегі «бақытты» немесе «қуанышты» деген сөзінен алынған. Сондай-ақ, Жетісу облысында орналасқан Есік көлі түркі тілінде «жылы» деген сөздің атымен аталған.

«Жетісу» топонимі - түркілердің аймаққа келуінің алғашқы жылдарынан бастап пайда болған нағыз түркі тектес атау. Алайда, түркілердің осы аумақта ғасырлар бойы болғанына қарамастан, Жетісу туралы алғашқы жазбаша дереккөздер 1820 жылы орыс бароны Е. Мейендорфтың есебінде ғана пайда болды. Осы уақытқа дейін Жетісу топонимі Шу мен Талас алқабын айналып өткен VII ғасырдағы қытай саяхатшысы Сюань Цзянның күнделіктерінде де, XI ғасырдағы Қарахани ғалымы Махмұд Қашғаридің кітаптарында да, XVI ғасырдағы Хайдар Дулатидің Тарихи еңбектерінде де, Сібірдің сурет кітабында да Семен Ремезовтың жазбаларында да, Швед Густав Ренатаның жоңғарда тұтқында болған карталарда да айтылмаған.

«Жетісу» – «Жеті өзен аңғары» деген түсіндірулер бар. Сонымен бірге, өлкенің отарлау кезеңіндегі осы жеті өзеннің сансыз тізімдері бар. Бұл «Жеті өзен» туралы әр уақытта этнограф Гейнс, географ Шренка, геолог Влангали, офицер Уәлиханов, тарихшы Бартольд және басқалар айтты, бірақ олардың ешқайсысы аңғардың атауы болған жеті өзеннің нақты тізімін ұсынбады.

Панфилов ауданы – Жетісу облысының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. 1923-42 жылдары Жаркент ауданы, 1942 жылдан 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі И.В. Панфилов есімімен аталады. 1956 жылы ауданға Октябрь ауданы (орталығы Көктал ауылы) қосылды. Орталығы — Жаркент қаласы.

Аудан солтүстік және батыс жағында Кербұлақ ауданымен, шығысында Қытаймен (ҚХР) және оңтүстігінде Іле өзені арқылы Ұйғыр ауданымен шектеседі. Солтүстік-батысында Жетісу (Жоңғар) Алатауының Тоқсанбай, Бежінтау, солтүстік-батысында Қатутау, Қояндытау жоталарымен шектелген. Ауданның ең биік жері — Мұзтау тауы (4370 м). Оңтүстік-шығыста аласа таулы Ақтау тауы (883 м) жайласқан. Мұнда палеоген кезеңінде (шамамен бұдан 50 млн. жыл бұрын) тіршілік еткен жануарлардың сүйектері сақталған Ақтау палеонтологиялық қазба орны бар. Аудан аумағына Алтынемел ұлттық паркінің қиыр шығыс бөлігі кіреді (40 мың га).

Жер қойнауында полиметалл кентастары (Үлкен Өсек), көмір (Тыңқы), алтын, күміс (Шығыс Қат, Сорқара, Сенім) және Жаркент артезиан алабында термальды су көздері бар.

Жаркент қаласы – Жетісу облысы Панфилов ауданының орталығы (1928 жылдан).

Ш.Уәлиханов 1856 жылы «Шығыс Түркістанға саяхат күнделігі» атты еңбегінде, қазіргі Жаркент өңірінде болған кезін суреттей келе, «Үсек өзенінің жағасында аялдауға лаж болмады. Шынында да айналасында құм мен тас, тым болмаса бір шөп болса, үй тіккендей таза орынның өзін төңіректі барлап, қанша іздесек те таба алмадық» [3, 195], — деп жазған. Шоқан өткен осы жерде 1882 жылы Жаркенттің іргесі қаланып, 1891 жылы қала болды. Бастапқыда, негізінен, ұсақ қолөнершілер мен сауда-саттық қаласы болған, 1928 жылдан аудан орталығы. Осы кезде жаңа кәсіпорындар ашылып, құрылыстар салына бастады. Қала 1942 — 1992 жылы аралығында Кеңес Одағының батыры И.В.Панфиловтың есімімен аталды.

Облыс орталығы — Талдықорған қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 289 км, Алматы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 331 км жерде, Іле өзені аңғарында, Жетісу (Жоңғар) Алатауынан бастау алатын Үсек (Өсек) өзенінің сол жағалауындағы бұта, шіліктал аралас бетеге, сұлыбас, сарсазан, т.б. әр түрлі астық тұқымдасты шөптер өскен қоңыр, шалғын топырақты жазықта орналасқан.

Экспедиция барысында Ілебалық, Тышқан, Ақкент, Түргенкент т.б. ортағасырлық қалалардың орнына фото-видео фиксация жасалып, жергілікті информаторлардан сұхбат алынды.

Ілебалық. Жетісу облысының Жаркент өңіріндегі Іле өзенінің өткелдері тұсында ежелгі сауда керуендері аялдап, аяқ суытар бекеттері көптеп кездеседі. Ондай ежелгі қалалардың бірі Ілебалық туралы зерттеуші Карл Байпақов «Қаланың қайда орналасқаны анықталмаған, алайда кейінгі уақытта Іле өзенінің оң жағалауына жүргізілген зерттеулер аталмыш қаланы Жаркентке жақын жердегі Көктал ауылы маңындағы ортағасырлық қалашықпен бір екенін анықтауға негіз береді. Қала XI-XIV ғасырларда өмір сүрген» [4, 309] деп дерек береді.

Осы өлкенің тумасы, өлкетанушы, тарихшы «Тарихи толғаулар және Жаркент өңірі» кітабының авторы Қали Ибрайымжановтың көрсетуінше, өзен бойын жағалай 500 га жерді алып жатқан ортағасырлық қала орны 2016 жылғы археологиялық қазба жұмысы нәтижелеріне жүргізілген зерттеу негізінде анықталған. Ілебалық – Моғолстан мемлекетінің бас қаласы – Алмалыққа таяу орналасқан ірі сауда орталығының бірі. Қазба жұмысы кезінде Ілебалықтың қиранды жұртынын X-XIV ғасырларға жататын шикі және күйдірілген кірпіштер, хумдар, диірмен тасы, қыш құмыра сынықтары, 400-дей Қараханид заманының теңгелері, әйелдерге арналған 5 сақина табылды. Бір қызығы, 2 сақина таза күмістен, 2 сақина қымбат коралл тастарынан жасалған. Зерттеушілер қымбат коралл тастар Үндістаннан әкелінуі мүмкін деген жорамал айтады. Сондай-ақ, Еуразияның әйгілі теңге сарайларында соғылған соншама теңгелер көмбесінің табылуы – сонай алыс замандарда халықаралық сауданың қызу жүріп, жан-жақты көлемде дамығанын танытса керек. Мәселен, Іленің арғы бетінде Талхирдың (қазіргі Талғар қаласы) X-XIII ғасырларда Иран, Қытай, Орта Азия және Үндістан, Жапониямен халықаралық сауда байланыстар жасағанын археологиялық зерттеу нәтижелері дәлелдеп отыр. Олай болса, осы аймақты басып өтетін асыл бұйымдар мен қымбат тауарлар тиеген сауда керуендерінің өз дәуірінде дүрілдеп тұрған әйгілі қала – Ілебалыққа соқпай өтуі мүмкін емес!

Ал сақиналарда бедерленген үшқұлақты гүлдер орнаменті б.з. III ғасырына тән өнер түрі дейді зерттеуші Қали Ибрайымжанов. Ілебалық қаласының қиранды жұртынан табылған тағы бір ғылыми олжамыз – ерте заманғы ақсүйек әйелдің қабірінің табылуы. Басы батысқа, аяғы шығысқа қарата қойылған әйел мәйітінің басында сәукелеге ұқсаса бокка аталатын баскиімі болған. Металл цилиндр тәрізді әйел баскиімінің биіктігі 50 см., қызыл түсті матамен қапталған. Басқы бетінде ақ түсті моншақтармен және өте ұсақ әйнек түйіршіктерімен көмкерілген әдемі өрнегі бар. Ол өрнектің қандай мағына беретіндігі, қай мәдениетті бейнелейтіні әзірге белгісіз.

Әйел қабірінің айналасы толған ересек адамдар мен сәбилердің мәйіттері. Осы ақсүйек әйел қабірі жатқан жер деңгейінен табылған теңгелерде 1287 ж. Таразда соғылғандығы туралы жазу бар.

Қорыта айтқанда Ілебалық – Іле бойындағы қала – ортағасырлардағы сауда орталығының бірі болған, Ұлы Жібек жолында орналасқан, қайнаған тіршілік ордасы, түркілердің мәдениет, өнер, діни таным ошағы болғаны сөзсіз.

Бұл өңірдегі түркілердің түп тарихына бастайтын көне топонимнің бірі – **Өсек** өзенінің атауы. Өзеннің негізгі атауы – Үсек болу керек деген пікірлер бар. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының 4-ұрпағы Тоқайтемірден тарайтын Әбусағид түркі жұртына әз-Жәнібек аталып еді.

Әз-Жәнібектің 9 баласының бірі – Үсек сұлтан – атақты Қасым ханның тумаласы. Зерттеуші М.Солонтаевтың пайымдауынша, Түркістан мен Қашқардың ортасындағы Жетісу жері осы әулеттің иелігінде болды, Үсек сұлтан осы өзеннің бойындағы жайлаулардың бірінде дүниеге келген болуы мүмкін. Шығай ханның ұлы Ондан сұлтанның әйелі туралы академик Әлкей Марғұлан келтірген деректерде: «Хатыны Алтын ханым – Үсекұлы Болат сұлтанның қызы еді...» дейді. Үсек сұлтанның тікелей ұрпағы – Кіші жүздің ханы – Әбілқайыр хан.

Шоқан Уәлихановтың Құлжа сапарының күнделігінде Үсек өзені бірнеше жерде аталып, картаға Үсек түрінде түсірілген. Зерттеушілер «Үс» - су, «ек» - ана деген мағынаны білдіреді, олай болса өзеннің атауы «су анасы» деген ұғымнан шыққан болуы мүмкін деген де болжам айтады.

Әрине, өзеннің атауы біздің қазіргі түсінігіміздегі «өсек» сөзіне еш қатысы жоқ екені түсінікті. Біздің ойымызша, өзеннің атауы «өзек» сөзінен шығуы да мүмкін. Топонимтану ғылымының заңдылығы бойынша, өзен, бұлақ, тау, құм, сай сияқты табиғат құбылыстарының басқа түсінікпен байланыспай, тікелей аталуы ол топонимнің өте ежелгі және алғашқы екенін көрсетеді. Өзек сөзі орыс картасына Узяк, Усяк тұлғасымен түсіріліп, кейін ауызша Өсек сөзіне айналып кетуі бек мүмкін.

Осы өңірде **Тышқан** топонимі бірнеше рет кездеседі. Қазір Тышқан өзені бар, сол өзеннің бойынша ортағасырлық Тышқан қаласының орны жатыр. Жетісу Алатауының асқаралы ақ қар басқан оңтүстік сілемдері Тышқантау аталады.

Жаркент өңіріндегі ортағасырлық ежелгі қалалардың бірі – **Түргенкент**. Қала әрі сауда орталығы, кереуенсарай тұрған орын әрі жаудан қорғанатын қорған қызметін де атқарған сыңайлы. Қаланың сырты айнала сары топырақпен соқпа арқылы соқылған, қалыңдығы 2,5 м., биіктігі 3-4,5 м. дуалмен қоршалған. Дуал сыртында ені 6 м болатын ор қазылған. Ор мен дуалдың арасында 10 м бос аралық бар. Қорғанның оңтүстік батыс жағы ашық алаңқайлы, бірақ, бір ерекшелігі, ұзындығы 60-70-80 м, ені 30-36 м болатын ұзынша тамдар осы бөлегінде орналасқан. Қазылған шұңқырлардан байқалғандай, қамалдың солтүстік шығыс жағынан 50-70 м тереңдікте 3-5 см күл қабаты бар. Соған қарағанда, бұл қорған өмір сүруін тоқтатар алдында жермен жексен болып өртелген сияқты. Қамалдың қираған орнынан өткен дәуірдің белгісі болып, бізге жеткен қыш құмыралардың, шойын, темір, шыны ыдыстардың сынықтары көптеп кездеседі.

Алмалық - Орта Азиядан Қытайға баратын керуендер жүретін жолдағы маңызды жерлердің бірі, Хоргос маңайында болған қала (Құлжа қаласының маңайында). XIII-XIV ғғ. шығыс Шағатайлықтар-дың бас ордасы болған, онда негізгі қоғамдық және діни ғимараттар болған (мешіттер және Шағатайлықтардың мазарлары). Алмалық XV ғ. соңында күйреген. Хонакай - Жетісудағы ежелгі қала [5, 79-81].

Қайнак - (Рубрук бойынша Саилас - Кайлак) - VIII-XIII ғғ. Қаратал өзені жазықтығында Қарлұқ хандығының орталығы болған ежелгі қала. Оның қирандысы Дүнгене атымен Талды-Қорған қала-сының маңайында [6, 82-84]

Алмату - Іле Алатауының етегіндегі ежелгі қала, 1854 ж. оның орнында Верный қамалы тұрғызылған [7].

Қорытынды

Байырғы түркілер мекен еткен, Үйсін мемлекетінің негізі қаланған Жетісу аймағындағы Жаркент, Ақкент, Түргенкент, Ілебалық, Тышқан, Жыңғыл, Дөңгене, Қарақол, Науа, Алмалы, Қайнақ т.б. қала, кент, қыстақ, қамал, керуен сарай, тау, бұлақ, өзен, құм атаулары түркі жұртының сонау көне дәуірінен хабар беретін түркінегізді топонимдер екені сөзсіз. Олар ежелгі замандардан бері осы жерлерді мекендеген халықтардың мәдениеті, өмір салты мен саяси құрылымы туралы ақпарат береді. Бұл аймақтардағы атаулардың көбі түркі тілдерінің дамуымен және олардың басқа тілдермен өзара байланысымен тікелей байланысты. Көне түркілік топонимдер арқылы ежелгі дәуірдегі географиялық шекараларды, сауда жолдарын және қоныс аудару бағыттарын анықтауға болады. Бұл, әсіресе, қытайлық және шығыс дереккөздерінде дәлдікпен жазылған карталар мен сипаттамалар негізінде маңызды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы: Оқулық. – Алматы: Б.И., 2014. – 540 бет.
2. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1998. – 194 стр.
3. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Орысшадан аударған Ипмағамбетов Ә. – Алматы: Жазушы, 1980. – 412 бет.
4. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: Аруна LTD, 2005. – 316 бет.
5. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. Сочинения, т. IV. – Москва: Наука, 1966.
6. Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. — Алматы: Ғылым, 1993; А.Н. Бернштам. Памятники старины Алма-Атинской области. «Известия АН КазССР», серия археологическая, вып. I, Алма-Ата, 1948.
7. В.Д. Городецкий. Остатки древнего поселения к югу от г. Алматы (бывш. Верный). – В.В. Бартольду туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927, с. 145-150; А.Н. Бернштам. Прошлое района Алма-Ата. Алма-Ата, 1948.

ДРЕВНИЕ ТЮРКСКИЕ ТОПОНИМЫ В ЖЕТЫСУ РЕГИОНЕ

***Б.И.Нұрдаулетова¹, Д. Алиаскаров²**

¹Университет Есенова, Актау, Казахстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
e-mail: dumanaliaskarov@gmail.com

Аннотация. В настоящее время сфера использования названий географических объектов на территории Казахстана расширяется в международных договорах, официальных документах, зарубежных средствах массовой информации и в интернете. Корректное орфографическое и орфоэпическое оформление топонимов, общих для всех тюркских народов, неразрывно связано с их научной интерпретацией и грамотной транслитерацией с других систем письма. В этом контексте изучение материалов, хранящихся в библиотеках и архивах Китая и стран Востока, представляет особую актуальность, поскольку они являются историко-географической и лингвистической основой интеграции тюркских народов через географические названия.

Для выявления современного состава топонимов Центральной Азии, а также их вариантов в других языках и старых письменных источниках, важно проводить исследования, основанные на исторических данных. Особое значение имеет изучение топонимической системы от ранних этапов существования казахских племен до их формирования в единую нацию. Следует учитывать, какие племена и роды обитали в Центральной Азии в разные исторические эпохи, на каких языках они говорили, какую религию исповедовали и каковы были их взаимоотношения с соседними народами. Лингвистические и исторические источники, а также археологические находки подтверждают не только культурное, но и глубокое родство древних гуннов и саков с современными тюркоязычными народами, в том числе с казахами. При историческом рассмотрении топонимов необходимо учитывать всю территорию, где проживали скифы, гунны и древнетюркские племена. В исследовании охватываются регионы Центральной Азии, Монголии, юга России, Сибири и Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая, где до наших дней сохранились тюркские топонимы.

В статье проводится анализ древнетюркских топонимов в приграничных районах Казахстана и Китая, их историко-этимологические характеристики, географическое расположение, а также изменения в их транскрипции в разные исторические периоды. В качестве исследовательского материала используются данные полевой научной экспедиции, проведенной в 2024 году на трансграничной территории Казахстана и Китая.

Ключевые слова: Тюркские топонимы; Жетысуйская область; трансграничная зона; китайские сведения; топонимические слои; карта Кашгари; древние гунны и саки; "26 истории"; тюркская цивилизация.

ANCIENT TURKIC TOPONYMS IN JETYSU REGION

***B.I. Nurdauletova¹, D. Aliaskarov²**

¹Yesenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: nurdauletova@mail.ru

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: dumanaliaskarov@gmail.com

Abstract. Currently, the scope of usage of geographical names in Kazakhstan is expanding in international treaties, official documents, foreign media, and the internet. The correct orthographic and orthoepic formalization of toponyms common to all Turkic peoples is closely linked to their scientific interpretation and accurate transliteration from different writing systems. In this context, studying materials stored in libraries and archives of China and Eastern countries is highly relevant, as they serve as the historical-geographical and linguistic foundation for the integration of Turkic peoples through place names.

To determine the current composition of Central Asian toponyms and their variations in different languages and old scripts, it is crucial to conduct research based on historical data. The study of the toponymic system from the early existence of Kazakh tribes to their formation as a nation is of particular importance. It is necessary to analyze which tribes inhabited Central Asia in different historical periods, what languages they spoke, what religions they followed, and their interactions with neighboring nations. Linguistic and historical sources, as well as archaeological findings, confirm not only cultural but also deep ancestral connections between ancient Huns, Saka, and modern Turkic-speaking peoples, including Kazakhs. When considering toponyms from a historical perspective, it is essential to encompass all regions where Scythians, Huns, and ancient Turkic tribes lived. This study includes areas of Central Asia, Mongolia, southern Russia, Siberia, and the Xinjiang region of China, where Turkic toponyms have been preserved to this day.

The article analyzes ancient Turkic toponyms in the border regions of Kazakhstan and China, exploring their historical and etymological characteristics, geographical locations, and transcription

changes over different historical periods. The study is based on data collected during a field scientific expedition conducted in 2024 in the Kazakhstan-China transboundary region.

Key words: Turkic toponyms; Zhetysu region; transboundary zone; Chinese information; toponymic layers; Kashgari map; ancient Huns and Saks; “26 history”; Turkic civilization.

ӘӨЖ 811.512.122 (075.8)
FTAXP 16.21.61
DOI 10.56525/YBGW4260

БАС/ ГОЛОВА/ HEAD КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

*А.С. Исакова¹, Н.Н. Зеркина², Ж.Б.Саткенова³

¹Есенов университеті, Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz

²Г.И. Носов ат. Магнитогорск мемлекеттік техникалық университеті,
Магнитогорск қ.,Ресей
e-mail: n.zerkina@magtu.ru

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: zhanar_03@mail.ru

Аңдатпа. «Бас» ұғымы қазақтың мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі, бұл оның рухани, әлеуметтік және философиялық мәнін көрсетеді: Мәселен, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» мақалы. Негізгі мағынасын адамның пікірін, ойын, сөзін айту құқығынан ешкім айыра алмайды. Еркін ойын айтуға тыйым сала алмайды деген мағынада айтылады. Бұл жердегі «бас» - адамның басы. Бас кесілу жазасы болса да тіл кесу жазасы жоқ деген мағынаны береді. Тағы да бір мақал «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». Бұл жердегі «бас» ол жан басы, адам деген ұғымды білдіреді. Яғни адам үйленбей не отау құрмай мал-мүлік басы жиналып болмайды деген мағынада айтылады.

«Бас» ұғымының символдық мәні де қаралық. Бастың Рухани және мифологиялық қырлары: “Бас” ұғымы қазақтың аңыз-әңгімелерінде рухани биліктің, даналықтың символы ретінде қарастырылады. Бас киімнің қасиеттілігі: бас киімге қатысты тыйымдар (бас киімді басқа адамға бермеу, жерге тастамау) – адамның абыройын, рухани тазалығын қорғайтын символ. Көшбасшылық пен ұлттың символы: Қазақ халқының дәстүрінде хан немесе көшбасшыны “елдің басы” деп атаған.

Түйін сөздер: фразеологизм, концепт, салғастырмалы лингвистика, бас, голова, head концептісі, лингвомәдениеттану.

Кіріспе. Көптеген ғылыми еңбектерді талқылау нәтижесінде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер туралы алғашқы еңбектердің 40-жылдардан кейін жарық көре бастағанын айқындадық. Қазақ фразеологиясының тіл ғылымының бір саласы ретінде қалыптасып, дамуы және зерттелуі академик І.Кеңесбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ғалымның қазақ фразеологиясы туралы зерттеулері «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» деген еңбегінде көрініс тапқан. Ол сонау 40-жылдардан кейін-ақ түркітануда фразеология, фразеологиялық тіркестер, табиғаты жөнінде ғылыми түсінік қалыптастырады. Оның көлемі зерттеулерінен соң, бірсыпыра түркі тілдес халықтар тіліндегі түрлі фразеологизмдерді талдап, даму бағытын саралау өзге ұлттардағы тілші ғалымдардың үлесіне тиді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. І.Кеңесбаевтың 1977 жылы «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің» шығуы тек қана қазақ тіліндегі үлкен жетістік қана емес, туыстас тілдер үшін де көш бастағанын атап кету керек.

І.Кеңесбаев фразеологияны тілді құрамды бөлшектерінен, тіл ярустарынан бөліп алмайды, тілдің сол бөлшектерінен түбірлі айырмасын, бас белгілерін анықтайды. Онда 10000 фразеологиялық тіркес қамтылған. Мұнда тұрақты тіркестер туралы маңызды теориялық негіздемелер берілген. Қазақ тілі білімінде І. Кеңесбаев фразеологизмдерді танып білудің басты үш белгісін атайды. Олар:

1) қолдану тиынақтылығы;

- 2) мағына тұтастығы;
- 3) тіркес тиянақтылығы.

Осы үш критерийді бір-бірінен бөліп алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана тұрақты тіркестердің ерекше белгілерін тани аламыз [1].

Тұрақты сөз тіркестерін зерттеуді кең және тар ұғымда түсінуде ғалымдар пікірі әр түрлі. Бірқатар зерттеушілер (І. Кеңесбаев, Ш. Рахматуллаев, Г. Байрамов, З. Ураксин) тұрақты сөз тіркестерін тар ұғымда түсінуді ұсынады. Кезінде академик І. Кеңесбаев қос сөздерді фразеологизмдер қатарына енгізген. Зерттеуші Ш. Рахматуллаев «фразеологияның бай материалдарын жан-жақты және терең оқып білгеннен кейін, тұрақты сөз тіркестерін, сірә, тар ұғымда түсінген дұрыс» деген пікір айтады. Дәл осы ойды А.А. Юлдашев та қолдап: «фразеологияның объектісін тар ұғымда түсінгенде «азды-көпті» зерттеу мақсаты айқындалып, оның ішінде бөлінбейтін лексикалық единицалар мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен қанатты сөздер тұрақты сөз тіркестеріне жатпайды» деп қуаттайды.

Когнитивтік лингвистика мен фразеологияның байланысы — бұл тіл мен ойлау, таным процестерінің өзара әрекеттесуін зерттейтін маңызды сала. Когнитивтік лингвистика ХХ ғасырдың екінші жартысында туындаған. Когнитивтік лингвистика — тілді ақпараттың бейнеленуі мен өзгертілуіне қатысатын, белгілер жүйесінің когнитивтік құралы және жалпы танымдық механизм ретінде негізге алатын лингвистикалық бағыт [2, 53 б.]. Когнитивтік лингвистика тіл мен ойлаудың тығыз байланысын қарастырады, ал фразеология тілдің тұрақты сөз тіркестері мен тіркестік бірліктерін зерттейді. Бұл екі саланың арасында тікелей байланыс бар, себебі фразеологизмдер адамның ойлау жүйесі мен әлемді қабылдау тәсілін көрсетеді, ал когнитивтік лингвистика бұл байланыстарды зерттейді.

Қазақстандағы фразеологиялық зерттеулерді мынадай бөлімдерге бөлуге болады:

- 1) салыстырмалы-тарихи фразеологиялық зерттеулер (І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Қалиев, Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, Копыленко М.М., т.б.)
- 2) салыстырмалы-салғастырмалы фразеологиялық зерттеулер (Мықтыбаева Т., Исабеков С. Е., Смағұлова Г.Н., Оспанова Ф.А., Арғынғазина Ш.Б. т.б.)
- 3) этнолингвистикалық/лингвомәдени фразеологиялық зерттеулер (Дүкембай Г.Н., Қожахметова Х., Жайсақова Р.Е., Қожахметова Ш.О., Сабитова М.Т. т.б.)
- 4) когнитивтік фразеологиялық зерттеулер (Дуйсекова К.К., Исабеков С.Е., Сагинтаева А.К., Жанпеисова Н.М. т.б.)

Зерттеу нәтижелері. Тіл – адамзаттың ойлау қабілетін, мәдениетін және дүниетанымын бейнелейтін негізгі құрал. Тілдегі тұрақты тіркестер мен фразеологизмдер қоғамның тарихи, мәдени және рухани құндылықтарының көрінісі ретінде ерекше орын алады. Фразеологизмдер тек тілдің стилистикалық көркемдігін арттырып қана қоймай, сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымы мен ұлттық ерекшеліктерін бейнелейді. 1990 жылы жарияланған «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте»: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер» деп анықтама берген. [3, 559 б.] «Фразеологизмдер – құрамы жағынан тұрақтылығымен «дап-дайын» күйде кездесетіндігімен, кез келген тұста қолдана беруге болмайтын талғампаздығымен, мағына-мазмұн тереңдігімен, бейнелілігімен ерекшеленіп тұратын тілдік құбылыс» деп пікір білдіреді филология ғылымдарының кандидаты Ғарифолла Әнес. Жалпы фразеология терминін біз екі мағынада қолданамыз. Бірінші, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екіншісі фразеологиялық жинақ. Қазақ тілінде жарық көрген еңбектердің авторлары І.К. Кеңесбаев, Ә.А. Айтбаев, А. Ысқақов, Ш. Рахматуллаев, Г. Байрамов, З. Ураксин, А.А. Юлдашев, С.Н. Мұратов, І. Х. Ахунзянов, Г. Смағұлова, Т. Сайрамбаев Р.Е. Жайсақова, С.Е. Исабеков, М. Сабитова, С. Жетпісов, Л.С. Войтик, Ж.К. Қонақбаева, Д. Медербек, С.Н. Мұратов, А.Е. Тажмұратова, М.Т. Тезекбаев, З.Г. Ураксин, С. Сатенова, Ф.Р. Ахметжанова, Б. Уызбаева, К. Рыспаева, Г. Боранбаева, М. Балақаев, Х. Қожахметова, Т. Қордабаев т.б. Бұл ғалымдар фразеологизмді жан-жақты зерттеп, оның түрлерін, мағыналық жағынан бөліну

ерекшеліктерін, грамматикалық, лексико-семантикалық жағынан ажыратылуын, салаларын, фразеологиялық құбылыс заңдылықтарын анықтаған.

Жоғарыда аты аталған тілші ғалымдар “Бас” ұғымын тек дене мүшесі ретінде емес, сонымен қатар адамның рухани әлемі, әлеуметтік рөлі, мәдени құндылықтары, дүниетанымы тұрғысынан жан-жақты зерттеген. Бұл ғалымдардың еңбектері қазақ тіл біліміндегі осы тақырыптың ауқымдылығын көрсетеді. Жазылған еңбектерінде “бас” ұғымының метафоралық, фразеологиялық, танымдық және символдық қырлар жан-жақты талданған. Әр ғалымның еңбегі “бас” сөзін белгілі бір аспектіден зерттеуге арналған, бұл қазақ тіл білімінде “бас” ұғымының маңызды орнын көрсетеді.

Осы «Бас» сөзіне орай қазақ тіліндегі қомақты еңбек – «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігін» І.Кеңесбаев жинақтап 152 фразема берілген. Оның ішінде «Бас» (адамның басына) қатысты 130 тұрақты сөз тіркесі бар. Ол сөз тіркестерінің мағынасына, және қандай уақытта, қандай жағдайда, қалай қолданылатыны туралы жобамыздың негізгі бөлігінде толығырақ тоқталдық.

Қазіргі таңда орыс тілінде концептуалды зерттеулер жүргізуді тереңдету қажеттілігінің маңызы анықталды. Когнитивтік лингвистиканың мақсаты – ғалам туралы білім түрлерін анықтау болса, ал концепт оның негізгі бірлігі саналады. Концепт өте күрделі құбылыс. Тілдегі әр концептінің құрылысы бір-бірімен ұқсас бола бермейді. Себебі концептінің түрі мен жіктелімі, олардың қолданылу аясы, ұжымдық санада қалыптасу деңгейі, концептуалды және менталды кеңістіктегі орны, лингвомәдени маркерленуі әралуан. Сол себепті концептіні зерттеу жыл өткен сайын тереңірек үңілуді, концептіні зерттеуге арналған әдіс-тәсілдерді жаңартуды ұстанады. Қазіргі уақытта Ресей тіл білімінде лингвоконцептологияның төрт қалыптасқан мектебі концептіні жан-жақты зерттейді. Воронеж мектебінің лингвист ғалымдары (З.Д. Попова, И.А. Стернин) концепт құрылымының когнитивтік классификаторлар немесе когнитивтік белгілер арқылы қалыптасатындығын тілге тиек ете отырып, оның бірнеше қабаттан тұратындығын алға тартады. Тілдегі мәдени концептілерді және әртүрлі мәдени қоғамдарға жататын тілдік тұлғалардың мәдениетаралық қарым-қатынасын зерттеуді көздейтін Краснодар мектебінде (С.Г. Воркачев) лингвомәдени концептология деп аталатын жаңа бағыт дамыған. Лингвомәдени концептілердің ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған Волгоград мектебінің өкілдері (В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин) лингвомәдени концептілер құндылық, бейнелік және тұжырымдамалық сияқты құрамдас бөліктерден тұрады деген пікірге тоқталып, құндылық құрамдас бөлігі концептінің орталығы болып табылатындығын дәлелдейді. Құндылық лингвомәдени концептіні когнитивтік концептіден, фреймнен, ұғымдар мен басқа да менталды бірліктерден ерекшелейтін құрамдас бөлігі болып табылады. Әлемнің тілдік бейнесіне қатысты зерттеулерімен танымал Кемерово концептуалдық мектебінде (М.В. Пименова) адамның ішкі әлемін бейнелейтін концептілерді зерттеу әдістері жолға қойған. Концептуалды зерттеу жүргізуде сөздің лексикалық мағынасы мен этимологиялық және лексикографиялық талдау, сөздің синонимдік қатарын анықтау, әлемнің тілдік бейнесінде концептінің катеоризациялану қабілетін анықтау, концептуалды метафоралар мен сценарийлерді талдау жүзеге асырылады. [4]

Әрі қарай тағдыр мен сынақ мағынасындағы «Бас» сөзін қарастырайық. Бұл жердегі бас - адам өміріндегі қиыншылықтарды немесе өмірлік жағдайларды сипаттайды. Мысалы: Басына іс түсу, бас қайғы болу, басына бұлт төнді (айналды), басына қауіп-қатер төнді, басына бәле жауды, басына ғаріпшілік түсті деген тіркестерді айтуға болады. Мағынасы мұқтаждыққа ұшырады, ауыр қалға тап болды. Жағдайы нашарлап, мүшкіл хәлге түсті. Жағымсыз жағдайға тап болды дегенді білдіреді.

Оған дәлел мына өлең шумағынан үзінді:

Ата ұлының баласы
Асыл ерге малың бер,
Малың бер де басын қос,
Басыңа тарлық түскенде

Ардақтаған әділ жанын аяр ма? (М.Өтемісұлы) «Басына тарлық түскенде» яғни мағынасы басына қиыншылық түскенде, таршылық күндер болғанда деген мағынаны білдіреді.

Келесі «бас» ұғымының киелі және символикалық мәнін қарастырайық: «Бас» қазақ дүниетанымында, түсінігінде қасиетті ұғым саналады. Бас киімді құрметтеу, аяқ астына тастамау сияқты дәстүрлер осының дәлелі бола алады.

«Бас» ұғымы қазақтың мақал-мәтелдерінде жиі кездеседі, бұл оның рухани, әлеуметтік және философиялық мәнін көрсетеді: Мәселен, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» мақалы. Негізгі мағынасын адамның пікірін, ойын, сөзін айту құқығынан ешкім айыра алмайды. Еркін ойын айтуға тыйым сала алмайды деген мағынада айтылады. Бұл жердегі «бас» - адамның басы. Бас кесілу жазасы болса да тіл кесу жазасы жоқ деген мағынаны береді. Тағы да бір мақал «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды». Бұл жердегі «бас» ол жан басы, адам деген ұғымды білдіреді. Яғни адам үйленбей не отау құрмай мал-мүлік басы жиналып болмайды деген мағынада айтылады.

«Бас» ұғымының символдық мәні де қаралық. Бастың Рухани және мифологиялық қырлары: “Бас” ұғымы қазақтың аңыз-әңгімелерінде рухани биліктің, даналықтың символы ретінде қарастырылады. Бас киімнің қасиеттілігі: бас киімге қатысты тыйымдар (бас киімді басқа адамға бермеу, жерге тастамау) – адамның абыройын, рухани тазалығын қорғайтын символ. Көшбасшылық пен ұлттың символы: Қазақ халқының дәстүрінде хан немесе көшбасшыны “елдің басы” деп атаған.

«Басқа» қатысты фразеологизмдерді жинақтап, олардың мағынасын ашып жазып және қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалардан мысал келтіріп толық талдаған тілші ғалым І.Кеңесбаевтың сөздігіндегі фразеологизмдерді өзара топтастырдық. Сөздікте таза басқа қатысты 130 тұрақты тіркес бар.

Олардың ішінде бастың амандығын білдіретін фразеологизмдер мыналар: бас аман болсын; бас аманда; басқа келген пәледен; бастан құлақ садаға; басының садағасы; басы аман, бауыры бүтін; басы жұмыр пенде т.б. Бұлардың барлығы да адам басының нақтырақ айтқаны жанының, өмірінің амандығы туралы айтатын уақытта қолданылады. Дені сау, аман-есен жүрген кезде, хал сұрасқан кезде айтылады. Немесе бір үлкен бәлеге тап болып, малынан, дүние-мүлкінен айырылған уақытта, бастысы «адам басы» аман қалды деп те шүкіршілік етіп, тәубесіне келген уақытта да қолданылады.

Сонымен қатар адам өміріне қиын сәттер түскенде, сол қиындыққа көндіккенде мынадай тұрақты тіркестер қолданылады: басқа қысым түсті; басқа түссе, баспақшы; басқа түсті; басына іс түсті; басына бәле жауды; бас қайғы болды, басына бұлт төнді (айналды); басына қауіп-қатер төнді; басына ғаріпшілік түсті және т.б.

Басқа қатысты тағы адам мінездерін де сипаттайтын фразеологизмдер бар. Олардың легі құрамында «бас» сөзі болса да адами қасиеттерден, қабілеттерден хабар береді. Мәселен: басқа шауып, төске өрледі; басқа шықты; бас асау; бас (бой) бермеді; бас бұзар; бас кесер; бас көтерді; басқа, көзге төпеледі; басқа тепті; басқа шықты; басқа ұрды; басы ашық; басы жұмыр пенде; басына шықты т.б. Бұл тіркестердің барлығы да мінезі асау, мінезі қиын, ауыр. Айтқанға бірден көне қоймайтын адам мінездерін сипаттайды. Арасында асау мінезділерден бөлек, жұмсақ мінездерді де айтады.

Ендігі фразеологизмдер басшылық етті, билікті өз қолына алды, көш бастады, билік етті деген мағыналарды білдіретін тұрақты тіркестер. Олар мыналар: басында дәурені тұрды; басына әңгір таяқ орнатты; басқа шықты; бас көтерді; бас көрсетті; бас көз болды; бас болды т.б.

Қазақ фразеологизмдеріндегі «бас» концептісінің көрінісі

№	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1.	Бас қойды	1) Құныға ішіп-жей бастады. 2) Жатып тынығып алды, ұйықтады деген мағына.
2.	Бас қосты. Басы құралды:	1) Бір жерге жиналды, мәжіліс құрып, кеңесті. 2) Бірігіп тұрмыс құрды, үйлі-баранды болды.
3.	Бас құда	Жолы үлкен құда. Немесе жаңадан құда болып жатырған әулеттің үлкен ер азаматын атайды.
4.	Бас құсты	Диалект. Егін сабақ шығарды, жайқалып өсті деген сөз.
5.	Бас мама бие	Үйірдегі кексе бие, өрбіген ұрпағы үйірде көп биені осылай атайды.
6.	Бас паналады	Өз басын бәледен қорғады, өзін аман сақтады, тығыла тұрды деген мағына.
7.	Бас садаға	Бастан құлақ садаға; аман қалғанға құдайға шүкіршілік айту кезінде айтылады.
8.	Бас салды	Мәселенің мән-жайына қарамады, олай-бұлайға қаратпады, бұлтарпады, шап беріп ұстай алды деген сөз.
9.	Бас сауға сұрады/Бас сауғалады	Бас амандығын, құтылуын тіледі. / Қара басының қамын ойлады, жеке басын қорғады.
10.	Бас сұқты	1) Бір жерге барды, кіріп аялдады не кідірді; 2) Өзгенің ісіне көлденеңнен кірісті, араласты.
11.	Бастан асады	Өте көп, толып жатыр деген мағынады айтылады.
12.	Бастан-аяқ	Басынан аяғына дейін, барлығы, бүкіл, толық деген мағынаны білдіреді.
13.	Бастан бағын тайғызды	Бағынан айырылды, бақытсыздыққа ұшырады деген сөз.
14.	Бастан ерік кетті	Тәуелді болды, бағынышты халге түсті.
15.	Бастан кешті (өткізді)	Өмірде көргені көп, өмірдің ыстық-суығын қатар көрді деген мағынада қолданылады.

Орыс фразеологизмдеріндегі «голова» концептісінің көрінісі

«С головой выдаёт» фразеологизмінің мағынасы адамның қалауынсыз, өз еркінсіз ерекшеліктерін көрсету дегенді білдіреді.

-По своей энергии, работоспособности Яковлев может дать фору иным куда более молодым. И лишь воспоминания о сороковых годах выдают фронтовика с головой. [Корпус Публ.]

-Тенор легко справляется с высоченной тесситурой партии Эрнеста, но певческая манера с головой выдает в нем ученика русской школы. [Корпус Публ.]

-Суперкомплект Автомат Калашникова в новой, современной комплектации предлагает любителям стиля «милитари» и «халявной» музыки одна из британских компаний, квартирующая в Букингемпшире. Нетрадиционный подход к делу с головой выдает соотечественников – как оказалось, ее соучредителями является группа российских бизнесменов. [Бизнес-журнал]

«Голову оторвать; бабку оторвать, голову/ бабку оторвёт» тура мағынада басын жұлып алу деп аударамыз. Бұл фразеологизмді адамды қандай да бір қателігі үшін жазалаған кезде қолданамыз. «Голову / бабку оторву» фразеологизмі қоқан-лоқы көрсету мақсатында айтылады.

-По прошлому опыту я знал, что некоторые гениалиссимусы так обожают свои высказывания, что несогласным готовы голову оторвать. [В. Войнович. Москва]

-В комнате никого не было. В сумеречном свете я увидел на полу свою подушку и барахло, рухнувшее с вешалки. Бабка *голову оторвет*, подумал я и вскочил. [А. и Б. Стругацкие. Понедельник начинается в субботу]

-Ты, бес, это... совершенно раздухарился, – грозно сказал Маско. – Если ты, в натуре, не возьмешь себя в руки, то я тебе *голову оторву!* [В. Пьецух. Анамнез и эпикриз]

-Положи трубку, а то я те *голову оторву*, – почти ласково сказал Роман брату, осторожно выходя из-за портьеры. [Корпус Детект.]

«Больной на [всю] голову» фразеологизмі теріс пікірде болу деген мағына береді.

-Морковины жили на краю деревни, у леса, рядом с кладбищем. Это были две молодые девки – одна уже с малым, неизвестно от кого нажитым в войну, другая также незамужняя, *больная на голову*... [В. Быков. На болотной стежке]

-Именно. Я доверяю вам свои беды и печали. В надежде, что мне станет легче на душе. – Ты *больной на голову*? – Нет-нет, я практически здоров. [А. Инин. Телефон доверия]

-Подумайте сами, какой не *больной на голову* геолог вдруг бросит всё и пойдет работать шофером грузовика? Невообразимо! [Корпус Публ.]

-Только он, помоему, *больной*. *На голову*. – Да все вы тут *больные на голову*... – сказала Валя. – С вами всеми разбираться надо. [Корпус РусПроз.]

Ағылшын тілінде «**head**» компоненті адамның жеке қасиеттерін, қабілеттерін бейнелеуге көп қолданылады (Have a head for numbers – математикалық қабілеті болу), ал қазақ тілінде «бас» көбінесе ұжымдық әрекетті білдіреді («Бас қосу» – жиналу).

Ағылшын фразеологизмдеріндегі «head» концептісінің көрінісі

№	Тұрақты сөз тіркесі	Мағынасы
1.	Use your head	Ақылды болу, ойлану. Мысалы: You should use your head to solve this problem. (Бұл мәселені шешу үшін ақылыңды қолдануың керек.)
2.	Lose your head	Сабырсыздану немесе эмоцияға беріліп, дұрыс шешім қабылдай алмау. Мысалы: Don't lose your head in stressful situations. (Қиын жағдайда өзінді жоғалтпа.)
3.	Keep your head above water	Қиындықтарға қарамастан аман қалуға тырысу. Мысалы: I'm working two jobs just to keep my head above water. (Мен екі жұмысты қатар істеп, тек өмір сүріп жүрмін.)
4.	Turn heads	Адамдардың назарын аудару, таңдандыру. Мысалы: Her beautiful dress turned heads at the party. (Оның әдемі көйлегі кеште барлығын таңдандырды.)
5.	Over your head	Бір нәрсені түсінбеу немесе тым қиын болып көріну. Мысалы: The math problem was way over my head. (Математика тапсырмасы мен үшін тым қиын болды.)
6.	Get it into your head	Бір нәрсені түсіну немесе қабылдау. Мысалы: When will you get it into your head that lying is wrong? (Саған өтірік айту қате екенін түсінген қашан?)
7.	Bury your head in the sand	Мәселеден қашу, оны шешуден бас тарту. Мысалы: Stop burying your head in the sand and face the facts. (Мәселеден қашпай, фактілерді қабылда.)
8.	Head over heels	Қатты ғашық болу. Мысалы: He's head over heels in love with her. (Ол оған қатты ғашық.)
9.	Off the top of your head	Бірден, дайындықсыз жауап беру.

		Мысалы: Off the top of my head, I'd say there are about 50 people in the room. (Дайындықсыз айтсам, бөлмеде шамамен 50 адам бар.)
10.	Go to someone's head	Табыс адамның өзін жоғары санауына әкелу. Мысалы: Don't let the success go to your head. (Табысыңды тәкаппарлыққа айналдырма.)

Қорытынды. Қазақша, орысша және ағылшынша фразеологизмдерді білу – тек тілдік білімді емес, мәдениетаралық қарым-қатынасты, ұлттық болмысты және ой-өрісті кеңейтудің маңызды қадамы. Үш тілде де фразеологизмдерді білу ұлттық мәдениетті тануға үлкен септігін тигізеді. Себебі әр халықтың фразеологизмдерінде сол ұлттың дүниетанымы, салт-дәстүрі, өмір салты көрініс табады. Бүгінгі жаһандану дәуірінде бірнеше тіл білу – қажеттілік. Фразеологизмдерді меңгеру тіл үйренуді жеңілдетеді, өйткені олар белгілі бір ұғымды толық және бейнелі жеткізеді. Мысалы, ағылшынша «Break the ice» тіркесін білмей, оның тура аудармасынан мағына түсіну қиын болар еді. Мұндай тіркестерді білу тек тілдік шеберлікті емес, шет тілінде еркін қарым-қатынас орнатуды да жеңілдетеді. Сонымен қатар фразеологизмдер адамның ой-өрісті дамытады. Адамның сөйлеуін байытады, ойлау қабілетін тереңдетеді. Бір тілдегі тұрақты тіркестерді екінші тілдегі баламасымен салыстыру логикалық және шығармашылық ойлауды дамытады. Мысалы, қазақтың «Басы бар тіркесінің орысша баламасы «Светлая голова, с головой» ал ағылшынша «Use your» дегенге жақын. Үшеуін түсініп, ұқсастығы мен айырмашылығын ажырату ойлау қабілетін арттырады. Және фразеологизмдер әлеуметтік байланысты нығайтуға жәрдемдеседі. Фразеологизмдер – халықтың ортақ мәдени коды. Оларды білу басқа ұлт өкілдерімен жақсы қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қатар меңгерген адам әртүрлі мәдени ортада өзін еркін сезініп, өз ойын бейнелі әрі әсерлі жеткізе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. – 245 б.
2. Краткий словарь когнитивных терминов. Под ред. Е.С. Кубряковой. М.: фил.ф. им. М. В. Ломоносова, 1997–245 с.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. Москва, 1990. 559 бет.
4. file:///C:/Users/49-17/Downloads/802-2747-1-PB.pdf
5. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: «Сөздік- Словарь», 2006. – 264 бет
6. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: антология. М.: Академия, 1997. С. 280-287
7. Amosova N.N. Fundamentals of English phraseology. -L; LGU, 1963. -208 p.
8. Ginzburg R., Knidekel S., Mednikova E., Sankin A. Verbal collocations in Modern English. -M, 1975. -125 p.
9. Kunin A.V. Anglo-russkiy frazeologicheskiy slovar: Ok. 20000 frazeol. edinit G`A.V.Kunin. M.: Rus. yaz., 1984.- 942 s.
10. Cambridge Idioms Dictionary / Oxford Idioms Dictionary Jennifer Speake, “The Oxford Dictionary of Idioms
11. V. Teliya, N. Bragina, E. Oparina, I. Sandomirskaya. Phraseology as a language of culture: its role in the representation of a collective mentality in Cowie (ed.) 1998.-55 p.
12. Lakoff, George, and Mark Johnson. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press, 1980.
13. Crystal, David. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Cambridge University Press, 2003.

REFERENCES

1. Iskakov A. Modern Kazakh language. Morphology. - Almaty, 1991.-245 p.
2. Kratsky Dictionary of cognitive terms. Ed. E. S. Kubryakovoy. M.: Phil.F. im. M. V. Lomonosova, 1997.-245 p.
3. linguistic encyclopedic dictionary. Moscow, 1990.-559 p.
4. file:///C:/Users/49-17/Downloads/802-2747-1-PB.pdf
5. Kaliyev G. Bolganbayev A. lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Almaty: "Dictionary-Dictionary", 2006. - 264 p.
6. Likhachev D. S. Conceptosphere of the Russian language // Russian language: anthology. M.: Academy, 1997.-P. 280-287
7. Amosova N.N. Fundamentals of English phraseology. -L; LGU, 1963. -208 p.
8. Ginzburg R., Knidekel S., Mednikova E., Sankin A. Verbal collocations in Modern English. -M, 1975. -125 p.
9. Kunin A.V. Anglo-russkiy frazeologicheskiy slovar: Ok. 20000 frazeol. edinit G`A.V.Kunin. M.: Rus. yaz., 1984.- 942 s.
10. Cambridge Idioms Dictionary / Oxford Idioms Dictionary Jennifer Speake, "The Oxford Dictionary of Idioms
11. V. Teliya, N. Bragina, E. Oparina, I. Sandomirskaya. Phraseology as a language of culture: its role in the representation of a collective mentality in Cowie (ed.) 1998.-55 p.
12. Lakoff, George, and Mark Johnson. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press, 1980.
13. Crystal, David. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. Cambridge University Press, 2003.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОНЦЕПТА БАС/ГОЛОВА/HEAD В КАЗАХСКИХ, РУССКИХ И АНГЛИЙСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМАХ

¹Исакова А. С., ²Зеркина Н. Н., ³Саткенова Ж. Б.,

¹Университет Есенова г. Актау, Казахстан

e-mail:: assylymay.issakova@yu.edu.kz

²Магнитогорский государственный технический университет имени Г.И. Носова,

г. Магнитогорск, Россия

e-mail: n.zerkina@magtu.ru

³Казахский Национальный университет имени аль-Фараби г. Алматы, Казахстан

e-mail: zhanar_03@mail.ru

Аннотация. Понятие «бас» часто встречается в казахских пословицах и поговорках, что отражает его духовную, социальную и философскую сущность: например, пословица «Нет языка, нет языка». Никто не может лишить основной смысл права человека высказывать свое мнение, игру, слово. «Бас» - голова человека. Даже если есть наказание за обезглавливание, язык означает, что нет наказания за обезглавливание. Другая пословица гласит: «Нет двух голов, нет двух животных». «Бас» означает душа человека. Духовные и мифологические аспекты головы: понятие «голова» рассматривается в казахских сказаниях как символ духовной власти, мудрости. Святость головного убора: запреты на головной убор (не отдавать головной убор другому человеку, не бросать его на землю) – символ, защищающий достоинство, духовную чистоту человека. Символ лидерства и нации.

Ключевые слова: фразеологизм, концепт, сравнительная лингвистика, бас, голов, концепт head, лингвокультурология.

THE USE OF THE CONCEPT OF БАС/ГОЛОВА/ HEAD IN KAZAKH, RUSSIAN, ENGLISH PHRASEOLOGISMS

Issakova Assylymay¹, Natalya Zerkina², Satkenova Zhanar³,

¹Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail:: assylymay.issakova@yu.edu.kz

²Nosov Magnitogorsk State Technical University, Magnitogorsk, Russia

e-mail: n.zerkina@magtu.ru

³Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan

e-mail: zhanar_03@mail.ru

Abstract. The concept of "head" is often found in Kazakh Proverbs, reflecting its spiritual, social and philosophical meaning: for example, the proverb "even if the head is kespek, the language is not kespek". No one can deprive a person of the right to express his opinion, thoughts, words of the main meaning. It is said in the sense that a free game cannot prohibit speech. The "head" in this place is the head of a person. Although beheading is a punishment, the tongue means that there is no punishment for beheading. Another proverb is "there are no two heads, and there are no two cattle." The "head" in this place means the concept that it is the head of the soul, a person. In other words, it is said that a person cannot accumulate property without getting married or getting married. We also consider the symbolic meaning of the concept of "head". Spiritual and mythological aspects of the head: the concept of "head" is considered in Kazakh legends as a symbol of spiritual power, wisdom. The sanctity of the headdress: prohibitions regarding the headdress (do not give the headdress to another person, do not throw it on the ground) is a symbol that protects the dignity, spiritual purity of a person. A symbol of leadership and the nation

Key words: phraseology, concept, comparative linguistics, head, golova, head concept, linguoculturology.

ӘӨЖ 811.512.1
МРНТИ 16.21.07
DOI 10.56525/CGDQ5635

ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ТОПОНИМДЕР

Қайрат Ғабитханұлы

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

e-mail: Kayrat.g@mail.ru

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «BR24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы нысаналы-бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Аннотация. Қытай жылнамаларының Орта Азияға қатысты деректер осы уақытқа дейін күллі зерттеушілердің өз тұжырымдарын басқаларға дәлелдейтін басты уәжі болып келеді. Өкініштісі, Қытай жылнамаларындағы түркілік ономастикалық атаулардың біразының қалай оқылатындығы бүгінде белгілі болса да тарихшыларымыз ғылымның лингвистикалық жағын ескерместен тарихына ғана мән беруде. Ономастикалық атауларды қолдану белгілі бір жүйеге түспеген. 19 ғасырдың соңында орыс және батыс ғалымдары жасаған аударма, реконструкция сол күйінде қабылдануда. Зерттеуде қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән ономастикалық атаулардың ерекшеліктері, оларды аудару мен реконструкциялау мәселелері қарсырылған.

Ономастикалық атаулар, яғни ру-тайпа, ел, ұлыс аттары, кісі есімдері, атақ-лауазым атаулары мен жер-су аттары халықтың ежелгі тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан да ол тіл ғылымының ғана емес. тарих ғылымының да зерттеу нысаны болып саналады. Белгілі бір халыққа тән ономастикалық атауларды зерттеуде әдетте сол халықтың тілі мен тарихына көңіл бөлуден тыс оның географиялық қоныстануы мен тарихтағы көші-қон жағдайына, өзге халықтармен мәдени, сауда-саттық т.б. байланыстарына, діни наным-сенімдеріне, өз тілінен тыс өзге де қолданған тілдері мен жазуларына, тілдің фонетикалық өзгерістері т.б. мәселелерге де жан-жақтылы көңіл бөлінгені жөн.

Түйін сөздер: қытай жылнамалары, түркі топонимдері, иероглиф, дереккөздер, тарихнама, реконструкция.

Кіріспе. Қытай жылнамаларындағы түркілік ономастика бүгінге дейін әр түрлі аударылып, реконструкцияланған, ғылыми әдебиеттер мен оқулықта бірізділік сақталмаған. Қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән ономастикалық атауларды зерттеу, жүйелеу тіл ғылымы үшін ғана емес, тарих ғылымы үшін де аса маңызды.

Қытай тарихнамаларындағы қытай иероглифтерімен хатқа түскен түркі халықтарына тән ономастикалық атаулардың ерекшеліктері, оларды аудару мен реконструкциялау мәселелері отандық ғылымда қарастырылмаған тың тақырыптардың бірі. Мұндай зерттеулердің болашақта тіл ғылымы үшін, тарих ғылымы үшін берері зор.

Түркологиялық зерттеулерде ежелгі түркі ономастикасы мәселесі - бірнеше ғасыр бойы ғалымдар назарын аударып келген күрделі тақырыптардың бірі. Оның басты себебі түркі халықтарына байланысты тарихнамалар мен бастау хаттардың көбісінің византия, армян, араб-парсы, грек, қытай т.б. тарихшыларының тілінде жазылғандығында. Мәселен, бізге белгілі бір ғана “Ғұн ” (бізше күн) атауын қытайлар — 胡/сюнну 匈奴; гректер — хоннол; латын — chunni/ hunni; батыс елдері — huns; орыстар — хинну /гунну/ сюньну; түркі халықтары және басқалар да - ғұн / гүн / хун / хұн / ғұн т.б. үлгісінде хатқа түсіріп жазып келген. Сол

сияқты “Түрік” атауын VI-X ғ. аралығындағы жазба ескерткіштерде қытайша 突厥 *tu jue* (t, uat kiwb) ескі қытай тіліндегі оқылуы — *turkut* деп, арабша — *түрк* (6 ғасыр); грекше — *τοβρхос* (6 ғасыр соңы); сирияша — *turkaje* (6 ғасыр соңы); санскритше — *turuzka*; пракритше — *turukka* (6 ғасыр); көне түркіше — *turk* (7-8 ғасырлар); орта ғасырлық парсыша - *turk* (8 ғасырдың орта шені); соғдыша - *turk* (9 ғасырдың басы); тибетше – *drue, dru-gu*, (8-9 ғасырлар); одинша — *trruki, tturki* (7-10 ғасырлар) т.б. үлгілерде хатқа түсірген. “Ғұн” және “Түрік” атауын басқалар қай үлгіде жазсын, бұл бізге белгілісі ғана, осының өзінен ғана мәселенің күрделігін көреміз.

Қытайдың “24 тарихындағы” Орта Азия мен түркілерге қатысты жылнама-шежірелер бірнеше ғасыр бойы әлем түркологтарының назарын өзіне аударып келеді. Сол деректер негізінде тарихтың көптеген ақтаңдақ беттері толықтырылды да. Бірақ десе де бізге белгісіз анықталмай жатқан тұстары да жетерлік. Атап айтқанда, Қытай жылнамаларындағы ономастикалық атауларды қалай оқу, реконструкциялау мәселесі әлі шешімін таппай келе жатқан қиын түйіндердің бірі.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының нәтижесіне жету жолында тарихи-географиялық, тарихи-салыстырмалы, тілдік анализ, топонимикалық және этимологиялық талдаулар жасалды. Қытай иероглифінен кирилл әрпіне тікелей аударамалау, бір тілден екінші тілген аудару, яғни транслитерация әдісі де пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

Қытай жылнамаларының Орта Азияға қатысты жерлері ең алғаш Бичуриннің орысша аудармасымен (1851) және француз ғалымы Э.Шаванның французша аудармасымен (1880-1970) жарық көріп, Европа елдеріне таныс болды. Әрі бұл аудармалар осы уақытқа дейін күллі зерттеушілердің өз тұжырымдарын басқаларға дәлелдейтін басты уәжі болып келеді. Әрине, соған байланысты ондағы ономастикалық атауларда сол күйінде қабылдануда. Өкініштісі, Қытай жылнамаларындағы ономастикалық атаулардың біразының қалай оқылатындығы бүгінде белгілі болса да тарихшыларымыз ғылымның лингвистикалық жағын ескерместен тарихына ғана мән беруде. Ономастикалық атауларды қолдану белгілі бір жүйеге түспеген. Мәселен, ғылыми әдебиеттерде Ғұндардың алғашқы тәңірқұттарының бірінің аты 冒顿 (қазіргі оқылуы — *mao dun*) оны *Бодұн, Мөде, Моде, Маудун, Мете, Модо, Модэ, Мао-дунь* т.б. деп; 头曼 (қазіргі оқылуы — *tou man*) атын *Түмен, Тумын, Туман, Тоумэн* т.б. деп; Үйсін елінің басшысы 昆莫 (қазіргі оқылуы — *Kun mo*) *Күнби, Күнмо, Күнми, Күнбек, Гүнмо* т.б. түрінде жазылуда.

Тарихтан хабары жоқ оқырманды айтпағанда тарихшы мамандардың өзі шатасуы мүмкін. Басқа емес энциклопедиялық еңбектер мен оқу құралдарында да бірізділік жоқ. Ономастикалық атауларды қолданудағы міне осындай жүйесіздік пен дұрыс қолданбау мәселесі - отандық тарих ғылымындағы тарихшы ғалымдар мен тілші ғалымдардың бірлесіп шешуге тиісті мәселелердің бірі.

Қытай иероглифтері ерте ғасыр, орта ғасыр, таяу заман, қазіргі заман болып неше мың жылдық қолданыс барысында фонетикалық жақтан үлкен өзгерістерге ұшыраған. Көбінің жазылуы ұқсағанымен әр дәуірдегі оқылуында да үлкен айырмашылық бар. Оның үстіне қытай тілінің диалектілік парқы да орасан зор. Сонымен бірге қытай жазуы буындық — мағыналық жазу. Яғни бір иероглиф бір буын болып есептелінеді. Қазіргі қытай тілінде буын басында сүзілмелі ұяң дауыссыз “ғ” мен қатаң дауысты “қ” жоқ, ал көне қытай тілінде буын басында бұл дыбыстар болған. Сол сияқты буын соңында “g, k, d, t, p, m” дыбыстары қазіргі тілде болмағанымен, көне тілде буын соңында болған; көне қытай тілінде “г” дыбысы болмаған, оның орнына көбінде “п” кейде “л” дыбыстары қолданылған; қазіргі қосарлы әріппен таңбаланып жүрген тіл үсті қысаң дыбыстары “zh, ch, sh” болмаған. Олардың орнына “z, t, d” дыбыстары қолданылған; қазіргі “j, q, x” дыбыстары “h, k, g” түрінде дыбысталған т.б. [1]. Бұл айтылғандар мәселенің бір ғана жағы болса, екінші жағынан ежелгі түркілік этностардың тілінің фонетикалық ерекшеліктері бізге белгісіз, нақтылы емес. Оны қойып, бізге белгілі деген 7-8-ғасырлардағы көне түркі ескерткіштерінің тілі мен қазіргі түркі тілдері

арасындағы фонетикалық өзгерістердің өзі қаншама. Сондай-ақ 7-8-ғасырларда жазылған Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің дыбыстық ерекшеліктері барлық түркілік этностарға ортақ норма болмаса керек. Кең байтақ түркі даласында диалектілік ерекшеліктер болғаны сөзсіз. Бұған және де осыларға әсер ететін өзгеде факторларды (дін, жазу, транскрипция т.б.) қосыңыз. Демек, мұның өзі қытай иероглифтерімен транскрипцияланған ежелгі ономастикалық атауларды келсін-келмесін қазіргі тұлғасындағы оқылуы бойынша алуға келмейтіндігін көрсетеді. Яғни бұдан шығатын қорытынды: қытай жылнамаларындағы ономастикалық атауларды аударып қолдануда оларды жылнамадағы дерек көзі бойынша әр дәуір бойынша сұрыптап, аталған сол дәуірдегі қытай тілінің фонетикалық заңдылығына сай оқып, транскрипция жасау, сонымен бірге оларды соған сәйкес түркі тілдерінің де ежелгі, орта ғасыр және бүгінгі дыбыстық және мағыналық ерекшеліктерімен салыстыра зерттеу, реконструкциялау қажеттілігін көрсетеді. Әрине оны және алтай тілі ұясындағы өзге тілдермен (монғол, манчжур) салыстыру, санскрит, араб-парсы, грек т.б. тілдердегі өзге де көне жазба деректерімен толықтыра түсу қажет.

Қытай жылнамаларындағы түркілік ономастикалық атауларды зерттеп қарастыру барысында қытайлар ономастикалық атаулардың бәрін бірдей дыбысталуы бойынша алмағанын яғни оның кейбірін мағынасы бойынша аударып алғанын, кейбірін жартылай мағыналық жартылай дыбыстық аудармамен бергенін байқаймыз. Мәселен:

1. Дыбыстық транскрипциямен берілгендері:

Аңыздарға қарағанда, қытай тілі сөздіктерінде қолданылатын 反切 fanqie (иероглифтердің дыбысталуын көрсететін әдістердің бір түрі), әдетте бір буынды бір иероглиф арқылы таңбаласа, кейде екі иероглиф арқылы бір буынды таңбалаған, яғни ежелгі санскрит тілінде жазылған будда *номдарын* қытай тіліне аудару барысында дыбыстық кірме сөздер осы әдіспен транскрипцияланылғаны анықталған. Әрине, кей жағдайда, мұның түркілік ономастикалық атауларды хатқа түсіруде де қолданылғаны анық.

Б.з.д. 2 ғасырдан б.з 3 ғасырға дейінгі аралықтағы қытай тарихнамаларында дыбыстық транскрипциямен хатқа түскен кейбір ғұн сөздері мен 5 ғ. - 10 ғ. аралығында хатқа түскен түркі сөздері:

Ғұн сөздері:

撑犁 қазіргі оқылуы cheng li, ежелгі оқылуы *dang lei*. Бұл мағыналық және дыбыстық жағынан “тәңрі” сөзіне жақын. 孤涂 қазіргі оқылуы *gu tu* бұрын *go to* немесе *gua ta* деп оқылған. Бұл сөз дыбысталуы жағынан түркінің *құт*, *құт(т)ы* сөзіне жақын болғанымен мағынасы жағынан кейбір түркі тілдерінде “бала, сәби” деген мағынада айтылатын *гөдек (көдек)* сөзіне жақын, яғни бұл қытайша бастау хаттағы 撑犁孤涂 (*dang lei gua tu*) *тәңір көдегі сөзі тәңірден туган, тәңір ұлы* дегенді білдіреді деп түсіндіреді. Біз қалыптасқан дәстүр бойынша бұрынғыша *тәңірқұт* деп атадық. Сол сияқты 祁连 *qi lian* Шулен. “Шулен адам”, “шүлен беру”, “шүлен тарату” дегендегі “шүлен”, “*qi lian*” яғни “шүлен”. Ғұндарша тәңірдің басқаша аталуы. Қытайдағы ғұндардың ежелгі жерінде “шүлен тауы” деген тау бар. 阎氏 *yan zhi* деп оқылып, ғұндар тәңірқұттың әйелін және күйеуге шыққан қыздарын осылай атаған, яғни көне түркідегі “қатұн” сөзі сияқты ғұн әйелінің мәртебесін білдіретін сөз. Бұл сөз дыбысталуы және әйел деген мағынасы жағынан “абысын-ажын” дегендегі “ажын” сөзіне жақын. Осы сияқты ежелгі оқылуы мен мағынасы жағынан сәйкес келетін қазір белгілі деген Ғұн сөздері: 单于 *danyu* дарқан; 烟支 *yanzhi* еңлік (өсімдік шөп); 居次 *juci* қыз; 当户 *danghu* тарқан; 经落 *jingluo* чинрақ (көне. түркіде қылыштың бір түрі); 逗落 *duoluo* топырақ, мола; 欧脱 *ow to* отар (мал отары); 薄类 *boli* бөрі; 头曼 *touman* түмен; 仆谷 *bugu* бұғы; 秀支 *xiuzhi* сүгү, сүг (көне түркіше әскер) т.б. үлгісінде хатқа түскені белгілі болды[2] (К. Ғабитханұлы, 2001: 3-1366).

Түркі сөздері:

特勤 *тегін*, қазіргі оқылуы *tejin*; 设 *shi*, *шад*; 颉利发 *jielifa*, *іртбер*; 侏斤 *yijin*, *іркін*; 吨吐 *tuntu*, *түрмін*; 梅录 *meilu*, *бұйрық*; 吐门可汗 *tumenkehan*, *Түмен қаған*; 薄类可汗 *polikehan*, *Бөрі қаған*; 乌介可汗 *wujiakehan*, *Үка қаған*; 乌介特勤 *wujiatejin*, *Үка тегін*; 可汗

kehan, қаған; 可敦 **kedun**, қатұн; 叶护 **yehu**, ябғұ; 阿拔 **aba**, ана; 莫贺 **mohe**, баға; 每与难支 **meiyunanzhi**, бай инанышы (инал көне түркі “сенім”); 地略 **dilue**, тірек; 拽利 **zhuali**, ел; елші; 达干 **dagan**, тарқан; 独 呈 **tuchi**, тұғшы (ту ұстайтын, мәселен 独呈相温 **duchi xiangwen**, тушы саңғұн) т.б. үлгісінде хатқа түскен [3]

Бұл көрсеткендер көне түркі тіліндегі атақ-лауазымға байланысты қытай жылнамаларындағы ономастикалық атаулардың қазірге салыстырып оқып анықталғандарының бір бөлімі ғана, көріп отырғанымыздай олардың көбінің қазіргі оқылуы ежелгі дыбысталуынан өзгешерек болған. Бұларды біз тек мысал ретінде ғана көрсетіп отырмыз. Ескерте кететін және бір жағдай, қытайлар ономастикалық атауларға дыбыстық транскрипция жасаған кезде бір атауды дыбысталуы жақын ұқсамаған иероглифтермен әр түрлі транскрипциялаған. Мәселен: *Түмен* дегенді 头曼, 土门, 土曼; *Юежы* дегенді немесе *Натишелерді* 月氏, 禺氏, 和氏, 牛氏, 肉氏; *Біліз* дегенді 米里, 美犁, 密里; *Бұйрық* (Buuruq) дегенді 密禄, 密六, 媚禄; *Тегін* дегенді 特励, 狄银, 地因, 焄隐; *Арғын* дегенді 儿浑, 阿尔浑, 阿鲁虎, 阿鲁忽; *Бесбалық* дегенді 八失巴里, 别失巴里; *Баласағұн* дегенді 巴拉沙滚, 别 刺撒浑; *Байырқу* (ру аты) дегенді 拔野古, 拔也古 сол сияқты *Талас* яғни *Тараз*, қаласының аты Ханнамада (Ханнама авторы Бангу, б.э. 7-8 жылы жазылып болған) 都赖, түрінде хатқа түссе Таң дәуірінде (618-907 жылдар) 坦罗斯, 塔拉寺, 塔刺思, үлгісінде хатқа жазылған[4]. Мұндай жағдай қытай ероглифтерімен хатқа түскен түркілік атауларды реконструкциялау жұмысын қиындататыны сөзсіз

2. Мағыналық аударма арқылы хатқа түскен ономастикалық атаулар.

Қытайлар болсын, көшпенділер болсын қажеттіліктен бір-бірінің тілдерін үйренгені анық. Қытай деректерінде олардың бәрінің өз ордаларында тілмаш яғни аудармашы (тілмаш лауазымы болған) ұстайтындығы жазылған. Деректерде Қытай жихангерлері мен елшілері көшпенділер жеріне келгенде қастарына сол елдің тілін жетік меңгерген тілмаштар ертіп жүрген. Тіпті қытай елшісі Жан Чиян ғұндарға келген бір сапарында онда қолға түсіп, ғұн әйеліне үйленіп он жылдай тұрып қалған. Сондықтан да қытайлар өз көршілерінің тілін жақсы білген деп айта аламыз. Жылнамалардағы көптеген түркілік ономастикалық атаулардың өз мағынасында баламасымен аударылып хатқа түскені де соның дәлелі болса керек. Мәселен. 左贤王 *сол білге хан* бұндағы 左 *сол* 贤 *білге* 王 *хан* деген сөздердің аудармасы. Сол сияқты 右贤王 *оңбілгехан*; 右大将 *оңсардар*; 左大将 *солсардар*; 左大都尉 *сол аға бас жасауыл*; 右大都尉 *оң аға бас жасауыл* т.б. Қытай деректерінде бұлардың бәрінің ғұндардың лауазым атақтары екендігі айтылған, сонымен бірге олардың орны қызметі көрсетілген. Өкініштісі, бұлардың кезінде ғұн тілінде қалай аталатындығын біз білмейміз. Сол сияқты қытай жылнамаларында ежелгі Үйсін елінің астанасы 赤谷 (қазіргі оқылуы *chí gu*) деп хатқа түскен (оның қазіргі орны туралы бірнеше пікір бар, яғни Текес өзенінің бойында; Ыстықкөлдің маңында т.б.). Бұл атауды зерттеушілер *Қызыл қорған*, *Қызыл қамал* деп аударып қолданып жүр. Яғни мұндағы 赤 *chí* біздің тілімізде қызыл дегенді 谷 *қорған*, *қамал* деген мәнді білдіреді. Біздіңше, бұл расында да мағыналық аудармамен жасалған ономастикалық атау. Сол сияқты деректерде Үйсін астанасына жақын жердегі елді мекен 千泉 (қазіргі оқылуы *qiān quán*) мағынасы *Мыңбұлақ*, яғни қытай тілінде 千 *qiān* *мың* дегенді білдірсе 泉 *quān* *бұлақ* деген мәнді білдіреді. Қытай деректерінде ежелгі түркілердің өсіп-өнген жері: 金山 (қазіргі оқылуы *jīn shān*) екендігі айтылады. Яғни бұл кәдімгі *Алтай тауы* деген сөз. Мұндағы 金 *jīn* *алтын* мәнін білдірсе 山 *shān* кәдімгі *тау* деген сөз. Сол сияқты бізге таныс 天山(Tian shan) Тянь-шань тауы. Түсініктірек болу үшін бұл атауға кеңірек тоқталып өтуді жөн көрдік.

Тянь-Шань ([қаз.](#) *Алатау*, *Тәңіртау* [қырғ.](#) *Ала-Тоо*, *Теңир-Тоо*; [таж.](#) *Тиён Шон*; [қыт.](#) 天山, [пиньинь:](#) *Tiānshān*; [уйғ.](#) تەڭرىتاغ, *Тәңри таг*, [өзб.](#) *Tyan Shan*, [монғ.](#) *Тэнгэр уул*) — негізінен орта азия жеріне орналасқан әлемдегі әйгілі тау сілемі. Тәңіртауы тау сілемдері — Қазақстан, Қызғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қытай (Қытайдың Шыңжаң ұйғыр автономиялы өлкесі) бес елдің жерінен өтеді.

Тәңір тауының айналасы ежелден қазіргі түркі тілдес халықтардың арғы ата-бабалары саналатын сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар және т.б көне түркі ру-тайларының құт мекені. Сандаған ғасыр тарих көшінде олар тау бауырлап, өзен жағалап, шөптің шүйгінін қуалап, жыл мезгілі маусымға қарай қоныс алмастырып, көшпелі шаруашылықпен шұғылданды. Тәңір тауы олардың өмір сүруінің өзегі, қайнар көзі болды сол себепті де осы бір киелі тауды «тәңір тауы» деп атады. «Тәңіртауы» атауының бірінші сыңарындағы тәңір сөзі ежелгі шумер тілінде дингер – «құдай», «аспан», ғұн тілінде 撑犁 *chengli* ежелгі оқылуы *tengli* болып, «аспан», «құдай», «әмірші» мәніндегі сөз екені айтылса, көне түркі тілінде тәңгі сөзінің «аспан», «құдай», «әмірші», «билеуші» деген мағыналарға ие екені белгілі.

Ежелгі түркі мифологиясында Тәңір адамның, халықтың, мемлекеттердің, жалпы табиғаттың барлық болмысын анықтап, тағдырларын шешетін үлкен күш ұғымында беріледі. Тарихи деректерде көне түркілердің ата-бабалары саналатын ғұндар да «тәңір» деген құдайға табынған. Олардың бүкіл өмірі тәңіртауымен тығыз байланысты балғандықтан, тәңіртауына шексіз табынған. Тәңіртауын өзін асыраушы құдай, тағдырын шешетін тылсым күш деп түсінген. Сондықтан бұл тауды «тәріртау» деп атаған.

Тәңіртауының ежелгі аты б.з.д. 3 ғасыр мен 16 - ғасырға дейінгі дәуірлерде хатқа түскен қытайша жазба деректерінде кездеседі. Мәселен, қытайдың Шығыс және Батыс хан патшалығы дәуірі (б.з.д 206 жылдан б.з 220-жылдар) тұсында қытайлар тәңіртауын «бейшан» (北山 теріскейдегі тау) деп хатқа түсірсе, Вый, Жин, Оңтүстік-Солтүстік патшалықтар дәуірінде (б.з 220-589-жылдардағы) жазба тарихтарда «танханшан» (贪汗山 *tan han shan*) деп жазылған. Сүй патшалығы (581-618 жылдар) мен Таң патшалығы (б.з 618-907-жылдар) тұсындағы тарихнамаларда «байшан» (白山 *Baishan*), «шилуоманшан» (析罗漫山 *xi luo man shan*), «а хы тянь шань» (阿褐田山), «тянь шань» (天山) деген аттармен аталған. Суң патшалығы (618-1279 жылдар), Юан патшалығы (1271-1368 жылдар), Миң патшалығы (1368-1644-жылдар) тұсындағы тарихнамаларда 天山 (*tian shan*) «тяньшань» деп аталумен бірге, «тәңіртау» (腾乞里塔 *teng ge li ta*) деп дыбысталуы бойынша да хатқа түскен. Чиң патшалығы дәуіріндегі (1644-1911-жылдар) тарихнамаларда негізінен 天山 (*tian shan*) «тянь шань» деген атқа тұрақтаған.

Қытай тарихнамаларында «Тәңіртаудың» әр дәуірде әр түрлі дыбысталып немесе аударылып, ұқсамаған иероглифтермен хатқа түсуі, сол дәуірлердегі тарихи жағдаятпен тығыз байланысты болған еді. Қытайдың Таң патшалығы дәуірінде жазылған «географиялық баян» деген еңбекте «Тарихнама. Ли Гуаңли өмірбаяны» деген тараушасындағы дерекке сүйеніп: бейшан (北山) тауының басынан қыстада қар кетпейді, ғұндар оны Тәңіртау (天山 *тяньшань*) деп атайтын-делінген [5]

Ғұндар тіліне жататын біраз сөздер атақты қытай тарихшысы Сыма Чиянның (б.з.д 145-90 жылдар өмір сүрген) «Тарихнама. ғұндар баяны» ең алғаш хатқа түскен еді. Онда: «ғұндар тянь (天 тәңір, аспан) деген сөзді 撑犁 деп атайды» деп айтылған. 撑犁-дің ескі қытай тіліндегі дыбысталуы *teng li* болып, бұл дәл ғұнша «тәңір» деген сөздің қытайша дыбысталуы және қытай иероглифімен таңбалануы еді [Ғабитханұлы, 2001: 3-1366]. Демек, сонау ғұндар заманында да жыл санаудан бұрынғы үшінші ғасырларда тәңіртауды дәл бүгінгідей «тәңіртау» деп атаған. Ал енді «тарихнама» мен «ханнама»-ларда тәңіртауды кейде «бейшан» (北山 солтүстіктегі тау деген мағынада, кейде «наншан» (南山 оңтүстіктегі тау деген мағынада) деп дерекке алынуы, қытай саяхатшыларының батыс өңірге жасаған сапары тұсында, тәңір тауының, тарым ойпатының солтүстік тұсындағы сілемін «бейшан» деп, оңтүстіктегі қарақұрым тауларын «наншан» деп хатқа түсіруіне байланысты болса керек.

Ал енді Вый, Жин, Оңтүстік-Солтүстік патшалықтар дәуірінде (б.з.д 206 жылдан б.з 220-жылдар) Тәңіртаудың «тәнхәншан» (贪汗山 *tan han shan*) деп хатқа түсуі ежелгі түркі тіліндегі «тәңірхантау» деген сөзінің қытай иероглифтерімен аударма араласқан транскрипциялануы еді. Яғни, «тәңірхан» деген сөз 贪汗 *tan han* деген дыбыстық аудармамен

түссе «тау» деген сөзді мағыналық аудармамен 山 (shan) деп алған. Тәңір тауының «хан тәңірі» атты биік шыңы бар екенін ескерсек осының бәрі тарихи деректермен сәйкесіп тұрғандай.

Ал енді «а хы тянь шань» (阿揭田山 fa he tian shan) деген сөз түрікше «ақ тәңіртау» деген сөздің қытайша иероглифпен аударма араласқан транскрипциялануы еді. «Байшан» (白山 bai shan) сөзі болса түрікше «ақ тау» деген сөздің төте қытайша аудармасы еді. «Ақ тау» дегендегі «ақ» сөзінің және бір мағынасы ежелгі тілімізде «батыс» деген мағынада жұмсалғанын, сонымен бірге тәңір тауы болса сол тұстағы қытайлар үшін расында олардың батысына орналасқанын, Орта Азия өңірін қытай деректерінде «батыс өңір» (西域 xī yu) деп жазып келгенін ескерсек, бұл айтқан сөзіміз дәлелдене түседі. Оның үстіне Қытай тілінде де бай (白 bai) яғни «ақ» сөзінің батыс деген мағынасы бар.

Тәңіртау туралы қытай тарихнамаларында кезесетін деректер, олардың түрлі иероглифтермен хатқа түскеніне және дыбысталуының бір-бірінен қалай парықталуына карамастан, тоқ етері, оның бәрі ғұн тіліндегі «тәңір» деген сөзбен байланысты екені белгілі болып отыр. Бұл айтылғандар әрі тарихи фактілерге де сай келеді. Өйткені жыл санаудан бұрынғы үшінші ғасырдың алды-артында тәңіртау өңірі ғұн империясының территориясында орналасқан. Тәңір тауының айналасы ежелден қазіргі түркі тілдес халықтардың арғы ата-бабалары саналатын сақтар, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар т.б көне түркі ру-тайларының құт мекені. Сандаған ғасыр тарих көшінде олар тау бауырлап, өзен жағалап, судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуалап, жыл мезгіліне қарай қоныс алмастырып, көшпелі шаруашылықпен шұғылданды. Тәңір тауы олардың өмір сүруінің өзегі, қайнар көзі болды, сол себепті де осы бір киелі тауды «тәңір тауы» деп атады. «Тәңіртауы» атауының бірінші сыңарындағы «тәңір» сөзі ежелгі шумер тілінде дингер – «құдай», «аспан», ғұн тілінде 撑犁 chengli ежелгі оқылуы tengli «аспан», «құдай», «әмірші» мәніндегі сөз екені айтылса, көне түркі тілінде тәңгі «аспан», «құдай», «әмірші», «билеуші» деген мағыналарға ие болған. Оның себебі, ежелгі түркі мифологиясында «тәңір» адамның, халықтың, мемлекеттердің, жалпы табиғаттың барлық болмысын анықтап, тағдырларын шешетін үлкен тылсым күш.

Тарихи деректерде көне түркілердің ата-бабалары саналатын ғұндар да «тәңір» деген құдайға табынған. Олардың бүкіл өмірі тәңіртауымен тығыз байланысты балғандықтан, тәңіртауына шексіз табынған. Тәңіртауын өзін асыраушы құдай, тағдырын шешетін тылсым күш деп түсінген. Сондықтан бұл тауға «тәңір» деген сөзді қосып «тәріртау» деп атаған. Неше мың жылдан келе жатқан тарихи атауды қытайлар болса бертін келе баспа-бас аударып 天山 Тянь шань (天 tian мағынасы тәңір, құдай, жаратушы; 山 shan мағынасы тау) деп алса, орыс географы, әрі саяхатшысы Петр Петрович Семёнов Тянь-Шанский 1856-1857 жылдары тәңіртауын картаға «Тянь-Шань» деген қытай атауымен ғылыми айналысқа түсірді. Тіпті өз фамилиясын Тянь-Шанский деп өзгертті. Сол себепті бүгінде ғылыми әдебиеттерде «Тянь-Шань» атауы көбірек қолданыста.

3. Жартылай дыбыстық жартылай мағыналық аударма арқылы хатқа түскен ономастикалық атаулар.

匈奴城 Ғұн қаласы мұндағы 匈奴 (Xiong nu) Ғұн 城 cheng қала дегенді білдіреді. 白狄, 赤狄 сөздері қазір ақ тиек, қызыл тиек деп аударылады. Мұндағы 白 ақ, 赤 қызыл дегенді білдірсе 狄 (қазіргі оқылуы di) ғұндардың ежелгі атауы болып сол кезде тиек дегенге жақын оқылған. Бұл негізінен осы этностың қызыл-оңтүстік, ақ-батыс деген ұғымдағы географиялық орналасуына байланысты айтылса керек. Сол сияқты 单于城 тәңірқұт қаласы. 母阏氏 оқылуы m uan zhi мұндағы 母 mu сөзі қытай тілінде ана, шеше деген мәнді білдірсе, 阏氏 uan zhi яғни анжы (абысын-анжы) деп ғұндар тәңірқұт әйелдері мен қыздарын атаған. 三姓乌护 үш оғыз, 九姓乌护 тоғыз оғыз; сол сияқты қытайлар жағынан қойылған 保义可汗 (сенімді ақтайтын қаған), 崇德可汗 (әділетті қаған), 昭礼可汗 (дәстүрді жалғастырушы қаған), 彰信可汗 (сенімді қаған) т.б. атаулар кездеседі. Жоғарыда аталған ономастикалық атаулардың үш түрінен басқа және де негізінде түпнұсқа қытайша, бірақ көне түркілер олардан дыбысталуы бойынша қабылдап алған атаулар да кездеседі. Мәселен Саңғұн дегенді 相温 (xiang wen) деп

Формирование толерантного отношения у учащихся младших классов – сложный процесс. И здесь без помощи школьного психолога и классного руководителя не обойтись. Прежде всего, понятно, что нам следует обратиться за помощью к психологу. То есть невозможно планировать развивающую работу без диагностики уровня толерантности человека. Поэтому психологу необходимо определить уровень развития личностной толерантности различными методами.

На этом этапе, прежде всего, необходимо определить условия правильных и неправильных отношений учащихся со сверстниками. Поэтому мы использовали метод В.В. Бойко «Определение межличностных отношений студентов» [20].

Обсуждение. Анализ результатов

Большое значение имеет методика В. В. Бойко «Определение межличностных отношений учащихся», то есть анкета для определения отношений учащихся младших классов друг к другу. Методика состоит из 25 вопросов. Оно проводилось с помощью психолога и классного руководителя.

Очень простой, удобный в использовании. Учащиеся слушают каждое предложение и отвечают «да» или «нет». В эксперименте приняли участие 65 учеников начальной школы. Из них в опросе приняли участие 32 ученика 3-го класса и 33 ученика 4-го класса.


Обработка результата осуществляется по четырем показателям:

- Проверьте себя: у вас есть понятие ценить людей. Покажите меру согласия с мнениями, как и в предыдущем случае, выставив баллы от 0 до 3. По мере увеличения количества баллов увеличивается их мнение о своих сверстниках и способность их оценивать;
- наличие негативного отношения, основанного на мнении одноклассников, неумение общаться;
- имеет склонность к устранению необоснованных отрицательных мнений об одноклассниках, к перевоспитанию друга-одноклассника;
- несмотря на негативный опыт личных отношений со сверстниками, наблюдается толерантность поведения.

Таблица 2 – Результат опроса по методике В.В. Бойко

Количество участников эксперимента	Показатели							
	Оценка сверстников		Неумение вступать в отношения		Снова выбирает друга, одноклассника, партнёра		Поведенческая толерантность	
	п	%	п	%	п	%	п	%
3-класс (32) ЭТ	8	12,3	6	9,23	8	12,3	10	15,3
4-класс (33) БТ	9	13,8	5	7,69	12	18,4	7	10,7
Всего: 65 учеников	17	26,1	11	16,92	20	30,7	17	26

Анализ результатов опроса. Всего в опросе приняли участие 65 учащихся младших классов, как мы уже говорили выше, 32 ученика 3-го класса, то есть в ЭТ, из них 8 учеников ответили «да» по шкале «оценка сверстников» по итогам опроса. Его показатель составил 12,3%. А в БТ «да» по этой шкале ответили 9 студентов, из них 13,8%. Итого – 26,1%. В следующей шкале 6 студентов ЭТ, что составляет 9,23%, и 5 студентов БТ, т.е. 7,69%, имеют негативное отношение, основанное на их мнении об одноклассниках, «неумение вступать в отношения», всего 16,92%. 8 студентов ЭТ, 12,3%, по шкале «устранение необоснованного отрицательного мнения об одноклассниках, имеют склонность к перевоспитанию одноклассника» в анкете; и 12 студентов, 18,4%, в сумме показывают 30,7%. В следующей и последней шкале у 10 студентов ЭТ наблюдается «поведенческая толерантность», несмотря на негативный опыт личного взаимодействия со сверстниками, что составляет -15,3%; и 7 студентов, т.е. 10,7%, всего определили 26%. Результаты этих показателей можно увидеть в таблице 2 и на рисунке 2.



2-рисунок / Схема результатов опроса на контрольном этапе эксперимента

Поэтому необходимо провести экспериментальную работу по развитию толерантных отношений учащихся младших классов со сверстниками, обращаясь к теоретическим и экспериментальным процессам. Он основан на результатах детектирующего эксперимента. Поэтому в дальнейшем мы подготовим методику медитативно-мотивационной работы по развитию толерантных отношений учащихся младших классов со сверстниками, упражнения, направленные на практическое освоение толерантных коммуникативных достижений, это определенные факторы, которые влияют на овладение коммуникативным менеджментом. навыков, развитие навыков толерантного общения. Предложим упражнения, связанные с овладением системой общения в педагогической ситуации.

Заключение

В данной статье мы проанализировали теоретические и методические аспекты развития толерантного отношения учащихся младших классов, анкетирование было проведено по методике В.В.Бойко и проанализированы результаты.

Толерантное отношение учащихся младших классов к сверстникам включает следующие механизмы поведения участников совместной деятельности: сплоченность (действия, эффективно влияющие на достижение результата); наблюдение за небольшими изменениями в поведении; научиться распознавать «психологические симптомы» по внешним поведенческим признакам человека; во время отношений всегда думаю о девушке; меняет свою систему общения, наблюдая за изменениями поведения одноклассника. и т. д. можно отличить.

В заключение предлагаем следующие рекомендации по развитию толерантных отношений у учащихся младших классов:

- внедрение методических проектов, направленных на толерантное отношение учителей начальных классов;
- подготовка плана планомерной работы совместно с семьями студентов. В совокупности все это повышает способность младших школьников адаптироваться к новой ситуации общения за счет развития терпения, толерантности, самообладания, моральных качеств.

ЛИТЕРАТУРА

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – 2012, желтоқсан. - №828-831 (27902).
2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы. ISBestProfi © (дата обращения 22.04.2020)
3. Дж.Реале., Д.Антисери Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін. Алматы,2012. - 167 б.
4. Лекторский В.А. О толерантности, плюрализме и критицизме //Вопросы философии. - 1997. - №11. - С. 46 - 54.
5. Уолцер М. О терпимости/пер. с англ. яз. И. Мюрнберг. - М.: Идея-Пресс; Дом интеллектуальной книги, 2000. - 160 с.
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
7. Словарь иностранных слов. - М.: Русс.яз., 1988. - С. 624.
8. Субъект//Философия: Энциклопедический словарь. — М.: Гардарики. Под редакцией А.А.Ивина. 2004.
9. Үлкен кеңес энциклопедиясы «Совет энциклопедиясы». - Үлкен Ресейлік энциклопедия баспа үйі,1979-2001.
10. Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік/жалпы ред. басқарған проф. Ш.К. Беркімбаева, проф.А.Қ.Құсайынов. –Алматы:ROND &A баспасы, 2007. - 248 б.11.
11. Turalbayeva A., Sultanbek M., Utyupova G., Aidarov B., Uaidullakzy E., Zhumash Zh., Uzunboyly H. The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal of Sciences and Research // Ponte. -2017. - V.73.- Iss.4. - P. 239-251.
12. Клепцова Е.Ю. Психология и педагогика толерантности: учеб. пособие. – М.: Академическийпроект, 2004. – 173 с.
13. Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. Жить в мире с собой и другими (тренинг толерантности для подростков). - М.: Изд-во Генезис, 2000. - С. 68
14. Маслоу А. Мотивация и личность.Серия Мастера психологии. - СПб.: Питер, 2008. – 352 с.
15. Франкл В. Человек в поисках смысла. - М., 1994. – 368 с.
16. Олпорт Г.В. Становление личности: Избр./под.общ. ред. Д.А. Леонтьева. – М.: Смысл, 2002. – 462 с.
17. Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. - М.: Смысл, 2007. - 528 с.
18. Ковальчук М.А., Рожков М.И., Байбородова Л.В. Воспитание толерантности у школьников: учебно-методическое пособие. – Ярославль: Академия развития: Академия Холдинг, 2003. - С. 192.
19. Педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования/П.И.Пидкасистый, В.А.Мижеригов, Т.А.Юзе-фавичус; под ред. П. И. Пидкасистого. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательский центр «Академия», 2014. — 624 с. — (Сер. Бакалавриат). ISBN 978-5-4468-0229-6.
20. Бойко В.В. Социалистический реализм и смена культурной парадигмы: Поэты «фронтового» поколения. Социокультурный феномен шестидесятых. - М.: РГГУ, 2008. - С. 104-125.

REFERENCES

1. Address of the President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy N.A. Nazarbayev to the People of Kazakhstan entitled «Kazakhstan – the new political direction of the state with the 2050» Strategy // Independent Kazakhstan. – 2012, December. - №828-831 (27902)
2. Law N 319-III of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 on education. IS BestProfi © (date of review 22.04.2020)
3. J. Reale., D. Antiseri Western philosophy: from its beginnings to the present day. Almaty, 2012. - 167 p.
4. Lektorsky V.A. On Tolerance, Pluralism, and Criticism // Issues of Philosophy. - 1997. - No. 11. - P. 46 - 54. [in Russian]
5. Walzer, M. On Tolerance / Translated from English by I. Murnberg. - Moscow: Idea-Press; House of Intellectual Book, 2000. - 160 p. [in Russian]
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
7. A Dictionary of Foreign Words. - M.: Russ. lang., 1988. - P. 624. [in Russian]
8. Subject // Philosophy: Encyclopedic Dictionary. — Moscow: Gardariki. Edited by A.A. Ivina. 2004. [in Russian]
9. Big Soviet Encyclopedia «Soviet Encyclopedia». – Big Russian Encyclopedia Publishing House, 1979-2001.
10. Pedagogy: Kazakh and Russian explanatory terminological dictionary (general ed. Headed by prof. SHK. Berkimbaeva, prof. A.K. Kusayinov. – Almaty: ROND & A publishing house, 2007. – p. 248. 11.
11. Turalbayeva A., Sultanbek M., Utyupova G., Aidarov B., Uaidullakzy E., Zhumash Zh., Uzunboyly H. The general preparation of the training of elementary school and the family and the education of gifted children school in cooperation principles International Journal of Sciences and Research // Ponte. -2017. - V.73.- Iss.4. - P. 239-251. [in English]
12. Kleptsova E.Yu. Psychology and Pedagogy of Tolerance: Study Guide. – Moscow: Academic Project, 2004. – 173 pages. [in Russian]
13. Soldatova G.U., Shaigerova L.A., Sharova O.D. Living in Harmony with Oneself and Others (Tolerance Training for Adolescents). - Moscow: Genesis Publishing House, 2000. - p. 68 [in Russian]
14. Maslow A. Motivation and Personality. Master of Psychology Series. - St. Petersburg: Peter, 2008. - 352 p. [in Russian]
15. Frankl V. Man's Search for Meaning. - Moscow, 1994. - 368 pages. [in Russian]
16. Allport G.V. Formation of personality: Izbr. / Pod.obshch. Ed. by D.A. Leontiev. – Moscow: Smysl, 2002. – 462 p. [in Russian]
17. Asmolov A.G. Psikhologiya lichnosti [Psychology of personality: cultural and historical understanding of human development]. - Moscow: Smysl, 2007. - 528 p. [in Russian]
18. Kovalchuk M.A., Rozhkov M.I., Baiborodova L.V. Vospitaniye tolerantnosti u shkol'nikov: uchebno-metodicheskoe posobie [Upbringing of tolerance in schoolchildren]. – Yaroslavl: Academy of Development: Academy Holding, 2003. - P. 192. [in Russian]
19. Pedagogy: a textbook for students. Institutions of higher education. prof. education / P.I. Pidkasisty, V.A. Mizherikov, T.A. Yuze-favichus; ed. by P. I. Pidkasistoy. — 2nd ed., revised and supplemented — Moscow: Publishing Center "Academy", 2014. — 624 p. — (Ser. Bachelor's degree). ISBN978-5-4468-0229-6. [in Russian]
20. Boyko V.V. Socialist Realism and Change of the Cultural Paradigm: Poets of the "Front" Generation. Socio-cultural phenomenon of the sixties. - Moscow: RGGU, 2008. - P. 104-125.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Каракулова М.С.^{1*}, Шарипова А.Б.¹, Аманқосова А.Қ.¹, Бегимова М.М.²

¹ Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан

e-mail: marzhan.karakulova@yu.edu.kz, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz,
e-mail: ayagoz.amankossova@yu.edu.kz

² Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: malikabegimova@gmail.com

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларындағы толерантты қарым-қатынасты дамытудың теориялық-әдіснамалық аспектілері қарастырылады. «Толеранттылық», «қарым-қатынас» ұғымдарының мәні философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан жан-жақты талданады. Зерттеу барысында толерантты қарым-қатынастың көп жақты және көп функционалды құбылыс екендігі, оның негізінде өзара әрекеттесу сипаттары жататыны анықталады.

Мақалада толерантты қарым-қатынастың философиялық мәні мәдениетті мінез-құлық, таным, ойлау әрекеті, ақыл-парасаттылық, қарым-қатынас және белсенділік сияқты сапалар арқылы сипатталады. Сонымен қатар, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан бұл ұғым тұлғаның немесе заттың ерекшеліктерін қарсылықсыз, күштеусіз қабылдауға дайындығы мен қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамытудың қазіргі жағдайын анықтау мақсатында диагностика жүргізілді. Анықтау эксперименті барысында В.В. Бойко әдістемесіне негізделген сауалнама қолданылып, оның нәтижелері талданды. Жүргізілген зерттеулер негізінде бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамыту бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар ұсынылды.

Түйін сөздер: толеранттылық, қарым-қатынас, өзара әрекеттестік, төзімділік, толерантты қарым-қатынас, субъект-субъектілі әрекеттестік.

SOME PROBLEMS OF DEVELOPING A TOLERANT ATTITUDE IN PRIMARY SCHOOL PUPILS

Karakulova M.C.^{1*}, Sharipova A.B.¹, Amankossova A.K.¹, Begimova M M.²

¹ Университет Есенова, Ақтау, Казахстан

e-mail: marzhan.karakulova@yu.edu.kz, e-mail: aigerim1.sharipova@yu.edu.kz,
e-mail: ayagoz.amankossova@yu.edu.kz

² Каспийский общественный университет, Алматы, Казахстан
e-mail: malikabegimova@gmail.com

Abstract. This article examines the theoretical and methodological aspects of developing tolerant communication among primary school students. The concepts of "tolerance" and "communication" are thoroughly analyzed from philosophical, psychological, and pedagogical perspectives. The study highlights that tolerant communication is a multifaceted and multifunctional phenomenon characterized by its basis in interactive relationships.

The article describes the philosophical essence of tolerant communication, which is represented through qualities such as cultured behavior, cognition, intellectual activity, rationality, communication, and engagement. Furthermore, from psychological and pedagogical perspectives, this concept is interpreted as an individual's or a subject's readiness and ability to accept differences without resistance or coercion.

To identify the current state of tolerant communication among primary school students, diagnostic research was conducted. The identification experiment involved a survey based on V.V. Boyko's methodology, and the results were thoroughly analyzed. Based on the findings, scientific and practical recommendations were proposed for fostering tolerant communication among primary school students. The study also outlines effective methods and strategies aimed at developing tolerance as a cultural and social competency within the school environment.

Keywords: tolerance, communication, interaction, tolerance, tolerant attitude, subject subject interaction.

ӘӨЖ 908(045)
ХҒТАР 03.81.99
DOI 10.56525/BMSD7907

З.ИЖАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҢҒЫСТАУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРҒА ШОЛУ

О.Д. Табылдиева*, Р.А. Сидешова

Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан

e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz, e-mail: roza.sideshova@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада 1920-жылдардың ортасында Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік-саяси өзгерістердің аграрлық құрылымға тигізген әсері қарастырылады. Осы тұрғыда 1925 жылы желтоқсанда өткен Қазақстан коммунистік партиясының Өлкелік бесінші конференциясында байлар мен кулактарға қарсы бағытталған саясатты белсенді түрде жүзеге асыру үшін Адай уезінде ұйымдастырылған «Қосшы» одағының құрылу тарихы мен негізгі мақсаты зерделенеді. Зерттеудің мақсаты және міндеттері - «Қосшы» одағының құрылуы; тап күресі идеясын негізге алған бұл ұйымдардың ауылды кеңестендірудегі рөлі; Адай уезіндегі «Қосшы» одағының құрылуын қарастыру. Мақалада архив деректері негізінде жазылған, белгілі мұрағаттанушы З.Ижановтың «Ащы сабақтар» кітабы бойынша 1926-1930 жылдары Адай округінде ұйымдастырылған «Қосшы» одағының тарихы, сол кезеңдегі өңірдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы талданады. «Қосшы» одағының дамуы 1929 жылдан кейінгі күштеп ұжымдастыру мен қуғын-сүргін саясатының алғышартын қалыптастырды. Осылайша, бастапқыда қарапайым шаруалардың мүддесін қорғайтын ұйым ретінде құрылған «Қосшы» Кеңес үкіметінің ауылдағы әлеуметтік таптарды қайта қалыптастыру құралына айналды. Бұл оқиғалар Қазақстандағы Кеңес дәуіріндегі саяси-экономикалық өзгерістердің күрделі сипатын көрсетеді. «Қосшы» ұйымының тарихын зерттеу – ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен таптық жіктелудің қалай жүзеге асқанын түсінуге мүмкіндік береді. "Қосшы" одағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің маңызды институттарының бірі ретінде кеңестік реформалардың жүзеге асырылуына елеулі ықпал етті. Бұл ұйым аграрлық қайта құрулар кезеңінде ауыл кедейлерін біріктіріп, социалистік жүйеге бейімдеу құралы ретінде қолданылды. Алайда, уақыт өте келе оның қызметі жойылып, кейінірек ұжымдастыру саясатының аясында толығымен кеңестік әкімшілік-бюрократиялық аппаратқа сіңісіп кетті.

Түйін сөздер: «Қосшы» одағы, Адай уезі, ұжымдастыру, кулак, жер мәселесі, ауыл кедейлері

Кіріспе. Кеңес билігі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қайта құруларды жүзеге асыру барысында түрлі ұйымдар мен одақтардың қызметіне ерекше мән берді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мен кеңестендіру үдерісінде кооперативтер, ККОВ (шаруалардың қоғамдық өзара көмек беру комитеті), «Қосшы», «Кедей» сияқты құрылымдар белсенді рөл атқаруға тиіс болды.

«Қосшы» одағының негізгі мақсаты – ауыл кедейлерін ұйымдастырып, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту және байлар мен кулактардың ықпалынан арылту болды. "Қосшы" одағының құрылымы көпсатылы жүйеге негізделді: ауылдық, болыстық, уездік деңгейде жұмыс жасайтын бөлімдер ұйымдастырылып, олардың қызметін қадағалау үшін арнайы бюро құрылды. 1926 жылы Қазақ өлкелік "Қосшы" одағын ұйымдастыру бюросының төрағасы болып Д. Хангереев бекітілді, ал оның құрамына Ә. Жангелдин, О. Жандосов, І. Құрамысов сынды қоғам қайраткерлері енгізілді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында архив қорларының құжаттық материалдары қолданылды. Мысалы: Маңғыстау облысының мемлекеттік архивінің 83, 262 қорының

құжаттық деректері және 475/19 Зияда Ижановтың жеке тектік қоры пайдаланылып талдаулар жасалды. Сонымен қатар жазба дереккөзі ретінде ғылыми басылымдар мен құжаттық жинақтардың материалдары пайдаланылды, ғалымдардың тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектерінің материалдарына сілтемелер жасалынды. Архив дереккөздері негізінде Адай округінде ұйымдастырылған «Қосшы» одағының тарихы, сол кезеңдегі өңірдің саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайы егжей-тегжейлі баяндалған З.Ижановтың «Ащы сабақтар» жинағының материалдары да қолданылды. Зерттеудің іргелі принциптері оқиғалар мен фактілерді олардың өмір сүруінің нақты тарихи жағдайларын және бір-бірімен өзара байланыстылығын ескере отырып, тарих ғылымында қалып-тасқан хронологиялық, тарихилық, объективтілік ұстанымдары басшылыққа алынды. Тұлғатану принциптері негізінде З.Ижановтың өмірі мен қызметі де зерттелді.

Зерттеу нәтижелері. XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның экономикалық, қоғамдық, саяси өмірі күрт өзгерді. 1925 жылы 1-7 желтоқсанда өткен Ү Бүкілқазақстандық БКП(б) конференциясы ауылды кеңестендіру бағытын жариялап, өкімет органдары ретінде ауылдық кеңестерді нығайтуды, олардағы байлардың үстемдігін, ықпалдарын жоюды көздеген ұйымдық идеологиялық шараларға, тап күресінің шұғыл шиеленісуіне түрткі болды. Ауылды кеңестендіру жұмысының әлсіздігі жергілікті партия органдарынан емес, қазақ байынан және рулық қатынастан көрді. Қазақ ауылының қазіргі жағдайын жақсы білетін қазақ басшыларды қудаланып, ұлт мәселесіне, жерге орналастыруға, ауылды кеңестендіруде жергілікті ерекшеліктерді ескеруді ұсынған батыл пікірлер есепке алынбады. Бұл кезеңде негізінен үш саяси-әлеуметтік науқанды қамтыды: шабындық және жайылымдық жерлерді кедейлерге қайта бөліп беру; ауылды кеңестендіру, билікті кедей-шаруаның қолына беру; ірі байларды меншігінен айырып, олардың мал-мүлкін кәмпескілеу.

Алғашқы шабындық және жайылымдық зерлерді кедейлерге бөліп беру науқаны «қазақ халқының жерді пайдалануы жекелеген шаруашылықтық топтардың жақсы жер иеліктерін иемдену үшін күресі барысында қалыптасты және сондықтан да оның негізінде жерді өзара тең бөлмеу жатты»-деген біржақты қорытындымен нақтыланды [1]. Нәтижесінде, көптеген құнарлы егістік және шұрайлы шабындық жерлер байлар мен кулактардың қолында дегенді сылтау етіп және бұған қарсы қазақ ауылындағы кеңестік құрылысты нығайтуға және патриархалдық-феодалдық қатынастар қалдықтарын жоюға апарады деген желеумен 1926-1927 жылдары республикада шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу науқаны шұңғыл түрде етек жайды. Кеңес өкіметі жерді пайдалануда қазақ ауылында орын алып келген теңсіздікті жою қажет дегенді сылтауратып, байларды әлсірету, осылайша қазақ даласында Кеңес өкіметінің органдарын одан әрі нығайту мақсатын көздеді. Ағайыншылық аясында отырған қазақ ауылының дәстүрлі шырқын бұзу, адамдар арасында таптық негізде от тастап, кедейді байға айдап салу, сөйтіп, жарлы-жақыбайлардың, қара сирақ жалшылардың қолымен ауқаттыларды ауылдағы биліктен ығыстыру саясатын жүзеге асырды.

Жер мәселесіндегі қазақтың билікті маманы Ә.Бөкейханов жер мәселесін шиеленістірмеу үшін үшін: «Қазаққа жер кесілгенде ауылға, ұлысқа, руға өздерінің тілегіне қарай бөлінсін. Жерді бірге алған ру, ауыл, болыс өзі ішінде өздері тәртіп орнатып, әділдікпен пайдалансын. Жер сыбағасы жергілікті халыққа бұрынғы тұрған жеріне, яғни ата қонысына қарай бөлінуі керек», -дегені белгілі. Кеңес өкіметі жүргізген 1926-1927 жылдардағы қайта бөлуде ескерілмейтін мәселе жоңарыдан шешілді, қазақ ауылы әдейі әлеуметтік жіктерге бөлініп, бай мен кедей жау ретінде қарсы қойылып, елді тығырыққа тіреді. Бөліске түскен жайылымдар уәкілдер ауылдан кетісімен бұрынғы ауылдық, рулық меншік тәртібіне қайта оралып, бөлінген жерді бұрынғысынша ағайын арасында рулық негізде пайдалана берді [2].

Қазақ ауылын күштеп кеңестендіру шараларын жүзеге асыруды Қазақтан басшылығы ауылдық кеңестерге 1927 жылы сайлаулар өткізуден бастады. 1927 жылдың сайлауында ауқаттыларды сайлау құқығынан айырды, алғаш рет байды ауылдан ғана емес, сондай-ақ уезден де жер аударуға дейін әкімшілік шаралар қолданылды. Сонымен қатар ел арасында шаруашылық жағдайын білетін белсенді, көзі ашық азаматтарды «зиянды элемент» деген

сылтаумен сайлау құқығынан негізсіз айырып, оларды байға, кулакқа айналдырып, кеңес өкіметіне қарсы насихат жүргізді деген айыптармен соттау әдетке айналды.

Кеңестер өздерінің ұйымдастыру жұмыстарының өздерінің территорияларындағы кооперация, ККОВ (шаруалардың қоғамдық өзара көмек беру комитеті), «Қосшы», «Кедей», т.б. ұйымдар мен одақтар арқылы жүргізді. Қазақстан басшылығы бұл ұйымдардың жұмысын жандандыруға аса мүдделі болды, бірақ тап күресі идеясын негізге алған бұл ұйымдар ауылды кеңестендіруде елеулі рөл атқара алған жоқ. Себебі, ағалған ұйымдардың жаппай байлар мен атқамінелерді іздестіруі керісінше оларды азаматтық қарсы тұру ошағына айналдырды, сондықтан 1926-27 жылдары «Қосшыны» басқаратын құрамның 70 пайызы өз қызметіне лайықсыз деп табылды. «Қосшы» қазақ ауылының әлеуметтік-мәдени деңгейін көтерумен белсенді айналысатын ұйымнан гөрі таптар арасындағы саяси қақтығыстар орталығына айналуына басшылық мүдделі болып, таптық шиеленісті жандандырды. «Қосшы» ұйымы көп кешікпей-ақ ешкімге керексіз ұйымға айналып, таратылды.

Ойластырылмаған асығыс науқандар, табиғи жұттар, қуаңшылықпен қатар жүріп, елдің жағдайы одан әрі ауырлап кетті. Кабинет жағдайында қабылданған шешімдер өмір шындығынан алшақ жатты. Оның үстіне қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмысы социалистік құрылысқа қарама-қарсы қойылып, дәстүрлі көшпенділіктің өзі тағылық, надандық және мәдени артта қалу деп, кеңестік дәуірде жарияланған тарихи еңбектерде «артта қалған, жабайы номадтарды социализмнің сара жолына түсірді» деген тұжырымдармен түсіндірілетін болды.

Қазақстандағы отырықшыландыру саясатының салдары Украинадағы ұжымдастыру мен аштық оқиғаларымен ұқсас болды. Кеңестік билік Украинада «кулактарды жою» науқаны аясында шаруаларды жаппай қудалап, олардың азық-түлік қорларын тәркіледі, бұл 1932-1933 жылдары жаппай ашаршылыққа алып келді. Қазақстанда да ұжымдастыру кезінде малды жаппай тартып алу, шаруаларды күштеп отырықшылыққа көшіру халықтың жаппай аштыққа ұшырауына себеп болды. Бұл саясат екі елде де демографиялық апатқа әкеліп, дәстүрлі шаруашылық құрылымын күйретті.

Қазақстандағы отырықшыландыру салдары туралы тұжырымдар О.Мұхатованың "Тарихи және тарихнамалық деректер" еңбегіндегі «Қазақстандағы отырықшыландыру салдары туралы тұжырымдар» мақаласында кеңінен талқылап, Кеңестік дәуірде жарияланған С.Б. Нұрмұхамедов, Н.Әлімбаев, С.Швецов, М.Сириус секілді ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасайды. Орыстың белгілі ғалымы С.Швецов пен ауыл шаруашылығы маманы М.Сириустың «көшпелі халықтарды артта қалған, мәдениетсіз деп сипаттайтын кеңестік идеологияға қарсы шығып, қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысуының табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Қазақтардың көшпелі өмір салты – табиғи орта мен климаттық ерекшеліктердің нәтижесі, және оны күшпен өзгерту экологиялық апатқа алып келеді. Отырықшыландырудың сәтсіздігі далалық мал шаруашылығының күйреуіне, қазақ шаруаларының ауыр жағдайға ұшырауына және экологиялық өзгерістерге әкелді», - деген тұжырымдарынан үзінді келтіреді.

Қазақстан ауыл шаруашылығындағы социалистік өндіріс тәсілінің қалыптасу үрдісі үлкен шығындармен қатар жүрді. О.Мұхатованың "Тарихи және тарихнамалық деректер" еңбегіндегі С.Б.Нұрмұхамедов пен Н.Әлімбаевтың ғылыми еңбектерін талқылай келе, бұл процесс қазақ шаруаларының жаппай қырылуына әкелген трагедия ретінде сипатталады. Авторлар бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі ретінде кулактар мен байлардың қоғамға қарсы бой көтерулерінің күшеюімен түсіндірілгенін атап көрсетеді. Алайда, бұл көзқарасты қазіргі заманғы тарихнамада сын тұрғысынан бағалап, жаңаша тарихи таным негізінде қарастыру қажеттігі туындады. Қазіргі тарих ғылымы бұл мәселелерді қайта қарастырып, отырықшыландырудың қазақ қоғамына тигізген терең әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зардаптарын объективті бағалауға тырысуда [3].

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін сталиндік-голощекиндік биліктің отырықшыландыру саясаты зорлық-зомбылықпен, асыра сілтеулермен жүргізілгені туралы жаңа зерттеулер жарық көрді. Бұл еңбектерде көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын

күштеп отырықшылыққа көшіру нәтижесінде жаппай ашаршылық орын алып, халықтың бір бөлігі босқындыққа ұшырағаны ашық көрсетілді. Осы мәселелерді зерттеген көрнекті тарихшылар М.Қ.Қозыбаев, Қ.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әділқожин өз еңбектерінде бұл саясатты "сталиндік седентаризация" деп атап, оның қазақ халқына тигізген ауыр зардаптарын жан-жақты талдады [4].

Қазіргі тарих ғылымы көшпелі шаруашылықты түбегейлі жоюдың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық салдарын қайта қарастырып, оның қазақ халқы үшін орны толмас қайғыға алып келгенін дәлелдеп отыр. Сондықтан қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылық жүйесін жойып, оны кеңестік жоспарлы экономикаға зорлықпен енгізу әрекеті тарих ғылымында терең зерттеліп, объективті баға берілуі тиіс.

1920-жылдардың ортасында Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік-саяси өзгерістер аграрлық құрылымның түбегейлі трансформациясына алып келді. Осы тұрғыда 1925 жылы желтоқсанда өткен Қазақстан коммунистік партиясының Өлкелік бесінші конференциясында байлар мен кулактарға қарсы бағытталған саясатты белсенді түрде жүзеге асыру үшін "Жарлы" одағы мен "Жәрдем" комитеттерінің орнына "Қосшы" одағын құру туралы шешім қабылданды. Бұл шешім 1926 жылы 8 ақпанда Қазақстан Өлкелік Атқару комитетінің қаулысымен заңдастырылды.

Одақтың басты міндеттерінің бірі ауыл кедейлерінің мүдделерін қорғау арқылы кеңестік реформаларды қолдау және жүзеге асыру болды. Ауылдық жерлерде "Қосшы" ячейкалары (ұялары) ұйымдастырылып, олардың жұмысына белсенді бақылау жүргізілді. 1926 жылдың өзінде ғана Өлкелік партия комитетінің бюросында 14 рет, Өлкелік Атқару комитетінің президиумында 15 рет "Қосшы" одағының мәселелері талқыланды. Бұл көрсеткіштер кеңес билігінің одаққа ерекше мән бергенін айғақтайды.

«Мұрағат-бұл бір ғажап әлем, тұнып тұрған тарих. Ел мен халықтың қилы тағдырының бәрі осында. Тек табандылық пен төзім, көре білер көз, таңдап-талғай білер талғам, білім қажет» деген өсиет сөздерін қалдырған З.Ижанов Қазақстан Республикасының мұрағат саласында елеулі еңбек еткен зерделі зерттеуші.

1992-1995 жылдар аралығында Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында жетекші ғылыми қызметкер болды. 1995-2004 жылдар аралығында ҚР Ғылым Академиясының тарих және этнология институтында, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатында, Мұрағат ісі және құжаттану жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығында, ҚР Президенті мұрағатында мұрағатшы-аудармашы қызметтерін атқарады.

Зияда Ижанов 1929 жылы 29 наурызда Қызылорда облысының Тереңөзек ауданына қарасты Аламесек ауылдық кеңесінің «Көкпая» елді мекенінде шаруа отбасында дүниеге келген. Халық Ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 1946 жылы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының Қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түсіп, 1950 жылы бітіреді. 1953 жылға дейін жолдамамен Атырау облысының Новабогат ауданындағы Амангелді атындағы орта мектепте еңбек етеді. 1953 жылдан бастап Қызылорда облысындағы Жалағаш елді мекеніне қоныс аударып, Сталин атындағы орта мектептің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1956-1963 жылдар аралығында Жалағаш аудандық партия комитетінің саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, партия комитетінің нұсқаушысы, Жалағаш аймағындағы саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, 1965-1971 жылдар аралығында Жалағаш аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1971-1987 жылдар аралығында осы ауданның оқу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. 1992 жылы зейнеткерлікке шығады [5].

З.Ижанов мұрағаттарда қызмет атқарған кезде халқымыздың тарихы мен тағдырына байланысты тың тақырыптарды көтеріп, тарих қойнауындағы асыл қазыналарды халық игілігіне айналдыруға үлес қосты. Мұрағаттық зерттеулерінің нәтижесінде 400-ден астам мақалалар, «Ащы шындықтар», «Жаралы жылдар», «Мангышлақ», «Тобанияз», «Асыл қазына» атты кітаптары жарық көрді.

3.Ижановтың «Ащы сабақтар» кітабы ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатындағы құжаттарға сүйеніп жазылған еңбек. Кітап екі бөлімнен тұрады:

1-бөлімінде-Адай уезінде (округінде) 1926-1930 жылдары ұйымдастырылған «Қосшы» одағының тарихын баяндап, сол кездегі өңірдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын ашып көрсететін: Адай уезіндегі «Қосшы» одағы осылай құрылды, Солақай саясат, «Қосшы»-жұт жылдарында, «Қосшы» және ауыл шаруашылығы, Отырықшыландыру опа таптырмады, Тазалау ма, талау ма?, Байларды тап ретінде жою-елді тоздыру, «Қосшы» одағы-саяси-ағарту жұмысының ұйымдастырушысы, Дауыл алдындағы дүрлігіу, қосымшалардан тұрады.

2-бөлімінде-Маңғыстау өңірінде өткен тарихи оқиғалар мен оның тарихи тұлғалары туралы жазылған мақалалар мен қолжазбалар берілген.

3.Ижанов Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағат қорларын зерттей отырып, 1920-1930 жылдарда арабша жазылған құжаттарды қазақ тіліне аударды. Адай округіндегі ауылдық кеңестердің құжаттары, арыз-шағымдар, ұжымдастыру, байларды тәркілеу науқандарының құжаттары, кириллицаға көшкенге дейін жазылған араб әріптерімен жазылған құжаттар аударылды. 20-30 жылдар аралығындағы халық басына төнген қасіретті өмір шындығы, қаз-қалпында, мұрағат деректері негізінде көрсету автордың негізгі мақсаты болған.

«Ащы шындықтар» еңбегінде «Қосшы» одағының құрылғандығы баяндалып, жан-жақты зерттеу жүргізіледі. 1925 жылы желтоқсанның басында өткен Қазақстан коммунистік партиясының Қазақстан Өлкелік бесінші конференциясы байларға, кулактарға қысым жасау, елді жаппай коллективтендіру, кеңестендіру мақсатындағы саяси науқанды белсенділікпен жүзеге асыру үшін бұған дейін ел арасында саяси-әлеуметтік жұмыстарға басшылық жасап келген «Жарлы» одағы мен «Жәрдем» комитеттерін таратып, оның орнына «Қосшы» одағын құруды жөн деп тапты. Бұл шешім Өлкелік атқару комитетінің 8 ақпан 1926 жылы қаулысымен бекітіліп, тұжырымдалды.

Өлкелік партия комитеті мен Атқару комитеті ел арасында жүргізетін өз саясаттарының ықпалы мен беделін арттырады деп сенім артқан «Қосшы» одағының жауапкершілігін көтеру мақсатында оның жұмысын қатан бақылауға алып отырды. Тек 1926 жылдың өзінде ғана Өлкелік партия комитетінің бюросында 14 рет, Өлкелік атқару комитетінің президиумында 15 рет «Қосшы» одағына байланысты мәселелер талқыланды.

Өлкеде «Қосшы» одағын ұйымдастыру бюросы 7 адамнан құрылып, оның төрағасы болып Д.Хангереев бекітілді. Бюро құрамына Ә. Жангелдин, О.Жандосов, І.Құрамысов сияқты мемлекет және қорам қайраткерлері енгізілді [6].

«Қосшы» одағының негізгі мақсаты - кедейлерді ұйымдастыру. «Ұйымдастырудың мақсаты, - деп жазылды нұсқауда, - құлдықтан, есіктен-есікке малайшылықтан, рушылдықтан һәм шырмаушылықтан көркейтіп, қаз бастырып, ілгері өту мақсатымен ұйымдастырады. Әр ауылдың кедейлері ұйымдасып, жуан байлардың, аксүйек төрелердің, жемқор атқамінерлердің жем қылуынан құтылу керек» [7]. Осы бағытта «Қосшы» одағының 8 түрлі мақсаты мен міндеті белгіленді.

Қазақ өлкелік «Қосшы» одағының ұйымдастыру бюросы жарғы мен нұсқауға сәйкес әрбір уезге нұсқаулар мен қатынастар жіберіп, ауылдық, болыстық, уездік «Қосшы» одақтарын құру жөнінде арнаулы тапсырмалары мен өкілдер аттандырды. Жергілікті ревком төрағаларын шақырып, тапсырмалар берді. «Қосшы» одағын ұйымдастыру жауапкершілігі уездік ревком төрағаларына міндеттелді. Өлкеден құрылған «Қосшы» одағы ұйымдастыру бюросының төрағасы Хангереевтің қолымен Адай уездік «Қосшы» одағына 1926 жылғы 23 наурыздағы ауылдық жерде «Қосшы» ячейкаларын (ұяларын) болыстық, уездік «Қосшы» комитеттерін құру жайлы шұғыл қатынас, Адай уездік бюросына циркулярлық хат жеткізілді. Онда «Қосшы» одағын ұйымдастыру жұмысының барысы жайлы әрбір екі жеті сайын жазба түрде айдың бірі мен 15-і күндері құжаттарға, деректерге сүйенген мәліметтер тапсыру» міндеттелінді (7, 2 б.).

1926 жылы 17 сәуірде Форт-Александровскіде Адай ревкомының төрағасы Нахимжанның төрағалық етуімен Адай ревкомының отырысы өтті. Ә. Нахимжан Қазақ АКСР

Орталық атқару комитеті президиумының 1926 жылы 22 ақпанындағы қаулысымен Адай уезінде «Қосшы» одағының жұмысын ұйымдастыруға өкіл болып келген. Уезде қазіргі қолданылып жүрген заңға сәйкес «Қосшы» одағын ұйымдастыру туралы мәселе қаралып, уездегі «Қосшы» одағын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін құрамында 5 адамнан: Нахимжан (төрағасы), Лебедев (төраға орынбасары), мүшелері: Даулов, Сейтқазиев, Ағытаев - ұйымдастыру бюросын құрды. Бес күннен кейін Бағдаулетов, Измағанбетов, Еркеғұлов, Тұржанов уезде «Қосшы» одағын ұйымдастыруға тағайындалды [7, 2-3 бб.].

Ә.Нахимжанның Өлкелік «Қосшы» одағы бюросына жазған мәлімдемесінде бір ай істеген істерін баяндайды: «...Жинақталған материалдар мен алынған мәліметтерге сәйкес Адай уезі Бозашы, Александрбай, Үстірт-Қарақұм, Ойыл аудандарына бөлінеді.

- Бозашы ауданы Бозашы түбегінде орналасқан. Оған: I-II-III-Бозашы, Жеменей, Түрікменадай және ІҮ-Бозашы болыстарындағы елді мекендерде тұрғандар енді. Бұл болыстардың аздаған халқы Ойыл өңіріне, негізгілері аталған еді мекендерде көшіп-қонып жүреді.

- Александрбай ауданы Маңғыстау түбегінде орналасқан. Бұл ауданға I-II-Маңғыстау, Түпқараған, Райымберді болыстары бекітілген. Бұлардың негізгі кәсібі - тау бұлақтарын пайдалану арқылы егістікпен айналысу. Сондықтан түбек айналасында көшіп-қонады.

- Көлемі жағынан ең үлкен аудан Үстірт-Қарақұм. Бұл Үстіртті, Сам, Қарақұм құмдарын қамтиды. Оған Келімберді, ҮІ-ҮІ-Адай, I-II-Түрікменадай, Әли-Бәйімбет болыстары бекітілген. Бұлар негізінен көшпелі ел, тұрақты орны жоқ.

- Ойыл ауданына отырықшы екі болыс ел - Ойыл, Қазыбек және жартылай көшпелі - Шилі-Сағыз, Жем-Сағыз, Тайсойған-Сағыз болыстары қарайды. Бұған қосымша I-II-III-ІҮ-Адай болыстары, Сам-Матай және Ұлы Сам, Доңызтау-Аққолтық болыстары бекітілді. Бұлардың барлығына жергілікті жерде ячейка (ұя) және «Қосшы» одағының ауылдық, болыстық бюроларын ұйымдастыруға өкілдер жіберілді» [7, 33-34 бб.].

Арада 3 ай өткенде, яғни 1926 жылы 18 шілдеде Өлкелік «Қосшы» комитетіне: «18 болыстық бюро, 20 ауылдық бюро, 64 ауылдық ұя құрылып, оған 2027 мүше тартылды», - деген жеделхат жолданды [6].

Сөйтіп, «Қосшы» одағы ел өміріндегі барлық іске тікелей араласты. Партия, комсомол, кәсіподақ жиналыстары, ауылдық кеңес мәжілістері, сот шешімдері «Қосшы» ұйымы өкілінің қатысуынсыз заңды деп табылмады. Сондықтан «Қосшы» одағының жұмысын атқаруға, оның беделін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетуге, оның жарғысын ел арасында насихаттауға мәдени-ағарту мекемелер қызметкерлері мен партия ұйымдарының өкілдері, ауыл белсенділері ат салысты. Қайда барса да өкілдер жарлы, кедей, жалшылар тарапынан «Қосшы» ұйымын құру жөнінде алғашқы кезде қолдау тапты. Оның өзіндік себептері болды. Атап айтқанда, «Қосшы» одағына мүше болғандарға артық құқық пайдалану, жеңілдік алу жолдарын белгіледі.

1926 жылы 22 шілдеде Қазақстан Орталық атқару комитетінің президиум мәжілісі «Қосшы» одағын дамыту және оны нығайту шаралары туралы ұйымдастыру бюросының төрағасы Хангереевтің баяндамасын тыңдап, «Қосшыға» мүше болғандарға жер пайдалану және орналасу, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, несие алу, еңбек қорғау, өндірістік кәсіп, кооперацияға мүше болу, салық төлеу, халық ағарту, денсаулық сақтау салаларында, сот ісінде, басқару ісінде, мекемелерде, ұйымдарда, саясат салаларындағы мүдделеріне, жеңілдіктері мен артық праволарды пайдалануға» ерік берді [7, 79-81 бб.].

Түрлі жеңілдіктерді пайдалану үшін кедейлер мен жалшылардың «Қосшыға» мүше болуға деген ынтасының күн сайын өсіп отырғандығын көрсететін жоғарыда айтылғаннан басқа да бір-екі дәлел келтірсек: Қалалық «Қосшы» комитетінің өзінде ғана (1927 жылғы 2 қазанда «Қосшы» ұйымының төрағасы Құлбасов округке берген мәліметтерінде): «1, 2, 3, 4, 5-ауыл есебінен 564 мүше қабылданды. Олардың ішінде орта шаруа - 61, кедейі - 503 адам; ері - 551, әйелі - 13; сауаттысы - 150, сауатсызы - 414; кооператив мүшесі - 98, кәсіподақ мүшесі - 88, комсомол мүшесі - 56, партия мүшесі - 50 адам», - деп көрсетсе (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 2 іс, 2 б.), I-Бозашы болысының 1, 2-Дәулеталы, Жарылқасын, Меңдібай және Кеше ауылдары

тек 1927 жылдың қантарынан наурызына дейін 22 ұяға 594 мүше қабылданғанын, оның ішінде батрақ - 276, орта шаруа - 318 адам екенін мәлімдейді [7, 61 б.].

«Қосшыға» мүше қабылдау жұмысы жарғыда көрсетілгендей өз еркі, өтініш талабы бойынша жергілікті ұйым жиналысында жеке-жеке жүргізілудің орнына кейде топтап тарту да орын алды.

«Қосшы» мүшелігіне мұндай топтап қабылдаудың мүше санын көбейтуге елеулі әсері болмай қалған жоқ. Адай уезіндегі «Қосшы» мүшелері 1926 жылы 4433 болса, 1927 жылы 7492, 1928 жылы - 8830 (оның ері - 7744, әйелі - 1086), 1929 жылы - 10730 (оның ері - 8775, әйелі - 1955) жетті. Бұл жылдары олардың ұлттық құрамы, әлеуметтік, жыныстық құрамында да үлкен өзгерістер болды.

Адай округінде «Қосшы» ұйымын ұйымдастырудың жалпы барысы туралы Өлкелік «Қосшы» комитетіне 1928 жылы 15 қазанда Сейтқазыұлы былай баяндайды: «Адай округінде елдегі жалпы кедей, қара шаруалардың басын қосып, ұйымға тарту үшін 1926 жылы мамыр, маусым айларынан баста науқан жүргізілген еді. Округтік кеңесімізбен бұл туралы нақты шаралар жасап, аудандарда белсенді азаматтар шақырылып, олардың арасында ұйымдастыру жұмысы жүргізілген болатын. Уәкілдермен 1927 жылы I-съезд шақырылып өтті. Сол туралы мағлұматтарды қарағанда мүшелерінің жалпы саны 7492 болған. Бұл мүшелер Манғыстау және Ойыл аудандарында ұйымдастырылған. Басқа аудандарда ұйымдастыру жұмысы жүзеге асырылмаған. Осы есеппен 100 кісі мүшеден 1 уәкіл шығарылып, съезге 34 уәкіл шешуші дауыспен, 6 уәкіл кеңесші дауыспен келіп қатысқан. Ойылдан көп уәкіл алдырудың мүмкіндігі болмады. Жер шалғай алыстығы, екіншіден, қаражаттың жоқтығы болды. Бұларды тапқа бөлгенде 14 жұмыскер, 18 қара шаруа, 8 қызметкер болды. Жынысқа белгенде 1 әйел, өзгесі - 39 еркек болған».

«Солақай саясат» атты бөлімінде «Қосшы» одағын ұйымдастырудағы қиындықтар мен кедіргілерді, асыра сілтеушілік пен асығыстық кеткендігін айта отырып З.Ижанов автор ретінде оның негізгі себептерін деректермен былай түсіндіреді:

1. Адай уезі халқының мал жайылымына байланысты көшпелі өмірі, жер шалғайлылығының ескерілмеуі. Кең аумақта жаяу жалпылап, шұғыл түрде «Қосшы» ұйымының жұмысын жүргізу, мәлімет жинау оңай емес. Бұл тұжырымға дәлел ретінде нқсқаушы Елтебекұлының 1928 жылғы Ойыл ауданынан жазған баяндамасын келтіреді: «Ойыл бұрынғы Тайсойған-Сағыз, Шилі-Сағыз, Жем-Сағыз, Ойыл және Қазыбек болысынан құрылған ел екен. Жердің көлемі 2 мың шаршы шақырым шамасындай. Осылардың ең қашық орналасқандары: 14, 17, 18, 15, 16-ауыл халқы. Бұларға сөз айту қызметі жүргізілген жоқ. Соңғы 15, 16-ауылдарда «Қосшы» одағы құрылған жоқ»

2. Үстірт-Қаракұм ауданында бойлай көшіп жүретін I-II-III-IV Адай болыстары мен VI-VII Адай және Келімберді болыстарындағы елдердің тұрақсыздығынан, жоғарыда көрсетілген аудандардағы жұмыстардан еш нәтиже шықпағаны үшін болыстық бюролар ажыратылып, «Қосшы» ұйымдастыру жұмысы болыстық ревкомдарға міндеттелсін. Бұл туралы Адай уезінің ревкомынан сұралсын. Автор, Адай уезі «Қосшы» комитетінің бұл қаулысы сол кездегі елдің көшпелі өмірі, тыныс-тіршілігі, жер шалғайлығы, болыстық комитеттерді таратып, ревкомға тапсыруы, сол арқылы елдің бетін қайтару, қорқыту, тағы басқа да әрекеттердің айла-шарғысы байқалады дейді [6, 14-22 бб.].

«Қосшы»-жұт жылдарында, «Қосшы» және ауыл шаруашылығы бөлімдерінде 1921-1922 жылдардағы аштық, 1924-1925 жылдардағы қуаңшылық, 1927-1928 жылдардағы жұт, 1932 жылғы жаппай ашаршылық деректерін келтіреді. Адай округінің жер көлемі мол болғанымен су көздері аз, жауын-шашыны сирек, шөл және шөлейтті, сортаңды, жаздың ыстық күндері шыққан шөптері күн ыстыңынан күйіп кететін, табиғаты, ауа райы құбылмалы да қатал өлке.

Табиғи жағдайдың осындай қиын да қаталдығына байланысты халықтың негізгі кәсібі-көшпелі мал шаруашылығы болды. Автор мынадай мәлімет келтіреді: «бүкіл Адай округіндегі 28622 үй қожалығында 130641 жан болған. Былай қарағанда әрбір шаршы километр жерде 0,43 адам, немесе 0,009 үй қожалығы отырған. Егін шаруашылығы дамымаған, малды өңір.

1926-1927 жылғы мәлімет бойынша округте: мүйізді ірі қара мал-26451 бас, жылқы-65278 бас, түйе-103364 бас, қой-ешкі- 916846 бас немесе барлық төрт түлік мал 1 миллион 111 мың 939 бас болды.

1927 жылдың басынан бастап Маңғыстау өңірі қуаңшылыққа ұшырады, бір тамшы ылғал тамбай, жер беті ақшандақ топыраққа айналды. Қолдағы бар малды сақтау үшін күн сайын қоныс аударсада жайылымға жарымады, мал арықтап көтерем бола бастады. Бұл табиғи қыспақ 1928 жылда жалғасып, ел жұтқа ұшырады. Адай округі Гурьев округінің Маңғыстау ауданы болып құрылғанда «Ауданның жағдайы туралы» баяндамада мынадай деректер көрсетілген:

- Түпқараған ауданы бұған Форт-Александровск, Түпқараған және 4 арал кіреді) - 60-70%;
- Бозашы аймағы (Бозашы жарты аралы)-90%;
- Тау аймағы (Үстіртке дейінгі Қаратау және Ақтау қыраттары)-80-85%;
- Александрбай аймағы (Кендірліге дейінгі Каспий теңізінің жағалауы)- 70-80%;
- Қарабұғаз аймағы (Қарабұғаз шығанағы мен Красноводскі) – 70-80% мал қырылып, адамдар да шығын болды [6, 30-32 бб.].

«Отырықшыландыру да оша таптырмады» бөлімінде көшпелі шаруашылыққа үйренген халықты әр түрлі артелдерге, серіктестіктерге ұйымдастыру, біріктіру науқаны туралы баяндалады.

1927 жылы шілденің 5-күні Форт қаласындағы жұтқа және босқыншылыққа ұшырап келген «Қосшы» мүшелері кедейлердің басын қосып жиналыс өткізіп, алғашқы серіктестіктердің бірі «Кедей» серіктігін ұйымдастыруға қаулы алады. Орның тұрақты орны Қатықбұлақ болып белгіленеді. 1928 жылдың басында бүкіл Адай округінде: ойыл ауданында-7, Алтықарасу ауданында-8, Маңғыстау ауданында-5, барлығы 20 серіктестік болса, 1928 жылдың 18 шілдедегі мәлімет бойынша тек Маңғыстау ауданының өзінде ғана 1061 мүшесі бар 26 серіктестік ұйымдастырылды [8].

Нәтижесінде: күштеудің салдарынан әлі барлар босып кетті, көшуге мүмкіндігі жоқ кедейлер не айтса соған келісті. Мүмкіндігі болмасада Қошанай шымырауы, Қанға баба, Сақа құдық, Жығылған, Данышпан, Саура, Шайыр, Тұрыш, Тамшалы, Қызыл өзен, Жыңғылды т.б. жерлерде өткен жиналыстарда «Бесжылдықты төрт жылда орындау үшін қаражат жинау», «Серіктікке мүше тарту» сияқты мәселелерді шұғыл талқылап колхозға, артелге ұйымдасуға шешімдер қабылданды.

Адай округіндегі «Қосшы» одағының ауылдық, болыстық, уездік бюролары мен оның жекелеген басшылары кестеде көрсетілген.

Адай округіндегі аудандарда «Қосшы» одағының алғашқы төрағалары болғандар

№	Нысысы	Қызмет орны
1	Әмзе Нахимжан	Адай уезіндегі «Қосшы» одағын тұңғыш ұйымдастырушы
2	Смаил Сейтқазыұлы	Адай уезі комитетінің алғашқы төрағасы
3	Құлмырзаұлы	Табын ауданы қосшыком төрағасы
4	Ахмет Елубайұлы	Ойыл ауданы қосшыком төрағасы
5	Бисалыұлы	Алтықарасу ауданы қосшыком төрағасы
6	Қалдыбай Елтебекұлы	Маңғыстау ауданы қосшыком төрағасы
7	Орхан Әтнетұлы	Үстірт-Сам ауданы қосшыком төрағасы

«Қосшы» одағы өз жұмысын 1926 жылы 20 қаңтарда БК(б)П Өлкелік комитетінің шешімімен бастап, елді жаппай ұжымдастыруға көшкен кезде 1930 жылы 17 қаңтардағы Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Қосшы» одағын қайта құру туралы қаулысының шешімімен аяқтады. «Қосшы» одағы қайтадан құруды керек қылады:

- «Қосшы» одағы қазіргі жаңа міндеттерге сәйкес мүшелері жаңадан сұрыпталып, қайта ұйымдастырылсын. Ендігі жерде «Қосшы» одағы аты қалып, «Кедейлер ұйымы» болып аталсын;

- «Қосшы» одағының құжаттары мен мүліктері «Кедейлер ұйымына» берілсін. «Қосшы» одағының ауылдық, қыстақтық ұяларының кеңестері мен бюролары таратылсын;

- Ұйымды тап жағынан жат адамдардан тазалау үшін қазіргі міндеттерге сәйкес «Кедейлер ұйымының» қатары қайта қаралып өтсін, мүшелерінің қайтадан есебін алу жұмысы жүргізілсін;

- «Кедейлер ұйымын» ұйымдастыру жұмысы Қазақстанда 1930 жылдың 1 наурызына дейін аяқталуы тиіс.

Қорытынды. «Қосшы» одағы өзінің қызметін 1926 жылы 20 қаңтарда БК(б)П Өлкелік комитетінің шешімімен бастап, ауыл шаруашылығында кедейлер мен жалшыларды біріктіру мақсатында жұмыс істеді. Ұйымның негізгі міндеттері: Ауыл шаруашылығында еңбек ететін кедей шаруаларды әлеуметтік және экономикалық қолдау, ауылдағы әлеуметтік теңсіздікті жоюға бағытталған Кеңес үкіметінің саясатын жүзеге асыру, Кеңес билігінің жергілікті басқару құрылымдарымен бірлесе отырып, жер реформаларын жүргізуге атсалысу.

Алайда, 1929 жылдан басталған жаппай ұжымдастыру кезеңінде «Қосшы» одағы Кеңес билігінің жаңа саяси-экономикалық талаптарына сәйкес келмей, оны қайта құру мәселесі көтерілді. 1930 жылы 17 қаңтарда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті (ҚОАК) «Қосшы» одағын тарату және оның орнына «Кедейлер ұйымын» құру туралы қаулы қабылдады. «Қосшы» одағын тарату туралы ҚОАК қаулысының негізгі шешімдері:

1. «Қосшы» одағының құрылымы жаңа міндеттерге сәйкес қайта қаралып, оның мүшелері жаңадан сұрыпталуы тиіс болды. Ұйымның атауы өзгертіліп, ол «Кедейлер ұйымы» деп аталды.

2. «Қосшы» одағының барлық құжаттары мен мүліктері жаңа құрылған «Кедейлер ұйымына» берілуі тиіс болды. Сонымен қатар, ауылдық және қыстақтық деңгейдегі «Қосшы» одағының кеңестері мен бюролары таратылды.

3. Жаңа ұйымға тек Кеңес үкіметінің саясатын қолдайтын және таптық жағына сай келетін адамдар ғана қабылдануы тиіс болды. Осы мақсатта ұйым мүшелерінің құрамы қайта қаралып, «таптық жағынан жат адамдар» қатардан шығарылды.

4. «Кедейлер ұйымын» құру және оның толықтай іске қосылуы 1930 жылдың 1 наурызына дейін аяқталуы тиіс болды.

«Қосшы» одағының таратылуы және оның орнына «Кедейлер ұйымының» құрылуы Кеңес үкіметінің таптық саясатты одан әрі тереңдете түскенін көрсетеді. Бұл шара, бір жағынан, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруды күшейтудің алғышарты болса, екінші жағынан, әлеуметтік жіктелуді тереңдетіп, «бай-кулак» деп айыпталған топтарға қысымды күшейтуге бағытталды.

«Қосшы» одағы кезінде кедейлер мен жалшылардың әлеуметтік мәселелерін шешуге тырысқанымен, оның қызметі Кеңес билігінің жаңа экономикалық саясатына сәйкес келмеді. Жаңа құрылған «Кедейлер ұйымы» ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыруды тездету және қоғамдағы таптық жіктелісті тереңдету міндеттерін атқарды. Осылайша, «Қосшы» одағының тарихы Кеңес үкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясатының өзгерістерімен тікелей байланысты болды және оның қайта құрылуы XX ғасырдың 30-жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың бір көрінісі ретінде қарастырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. (жалпы ред. басқ: Т.Омарбеков, Г.С.Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б.). Алматы, 2023, 95-100 бб.

2. Қазақстанның «қазақ елі» тарихы: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. 3-кітап (Т.Омарбеков, Г.С.Султанғалиева және т.б.). Алматы, 2023, 255-262 бб.

3. Мұхатова О. Тарихи және тарихнамалық деректер. Алматы, 2023, 100-105 бб.
4. Қозыбаев М., Алдажұманов Қ., Әділқожин Ж. Қазақстандағы күшпен коллективтендіру. Алматы., 1993.
5. MOMA. [Маңғыстау облыстық мемлекеттік архиві] - 475/19- 3.Ижановтың жеке тектік қоры.
6. Ижанов З. Ащы сабақтар. Алматы, 2016, 6-27 бб.
7. MOMA. - 83 қор, - 1 тізбе, - 1 іс, 54 б.
8. MOMA. - 262 қор, - 1 тізбе, - 1 іс, 55 б.

REFERENCES

1. Qazaqstannyn qazirgi zaman tarıhy. (jalpy red. basq: T.Omarbekov, G.S.Syltangelieva, B.S. Sailan jane t.b.). Almaty, 2023, 95-100 bb.
2. Qazaqstannyn «qazaq eli» tarıhy: Qazaqstan otarshyldyq jane totalitarlyq jueler qyspagynda. 3-kitap (T.Omarbekov, G.S.Syltangelieva jane t.b.). Almaty, 2023, 255-262 bb.
3. Muhatova O. Tarıhı jane tarıhnamalyq derekter. Almaty, 2023, 100-105 bb.
4. Qozybaev M., Aldajumanov Q., Adilqojin J. Qazaqstandagy kushpen kollektivtendiry. Almaty., 1993.
5. MOMA.[Mandystau oblystyq memlekettik arhivi] - 475/19 - Z. Ijanovtyń jeke tektik qory.
6. Ijanov Z. Ashhy sabaqtar. Almaty, 2016, 6-7 bb.
7. MOMA. [Mangystau oblystyq memlekettik arhivi] - 83 q. - 1 t. - 1 is. - 33-34 b.
8. MOMA. [Mangystau oblystyq memlekettik arhivi] - 262 q. - 1 t. - 18 is. - 1 b.


- оқушыларда репродуктивті дағдылардың дамуы. Бұл қажеттілік оқу экспериментін жобалау, мәліметтер жинақтау, жүйелеу, жіктеу және талдау сияқты әрекеттер кезінде байқалады;

- оқушыларда шығармашылық (креативтілік) дағдыларын қалыптастыру. Бұл қажеттілік күрделі есептерді шешу, объектілерді модельдеу және процестерге әсер етуші факторларды анықтау кезінде байқалады.

- оқушыларда тұлғалық қасиеттердің дамуы. Бұл қажеттілік әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы жас жеткіншектерді адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеу кезінде байқалады. Жастардың тұлғалық қасиеттері олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Білім беру саласында мультимедиа компьютерлік оқыту курстарын, энциклопедиялар мен анықтамалық жинақтарды жасау үшін пайдаланылады. Мұндай оқу курстары пайдаланушыларға ақпаратты әртүрлі форматтағы презентациялар, тақырыптық мәтіндер және суреттер арқылы ұсыну мүмкіндігін береді [5-6].

Мектептерде алгебра пәнін оқытуда компьютерді қолдану білім беру мен тәрбие жүйесіне маңызды өзгерістер енгізуде.

Оқыту мен тәрбиені компьютерлендіру аясында мұғалімдердің кәсіби қызметі айтарлықтай дамып, бұл мәселе шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің зерттеулерінде кеңінен талқылануда.

Мультимедиялық презентацияларды кез келген сабақтың кез келген кезеңінде тиімді пайдалану оң нәтиже береді. Шолу жасап, қажетті тақырыпты тереңірек оқып, іскерлік пен дағдыны дамытуды өзін-өзі оқыту арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл әдіс оқу материалын жақсы есте сақтауға және түсінуге ықпал етеді. Мультимедиялық презентацияларды қолдану уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді және сабақты өткізудің мұндай тәсілі оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Әрине, мультимедиялық проекторларды қолдану сыныпта демонстрациялық және фронтальдық жұмыстарда тиімді нәтиже береді. Дегенмен, мультимедиялық технологияларды әр оқушымен жеке жұмыс жасау арқылы үйрету әлдеқайда жақсы нәтиже көрсетуі мүмкін деп санаймын. Алгебра сабақтарында мультимедиялық құралдардың қолданылуы сабақ құрылымына айтарлықтай өзгерістер енгізбейді, тек оқыту процесінің мазмұны ғана уақытша түрде өзгеруі мүмкін. Бұл жағдайда себепті кезеңнің ұзақтығы ұлғаюы мүмкін, соның салдарынан танымдық жүктеме артуы ықтимал. Алайда, бұл жақсы нәтижеге жету үшін маңызды элемент болып табылады, себебі оқушының қажетті білімді игеруі үшін қызығушылық пен шығармашылық дағдылардың дамуы өте маңызды [7].

Материалдар мен зерттеу әдістері. Қарқынды дамып жатқан қоғамда жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеу - қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Осы мақсатта математиканы оқытуда цифрлық ресурстарды әзірлеу немесе арнайы ресурстарды іздеу және оларды тиімді пайдалану әдіс-тәсілдерін игеру мәселелері білім беру саласындағы ең өзекті мәселелердің біріне айналды.

ГеоГebra - геометрия, алгебра, кестелер, графиктер, статистика және математикалық талдау сияқты пәндерді бір ортада біріктіретін интерактивті бағдарлама. Бұл бағдарлама білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде қолдануға жарамды және қазіргі таңда ғылым, технология, инженерия және математиканы оқытуда үздік интерактивті құралдардың бірі болып табылады. ГеоГebra бағдарламасы Маркус Хохенвартердің Java тілінде жазылған және бүгінде көптеген тілдерге аударылып, кеңінен қолданылуда [8].

Geogebra бағдарламалар көмегімен анықталған интегралды табуға келтірейік [9-10].

Анықталған интегралды табыңдар:


$$\int_{-1}^1 (9x^2 - 24x + 16) dx$$

Шешуі. Интеграл таңбасының астындағы функцияның алғашқы функцияларының бірі

$F(x) = 3x^3 - 12x^2 + 16x$. Енді Ньютон-Лейбниц формуласын қолданамыз:

$$\int_{-1}^1 (9x^2 - 24x + 16) dx = (3x^3 - 12x^2 + 16x) \Big|_{-1}^1 = (3 - 12 + 16) - (-3 - 12 - 16) = 38$$

Енді Геогebra көмегімен көрсетейік:



1-сурет - $\int_{-1}^1 (9x^2 - 24x + 16) dx$ мәні

2. $\int_0^3 |x-1| dx$ интегралын есептеңіз.

Шешуі. Алдымен интеграл таңбасының астындағы функцияны түрлендіреміз:


$$y = |x-1| = \begin{cases} x-1, & x \geq 1 \\ 1-x, & x < 1 \end{cases}$$

Сонда берілген анықталған интегралды келесі түрде жазамыз:

$$\int_0^3 |x-1| dx = \int_0^1 (1-x) dx + \int_1^3 (x-1) dx$$

$$\int_0^3 |x-1| dx = \int_0^1 (1-x) dx + \int_1^3 (x-1) dx = \left(x - \frac{x^2}{2} \right) \Big|_0^1 + \left(\frac{x^2}{2} - x \right) \Big|_1^3 = 1 - \frac{1}{2} + \left(\frac{9}{2} - \frac{1}{2} - 3 + 1 \right) = 2,5$$

Геогебра көмегімен көрсетейік:



2-сурет - $\int_0^3 |x-1| dx$ мәні

3. $y = x^3 + 1$ қисығымен, $y = 2$ түзуімен және Оу өсімен шектелген фигураның ауданын табыңыз.

Шешуі. Жоғарыдан $y = f_1(x)$ функциясының графигімен, төменнен $y = f_2(x)$ функциясының графигімен, оң және сол жағынан $x_1 = a, x_2 = b$ түзулерімен шектелген фигураның ауданы мына формуламен табылады:

$$S = \int_a^b (f_1(x) - f_2(x)) dx$$

Ал біздің мысалда $f_1(x) = 2, f_2(x) = x^3 + 1, x_1 = 0, x_2 = 1$

$$S = \int_0^1 (2 - x^3 - 1) dx = \int_0^1 (1 - x^3) dx = \left(x - \frac{x^4}{4} \right) \Big|_0^1 = 1 - \frac{1}{4} = 0,75$$

Геогембрада шешімі:



3-сурет. $S = \int_0^1 (2 - x^3 - 1) dx$ мәні

4. $y^2 = 4x$ параболасымен және $y = x$ түзуімен шектелген фигураның ауданын табыңыз.

Шешуі. Берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданы 4-суретте көрсетілген. Осы жазық фигураның ауданын есептеу үшін, алдымен берілген парабола мен түзудің қиылысқан нүктелерінің координаталарын табайық. Ол үшін екі теңдеуден тұратын теңдеулер жүйесін шешеміз:

$$\begin{cases} y^2 = 4x \\ y = x \end{cases} \Rightarrow x_1 = 0, y_1 = 0 \quad \text{және} \quad \begin{cases} y^2 = 4x \\ y = x \end{cases} \Rightarrow y_1 = 0, y_2 = 4$$


Егер фигура бүйір жақтарынан $x = \varphi_1(y)$ және $x = \varphi_2(y)$ қисық сызықтарымен шектелсе, онда фигураның ауданы мына формуламен есептеледі:

$$S = \int_c^d (\varphi_2(y) - \varphi_1(y)) dy$$

Демек, ізделінді фигураның ауданын анықтаймыз:

$$S = \int_0^4 \left(y - \frac{y^2}{4} \right) dy = \left(\frac{y^2}{2} - \frac{y^3}{12} \right) \Big|_0^4 = 8 - \frac{16}{3} = \frac{8}{3} \approx 2,67$$

Геогетбрада көрсетейік:



4-сурет. $y^2 = 4x, y = x$ қисықтарымен шектелген фигураның ауданы

Иррационал теңдеулер және теңсіздіктер

1-анықтама. Иррационал теңдеу деп айнымалысы түбір таңбасының астында немесе бөлшек көрсеткішті дәреженің негізі болатын теңдеуді айтады.

Иррационал теңдеулерді шешудің жалпы әдісі:

1) Егер иррационал теңдеуде бір ғана түбір белгісі болса, онда түбір белгісі теңдеудің бір жақ бөлігінде қалатындай етіп түрлендіреміз. Одан кейін екі теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей дәрежеге шығару арқылы рационал теңдеу аламыз;

2) Егер иррационал теңдеуде екі немесе одан да көп түбір белгісі болса, онда алдымен түбірдің біреуін теңдеудің бір жақ бөлігінде қалдырып, теңдеудің екі жақ бөлігін бірдей дәрежеге шығарамыз. Содан кейін рационал теңдеу алынғанша осы тәсілді қайталаймыз.

6-мысал. $\sqrt{x+2} = x$ теңдеуін шешіңіз.


Шешуі. $\sqrt{x+2} = x$ иррационал теңдеуінің екі жақ бөлігін квадраттаймыз:

$x+2 = x^2$ немесе $x^2 - x - 2 = 0$, соңғы теңдеудің түбірлері: $x_1 = 2, x_2 = -1$

Тексеру. $x_1 = 2, \sqrt{2+2} = 2; 2=2$ ақиқат. $x_2 = -1, \sqrt{-1+2} = -1; 1=-1$ ақиқат емес.

Демек, $x_2 = -1$ бөгде түбір. Берілген иррационал теңдеудің түбірі: $x = 2$

Енді Геогетбра көмегімен шешейік:




5-сурет. $\sqrt{x+2} = x$ теңдеуінің шешімі

7-мысал. $\sqrt{x^2 + 5x + 1} + 1 = 2x$ теңдеуін шешіңіз.

Шешуі. Берілген теңдеуде бір ғана радикал белгісі бар. Теңдеудің сол жақ бөлігіндегі 1 санын оң жақ бөлігіне шығару арқылы радикал белгісін бөліп аламыз: $\sqrt{x^2 + 5x + 1} = 2x - 1$. Енді теңдеуінің екі жақ бөлігін квадраттаймыз:

$x^2 + 5x + 1 = (2x - 1)^2$ немесе $x^2 + 5x + 1 = 4x^2 - 4x + 1$. Осыдан $3x^2 - 9 = 0$ теңдеуін аламыз, бұдан $x_1 = 0$, $x_2 = 3$

Тексеру арқылы, $x = 0$ бөгде түбір, $x = 3$ теңдеудің түбірі болады. Геоггебрада шешімі:



6-сурет. $\sqrt{x^2 + 5x + 1} = 2x$ теңдеуінің шешімі

8-мысал. $\sqrt[3]{x+34} - \sqrt[3]{x-3} = 1$ теңдеуін шешіңіз.

Шешуі. Берілген теңдеуді мына түрге келтіреміз: $\sqrt[3]{x+34} = 1 + \sqrt[3]{x-3}$
 Соңғы теңдеудің екі жақ бөлігін үшінші дәрежеге шығарамыз:

$$x + 34 = 1 + 3\sqrt[3]{x-3} + 3\sqrt[3]{(x-3)^2} + x - 3$$


$$3\sqrt[3]{x-3} + 3\sqrt[3]{(x-3)^2} = 36 \quad \text{немесе} \quad \sqrt[3]{(x-3)^2} - \sqrt[3]{x-3} - 12 = 0$$

$y = \sqrt[3]{x-3}$ жаңа айнымалы енгізіп, $y^2 - y - 12 = 0$ теңдеуін аламыз. Соңғы теңдеудің түбірлері: $y_1 = 3$, $y_2 = -4$.

Сонымен, берілген теңдеу $\sqrt[3]{x-3} = 3$ немесе $\sqrt[3]{x-3} = -4$ теңдеулеріне мәндес болады. Теңдеулердің екі жақ бөлігін үшінші дәрежеге шығарып, $x-3 = 27$ немесе $x-3 = -64$ теңдеулерін аламыз.

Демек, $x = 30$ немесе $x = -61$. $y = \sqrt[3]{x+34}$ функциясы үшін $x+34 \geq 0$ немесе $x \geq -34$ болғандықтан, теңдеудің шешімі 30 саны болады.

Геоггебрада шешімі:



7-сурет. $\sqrt[3]{x+34} - \sqrt[3]{x-3} = 1$ теңдеуінің шешімі

2-анықтама. Айнымалысы түбір таңбасының астында немесе бөлшек көрсеткішті дәреженің негізі болатын теңсіздікті иррационал теңсіздік деп аталады.

Иррационал теңсіздіктер дәрежеге шығару әдісімен шешіледі:

1) Егер теңсіздіктің екі жақ бөлігі айнымалының мүмкіндігі болатын мәндер облысында теріс емес болса, онда оның таңбасын сақтай отырып екінші дәрежеге немесе кез келген жұп дәрежеге шығарамыз, сөйтіп берілген теңсіздікке мәндес теңсіздік аламыз.

Басқаша айтқанда, $f_1(x) > f_2(x)$ теңсіздігі беріліп, x айнымалысының мүмкін болатын мәндер облысында $f_1(x) \geq 0, f_2(x) \geq 0$ болса, онда $(f_1(x))^{2n} > (f_2(x))^{2n}$ теңсіздігі берілген теңсіздікке мәндес болады.

2) Егер теңсіздіктің таңбасын сақтай отырып тақ дәрежеге шығарсақ, онда берілген теңсіздікке мәндес теңсіздік аламыз. Егер $f_1(x) > f_2(x)$ болса, онда $(f_1(x))^{2n+1} > (f_2(x))^{2n+1}$ теңсіздігі берілген теңсіздікке мәндес болады.


9-мысал. $\sqrt{x-1} < 3-x$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі. Анықталу облысы $x-1 \geq 0$ теңсіздігімен анықталады. Теңсіздіктің сол жақ бөлігі арифметикалық түбір болғандықтан, берілген теңсіздік $3-x > 0$ жағдайында ғана орындалуы тиіс. Осы екі жағдайда теңсіздік теріс емес, сондықтан оны екі жақ бөлігін екінші дәрежеге шығарамыз. Көрсетілген шарттарды ескере отырып, теңсіздіктің екі жақ бөлігін квадраттасақ, төмендегі теңсіздіктер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} x-1 \geq 0 \\ 3-x > 0 \\ x-1 < (3-x)^2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x \geq 1 \\ x < 3 \\ (x-2)(x-5) > 0 \end{cases}$$

Теңсіздіктер жүйесінің әрбір теңсіздігін координаталық түүде кескіндесек, теңсіздіктер жүйесінің шешімі $1 \leq x < 2$ теңсіздігін қанағаттандырады.

Енді Геогebraда шешейік:





8-сурет. $\sqrt{x-1} < 3-x$ теңсіздігінің шешімі

10-мысал. $\sqrt{x^2-x-12} < x$ теңсіздігін шешіңіз.

Шешуі. Берілген теңсіздік екі теңсіздіктер жүйесіне келтіріледі:

$$\begin{cases} x^2 - x - 12 \geq x \\ x > 0 \\ x^2 - x - 12 < x^2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} (x-4)(x+3) \geq 0 \\ x > 0 \\ x > -12 \end{cases}$$

Теңсіздіктер жүйесінің шешімдер жиыны: $[4; +\infty)$



9-сурет. $\sqrt{x^2 - x - 12} < x$ теңсіздігінің шешімі

Геогебра құралдары арқылы оқушылар иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді график түрінде көріп, олардың шешімдерін визуализациялай алады. Геогебра оқушыларға иррационал теңдеулер мен теңсіздіктерді интуитивті түрде түсініп, өз бетімен оқуға және математикалық заңдылықтарды тереңірек түсінуге көмектеседі.

Көрсеткіштік теңдеулер және теңсіздіктер

3-анықтама. Айнымалысы дәреженің көрсеткішінде болатын теңдеуді көрсеткіш теңдеу деп аталады.

Бірдей негізге келтіру тәсілімен шығару алгоритмі:

1) теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей негізге келтіру;
2) теңдеудің сол жақ бөлігіндегі дәреженің көрсеткішін оң жақ бөлігіндегі дәреже көрсеткішіне теңестіріп, мәндес теңдеу алу;

3) шыққан теңдеуді шешу;

4) табылған түбірлерді берілген теңдеуге қойып тексеру;

5) берілген теңдеудің шешімін жазу.

$$27^x = \frac{1}{81}$$

11-мысал. $27^x = \frac{1}{81}$ теңдеуін шешіңіз.

Шешуі.

1) теңдеудің екі жақ бөлігін де бірдей 3 негізіне келтіреміз: $3^{3x} = 3^{-4}$

2) дәреже көрсеткіштерін теңестіреміз: $3x = -4$

3) шыққан теңдеуді шешеміз: $x = -\frac{4}{3}$

4) табылған түбірлерді берілген теңдеуге қойып тексереміз:
Табылған мән теңдеуді қанағаттандырады.

5) берілген теңдеудің шешімі: $x = -\frac{4}{3}$

Көрсеткіш теңдеулерді жаңа айнымалы енгізу әдісімен шығару алгоритмі:

1) айнымалыларды жаңа айнымалымен алмастыру арқылы алгебралық теңдеу алу;

2) шыққан теңдеуді шешу;

3) алгебралық теңдеудің табылған түрлерін алмастырылған теңдікке қойып, алғашқы айнымалының мәндерін табу;

4) табылған мәндердің берілген теңдеуді қанағаттандыратынын тексеру;

5) берілген теңдеудің шешімін жазу.

12-мысал. $3^{2x+5} = 3^{x+2} + 2$ теңдеуінің түбірлерін табайық.

Шешуі. Алдымен теңдеудегі дәрежелерді түрлендіреміз:

$$3^{2x-5} = 3^{2x} \cdot 3^5 = 243 \cdot 3^{2x} \quad \text{және} \quad 3^{x+2} = 3^x \cdot 3^2 = 9 \cdot 3^x$$

Сонда берілген теңдеу мына түрге келеді: $243 \cdot 3^{2x} - 9 \cdot 3^x - 2 = 0$

$y = 3^x$ жаңа айнымалысын енгізсек, соңғы көрсеткіштік теңдеуді аламыз:

$$243 \cdot y^2 - 9 \cdot y - 2 = 0,$$

Бұдан $y_1 = \frac{1}{9}$, $y_2 = -\frac{2}{27}$ түбірлерін аламыз.

$y_2 = -\frac{2}{27}$ теріс, ал $3^x < 0$ болуы мүмкін емес, сондықтан $y_1 = \frac{1}{9}$ түбірін ғана аламыз.

Табылған $y = \frac{1}{9}$ мәнін $y = 3^x$ теңдігіне қоямыз: $3^x = \frac{1}{9}$, бұдан $x = -2$.


Тексеру жүргіземіз: $3^{2(-2)+5} = 3^{-2+2} + 2$ немесе $3 = 1 + 2 = 3$

Көрсеткіш теңдеулерді графиктік тәсілмен шығару алгоритмі:

Графиктік тәсіл $a^x = b$ түріндегі көрсеткіштік теңдеудегі b санын a санының дәрежесі түрінде алмастыруға болмайтын жағдайда қолданылады. Мұндай теңдеудің түбірін анықтау үшін $f(x) = a^x$ және $g(x) = b$ функцияларының графиктерін бір координаталық жазықтыққа салып, қиылысу нүктелерін анықтаймыз. Қиылысу нүктелерінің абциссалары берілген көрсеткіш теңдеудің түбірлері болады.

13-мысал. $3^{2x+5} = 3^{x+2} + 2$ теңдеуінің түбірлерін Геогейбра бағдарламасын пайдаланып шешіңіз.

Шешуі.



10- сурет. $3^{2x+5} = 3^{x+2} + 2$ теңдеуінің шешімі

Қорытынды. Жалпы білім беретін орта мектептерде алгебра пәнін оқытуда мультимедиялық құралдарды қолданудың ерекшеліктеріне жан жақты талдау жасай отыра, сол мультимедиялық құралдарды қолдану бойынша келесі түрдегі қорытынды жасаймыз:

Берілген технологияны оқытудың түсіндірмелі-иллюстративті әдісі ретінде қарастыруға болады. Бұл әдіс оқу материалын хабарлау арқылы оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру және көру арқылы есте сақтаудың көмегімен сол ақпаратты сәтті қабылдауға бағытталған. Мультимедиялық бағдарламалар ақпаратты әр түрлі пішінде ұсынады, сонымен қатар оқыту үрдісін қолайлы етіп өткізуге көмектеседі.

Мультимедиялық технологияларды алгебра сабағында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, материалды жақсы түсінуіне және есте сақтауына, білімін тереңдетуге ықпал етеді. Бұл тәсіл білім беру сапасын арттырып, заманауи талаптарға сай оқытуды қамтамасыз етеді.

Қазіргі жағдайда мультимедиялық технологияларды қолдану өте орынды, бұл ақпараттың көбеюімен және оқу уақытының жетіспеушілігімен, оқу үдерісін жекелендірумен, қоғамның қазіргі даму жағдайларына бейімделген үйлесімді тұлға тәрбиесімен байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігі мұғалімнің жұмысты қалай ұйымдастыра алатындығына байланысты болады, ал мұғалімнің таңдауы тиімділігінің басты өлшемі білім беру үдерісі мен оқушылардың білімінің сапасы болып қала береді.

Алгебраны оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың жалпы тенденциясы өз орнын табуда. Математиканы оқытуда графика, диаграмма, формула, өрнек және т.б. қолданылады. Сондықтан, математика ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың артықшылығын толық пайдалануға болатын курс болып табылады. Математиканы оқытуда АКТ-ны қолдану оқу іс-әрекетінің барлық түрлерін – жобалық жұмысты, жаңа материалды зерттеуді, үй тапсырмасын дайындау мен тексеруді, өзіндік жұмысты, тексеру жұмысын және шығармашылық тапсырманы белсендіруге көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы//«Егеменді Қазақстан». 15.08.2007. (2023.12.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 бұйрығы.
3. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 320 б. 2022.
4. Ларин С.В. Компьютерная анимация в среде GeoGebra на уроках математики. - Ростов-на-Дону: Легион, 2015.
5. Д.Б.Бабаев, Е.Ж.Смагулов, Ш.Б.Нұрғожаев, Математикалық пәндерді оқытуда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістері // Международная научно-практическая конференция «Европа и тюркский мир: Наука, техника и технологии», Анкара (Турция) – 384-389б. 2020.
6. Афанасьева С.Г., Афанасьева К.А. Применение мультимедиа технологий на примере образовательной области «Математика и информатика» Международный научно-исследовательский журнал. №4 (46) Часть 3. С.11-15. 2018.
7. Егорова Ю.Н. Мультимедиа как средство повышения эффективности обучения в общеобразовательной школе // Афтореферат дисс. канд. пед. наук Чебоксары, 2018.
8. Нурбаева Д.М., Туяков Е.А. Возможности использования компьютерной программы Geogebra в обучении курсу алгебры в школе и педвузе. Материалы международной научно-практической конференции «Цифровое образование – передовые знания и компететность» в рамках духовного возрождения. Аркалык, С.55-60. 2018.
9. Әбілқасымова А.Е., Кучер Т.П., Корчевский В.Е., Жұмағұлова З.Ә. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану математика бағытындағы 10 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп. -240 б. 2019.

10. Әбілқасымов А.Е., В.Е.Корчевский, З.Ә. Жұмағұлова. Алгебра және анализ бастамалары. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11 сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020.- 256 б.

ВОЗМОЖНОСТИ ПРОГРАММЫ GEOGEBRA В ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА АЛГЕБРА И НАЧАЛА АНАЛИЗА

***Кошанова Г.Р., Маханбетова Т. Ж.**

Университет Есенова, г. Актау, Казахстан

e-mail: gulash.koshchanova@yu.edu.kz, e-mail: aynur_0801@mail.ru

Аннотация. Использование мультимедийных технологий в наше время очень важно, так как они помогают решить проблемы увеличения потока информации, дефицита учебного времени, персонализации образовательного процесса и формирования гармоничной личности, отвечающей современным требованиям развития общества. Мультимедийные технологии предоставляют широкий спектр инструментов для улучшения процесса обучения алгебре, включая интерактивные презентации, видеоуроки, аудиоматериалы и программы для составления и решения математических задач. В данной статье описываются методы решения примеров на основе использования мультимедийных технологий в образовательном процессе по предмету алгебра и начала анализа. Проведен педагогический анализ знаний и умений учащихся общеобразовательных школ по алгебре, изучены эффективность использования мультимедийных методов в процессе обучения алгебре в повышении познавательной активности и улучшении качества знаний и возможности платформ. Мультимедийные средства приобретают решающее значение в стимулировании интереса учащихся к предмету и облегчении понимания учебного материала. В данной работе рассмотрены методы решения алгебраических задач с использованием мультимедийных технологий, проанализировано их влияние на познавательную активность учащихся, усвоение теоретических знаний и формирование практических навыков. Кроме того, подробно обсуждаются дидактические преимущества использования мультимедийных технологий в образовательном процессе, включая визуализацию, интерактивность и возможности адаптации учебных материалов. Результаты исследования показали, что использование мультимедийных технологий не только повышает мотивацию учащихся к обучению, но и способствует более глубокому пониманию учебного материала и самостоятельному усвоению новых знаний. Эти технологии не только улучшают качество образования, но и делают процесс обучения более эффективным и интерактивным, отвечающим современным требованиям. В ходе исследования были выработаны практические рекомендации по совершенствованию преподавания уроков алгебры с эффективным использованием мультимедийных технологий. В то же время на уроках алгебры и аналитических инициатив были проанализированы методы решения задач, связанных с различными темами, с использованием мультимедийных средств.

Ключевые слова: дидактические ресурсы, методика обучения, мультимедиа, математические задачи, курс алгебры, компьютерные программы Geogebra, определенный интеграл, площадь фигуры, информационные технологии, показательные уравнения, иррациональные уравнения.

GEOGEBRA PROGRAM CAPABILITIES IN TEACHING SUBJECT ALGEBRA AND BEGINNINGS OF ANALYSIS

***Kochshanova Gulash, Makhanbetova Tazagul**

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: gulash.koshchanova@yu.edu.kz, e-mail: aynur_0801@mail.ru

Abstract. The use of multimedia technologies in our time is very important, as they help solve the problems of increasing the flow of information, lack of educational time, personalization of the educational process and the formation of a harmonious personality that meets modern requirements for the development of society. Multimedia technologies provide a wide range of tools to enhance the algebra learning experience, including interactive presentations, video lessons, audio materials, and programs for composing and solving mathematical problems. This article describes methods for solving examples based on the use of multimedia technologies in the educational process in the subject of algebra and the beginning of analysis. A pedagogical analysis of the knowledge and skills of secondary school students in algebra was carried out, the effectiveness of using multimedia methods in the process of teaching algebra in increasing cognitive activity and improving the quality of knowledge and the capabilities of platforms was studied. Multimedia is becoming crucial in stimulating students' interest in a subject and facilitating understanding of educational material. This paper discusses methods for solving algebraic problems using multimedia technologies, analyzing their impact on students' cognitive activity, mastering theoretical knowledge and developing practical skills. In addition, the didactic advantages of using multimedia technologies in the educational process are discussed in detail, including visualization, interactivity and the possibility of adapting educational materials. The results of the study showed that the use of multimedia technologies not only increases students' motivation to learn, but also contributes to a deeper understanding of educational material and independent acquisition of new knowledge. These technologies not only improve the quality of education, but also make the learning process more effective and interactive, meeting modern requirements. The study developed practical recommendations for improving the teaching of algebra lessons with the effective use of multimedia technologies. At the same time, the Algebra and Analytics Initiative classes analyzed methods for solving problems related to various topics using multimedia.

Key words: didactic resources, teaching methods, multimedia, mathematical problems, algebra course, Geogebra computer programs, definite integral, area of a figure, information technology, exponential equations, irrational equations.

ЭОЖ 37.01
МРНТИ 77.01
DOI 10.56525/BONL9186

**БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ: ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ**

Н.А. Ахметов, К.Т. Кыстаубаева*

Есенов университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан
e-mail: nursapa.akhmetov@yu.edu.kz, e-mail: kundyk.kystaubayeva@yu.edu.kz

Аннотация. Зерттеуде Д. В. Люсиннің «Эмоционалды интеллект» әдістемесі және В. В. Синявский мен Б. А. Федоришиннің «Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер» тесті қолданылды. Бұл әдістер екі топтың көрсеткіштерін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері студенттер мен оқытушылардың эмоционалды интеллект деңгейі мен коммуникативтік дағдылары арасында тұрақты өзара байланыс бар екенін көрсетті. Эмоционалды интеллект деңгейі жоғары студенттер тиімді қарым-қатынас жасау, эмоцияларды басқару және даулы жағдайларды шешу қабілеттерін жақсы меңгергені анықталды. Бұл студенттердің білім беру үдерісінде коммуникативтік процестерге белсенді қатысуы олардың практикалық дағдыларын дамытып қана қоймай, эмпатия, күйзеліске төзімділік және ынтымақтастыққа қабілеттілік сияқты маңызды жеке қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Эмоционалды интеллект пен коммуникативтік дағдыларды дамыту тек студенттер үшін ғана емес, оқытушылар үшін де маңызды рөл атқарады. Педагогтер үшін өз эмоцияларын басқару, студенттердің эмоционалды жағдайын түсіну және ұжымда тиімді қарым-қатынас орната білу кәсіби құзыреттіліктің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл оқу топтарында қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға ықпал етеді, ал бұл өз кезегінде студенттердің уәждемесіне және білім беру үдерісіне белсенді араласуына оң әсерін тигізеді. Сонымен қатар, оқытушылардың эмоционалды интеллектін дамыту олардың педагогикалық міндеттерді тиімді шешуіне, білім беру ортасындағы өзгерістерге бейімделуіне және кәсіби белсенділік деңгейін жоғары ұстауына көмектеседі.

Зерттеу білім беру жүйесіне эмоционалды интеллект пен коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізудің қажеттілігін ерекше атап көрсетеді. Мұндай бағдарламаларға оқытушыларға арналған арнайы тренингтер, мастер-кластар мен курстар өткізу, сондай-ақ студенттердің оқу бағдарламасына тиісті модульдерді енгізу кіруі мүмкін. Бұл шаралар білім беру сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар барлық білім беру үдерісіне қатысушылардың үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді. Эмоционалды интеллект пен коммуникативтік дағдыларды дамыту – заманауи талаптар мен сын-тегеуріндерге жауап беретін неғұрлым тиімді әрі гуманистік білім беру жүйесін қалыптастырудың маңызды қадамы болып табылады.

Түйін сөздер: дене тәрбиесі; эмоционалдық интеллект; коммуникативтік бейімділіктер; ұйымдастырушылық бейімділіктер; педагогикалық құзыреттілік; студенттер, оқытушылар.

Кіріспе. Бүгінгі күні дене тәрбиесі және спорт саласындағы мамандарды даярлау процесінің дамуы, білім беру саясатының жалпы стратегиясымен тығыз байланысты. Осы саясаттың негізгі мақсаттарының бірі — жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Осы орайда, дене тәрбиесінің маңызды рөліне, әсіресе, дені сау және белсенді жас ұрпақты қалыптастыру контекстінде, ерекше назар аударыла бастады. Осыған байланысты болашақ дене тәрбиесі және спорт пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін, сондай-ақ олардың кәсіби қызметінің табыстылығын қамтамасыз ететін жеке қасиеттерін дамыту қажеттілігі туындайды.

Оқыту және зерттеу жұмысы барысында педагог студенттерге өз білімін береді және олардың зерттеу іс-әрекетіне қатысуын ұйымдастырады. Бұл құрылымдалған және стандартталған кәсіби жұмыс саласы педагогтың эмоциялық және құндылықтық сезімдері мен өзара қарым-қатынастар контекстінде жүзеге асырылады. Осы сезімдер мен қарым-қатынастар арқылы студенттердің шындыққа, әлемге, басқа адамдарға және өздеріне деген көзқарасы қалыптасады. Олар сондай-ақ студенттердің құндылықтар жүйесі мен мағыналы жеке тұлғалық мәндерін қалыптастыруға ықпал етеді, бұл таным процесін жеке тұлға үшін маңыздырақ немесе, керісінше, маңызсыз ете алады, олардың сипаты мен сапасына байланысты [9]. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін педагогтар белгілі бір кәсіби қасиеттерге ие болуы тиіс.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары мен «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша бакалавриатта оқитын студенттердің эмоционалдық интеллект, коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділік көрсеткіштерін салыстыру. Зерттеу барысында қазіргі және болашақ дене тәрбиесі педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерінің маңызды компоненттерін—эмоционалдық интеллект, коммуникациялық және ұйымдастырушылық бейімділіктерді тексеру мақсат етілді. Зерттеу жұмысы Yessenov University базасында жүргізілді. Зерттеуге 20 студент (18 жігіт, 2 қыз) және 11 дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары (8 ер адам, 3 әйел адам) қатысты.

Зерттеу әдістері ретінде Д.В. Люсиннің «Эмоционалдық интеллект» тесті [7] және В.В. Синявский мен Б.А. Федоришаның «Коммуникациялық және ұйымдастырушылық бейімділіктер» тесті [12] қолданылды. Бұл тесттер әртүрлі деңгейдегі кәсіби құзыреттіліктерді бағалау үшін сенімді және жарамды құралдар болып табылады. Сонымен қатар, алынған деректерді өңдеу және талдау үшін математикалық статистика әдістері қолданылды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерін объективті бағалауға және топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында қолданылған әдістемелер мен техникалар әртүрлі компоненттер арасындағы корреляциялық байланыстарды зерттеуге, сондай-ақ дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімдері мен студенттері арасындағы кәсіби дағдылардың даму деңгейлерін салыстыруға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қазіргі уақытта дене тәрбиесі мұғалімдерінен заманауи білімге ие, педагогикалық жұмысында мобильділік пен динамикалық қасиеттер көрсете алатын мамандар талап етіледі. Бұл олардың өз саласындағы білімді меңгеріп, оны практикада қолдана білуімен байланысты функционалды дағдыларға ие болуын білдіреді. Біздің зерттеуімізде біз қазіргі және болашақ дене тәрбиесі педагогтарының коммуникативтік, ұйымдастырушылық және эмоционалдық құзыреттіліктеріне назар аударғымыз келеді.

Коммуникациялық дағдылар тек жас педагогтың қарым-қатынастағы табыстылығын анықтап қана қоймай, оқу мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыруға да ықпал етеді [4]. Коммуникацияның құрамына кәсіби педагогикалық контексте қолданылатын

коммуникациялық дағдылар кіреді: оқушылармен және ата-аналармен байланыс орнату; педагогикалық өзара әрекеттесу жағдайында өз мінез-құлқын және эмоцияларын басқару; полемика, әңгіме, талқылау жүргізу; интонация мен сөйлеуді әртүрлі қалыпта қолдану; баяндамалар жасау [13].

Педагогтың коммуникативтік дағдыларын қарастырғанда келесі аспектілерді айта кетуге болады: эмоционалды байланыс орнату және қарым-қатынас процесінде белсенді өзара әрекеттесу қабілеті; өз эмоцияларын тиімді басқару; байқағыштық және назар аударуды өзгерту икемділігі; әлеуметтік қабылдау, яғни студенттердің психологиялық күйін сыртқы белгілер негізінде түсіну қабілеті; өзін жақсы жағынан көрсету; сөйлеу (вербальды) және сөйлемейтін (вербальды емес) коммуникация дағдыларын меңгеру және басқа да көптеген дағдылар [6].

Көптеген педагогтар әдетте авторитарлық қарым-қатынас стилін қолдануды жөн көреді, бірақ бұл стиль ең теріс жағдайда өз ойлары мен еріктерін басқаларға таңуға, агрессия көрсетуге және диалог жүргізу қабілетінің болмауына әкелуі мүмкін. Керісінше, әлеуметтік-коммуникациялық дағдыларға ие болу педагогқа өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін ең жақсы түрде дамытуға, қарым-қатынастан қуаныш алуға және өз күшіне сенімді болуға мүмкіндік береді [3].

Л.И. Усманский ұйымдастырушылық бейімділіктерге практикалық психологиялық ойлау, тандау қабілеті, бастамашылық, талапшылдық және сыни тұрғыдан ойлау жатады [11]. Р.Л. Кричевский ұйымдастырушылық бейімділіктерге эмоционалды тұрақтылық, өзін-өзі меңгеру, басқалардан үстемдік алу, белгіленген мақсатқа ұмтылу және міндеттемелік қасиеттерін жатқызады. О.А. Каткова жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттер педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту үшін маңызды негіз болып табылады. Бұл тиімділік жастарды тәрбиелеу мен оқыту процесінің жақсы ұйымдастырылуына және байланысқа тәуелді екендігімен түсіндіріледі. Педагогтың тұлғалық және кәсіби дамуында коммуникативті ұйымдастырушы ретінде психологиялық жетілуі мен қарым-қатынастағы икемділіктің дамуы маңызды рөл атқарады [2]. Педагогтардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ету үшін әрбір оқушының эмоциялық тұрғыдан қатысуын пайдалану тиімді болады. Эмоционалды компонентті оқыту бағдарламасына дұрыс енгізу арқылы әрбір студенттің белсенді қатысуын қамтамасыз етуге болады, сондықтан педагог үшін эмоционалды интеллектіні дамыту маңызды аспект болып табылады.

Дж. Майер және П. Сэловей «эмоционалды интеллектіні әлеуметтік интеллектінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттайды. Ол өз эмоцияларыңды түсіну, ажырату және тану қабілетін, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну мүмкіндігін қамтиды. Алынған ақпарат өз ойлауын және әрекеттерін басқару үшін пайдаланылады. Келесі зерттеулерде Дж. Майер мен П. Сэловей эмоционалды интеллектінің анықтамасын нақтылап, оны эмоцияларды дәл қабылдау, бағалау және білдіру қабілеті ретінде сипаттады. Олар сондай-ақ эмоционалды интеллектінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде эмоцияларға жүгіну және оларды ойлау процесін жеңілдету үшін туындату қабілетін атап өтті. Эмоционалды интеллектінің ең маңызды қабілеттерінің бірі — эмоцияларды түсіну және оларды реттеу арқылы эмоционалды және интеллектуалды дамуды қолдау» [16].

Дэниэл Гоулман эмоционалды интеллектіні адамдардың өз эмоцияларын, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну және интерпретациялау қабілеті ретінде сипаттайды. Бұл ақпаратты адамдар өз мақсаттарына жету үшін тиімді пайдалана алу керек [15]. И.Н. Андреева болса, эмоционалды интеллектіні әлеуметтік-практикалық интеллектінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады, оны адамдардың өзара әрекеттесуінде және әртүрлі жағдайларда көрініс табатын қабілет ретінде сипаттайды [1].


Д.В. Люсиннің пікірінше, «эмоционалды интеллект – бұл когнитивтік қабілеттер мен тұлғалық қасиеттерді қамтитын күрделі құрылым. Ол эмоционалды интеллектінің адамның ішкі әлеміне қызығушылықты, мінез-құлықты психологиялық талдауға бейімділікті және басқа жеке ерекшеліктерді біріктіретінін атап өтеді. Эмоционалды интеллект өз эмоцияларын

түсіну және басқару қабілетін, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну мен оларға эмпатия көрсету қабілетін қамтиды» [7]. Бұл анықтама шетелдік авторлардың теорияларымен толық үйлеседі. Эмоционалдық интеллектіні дамыту жеке тұлғаның дамуындағы табиғи процесс болуы мүмкін, бірақ ол арнайы тренингтер мен жаттығулар арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын студенттер арасында Д.В. Люсиннің «Эмоционалдық интеллект» (ЭИ) әдістемесі Бойынша келесі нәтижелер алынған (сурет 1).

Зерттеуге қатысқан студенттердің көпшілігінде ЭИ жалпы деңгейі оң нәтиже көрсеткен, атап айтқанда – орташа және жоғары деңгейлер 30%-ды құрайды, өте жоғары деңгей 20%-ды құрайды. Жекеаралық ЭИ деңгейі де оң тенденцияны көрсетіп отыр – жалпы санының 40%-ы орташа және жоғары деңгейде.


Ішкі тұлғалық ЭИ де оң тенденцияны көрсетеді: 35%-ы орташа және 20%-ы жоғары деңгейде, алайда төмен (25%) және өте төмен (10%) деңгейге ие студенттердің пайызы артады. Бұл әсіресе «Өз эмоцияларын түсіну» және «Өз эмоцияларын басқару» шкалаларында айқын көрінеді. Студенттер басқалардың эмоцияларын орташа деңгейде түсінеді (60%).



1 - сурет. «Эмоционалдық интеллект» әдістемесі бойынша ДШЖС мамандығы бойынша бакалавриатта оқитын студенттер арасындағы нәтижелер

Оқытушылар арасында ЭИ жалпы деңгейі көбінесе орташа деңгейде байқалады – 54,5%. Арақатынастық ЭИ бойынша төмен – 18,2% және өте төмен – 27,3% деңгейлеріне қарай бейімділік байқалады. Ішкі тұлғалық ЭИ оң тенденция бойынша басым (сурет 2). «Эмоцияларды түсіну» шкаласы оң деңгейлерді көрсетеді, алайда төмен (18,2%) және өте төмен (27,3%) деңгейлер бойынша көрсеткіштер байқалады. «Эмоцияларды басқару» шкаласы бойынша орташа деңгей басым (63,6%).

ЭИ шкалалары бойынша екі топ арасында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды.




2 - сурет. «Эмоционалдық интеллект» әдістемесі бойынша оқытушылардың арасындағы нәтижелер

«Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктер» (КҰБ) тестінің нәтижелері «Дене шынықтыру және спорт» бакалавриатында оқитын студенттер арасында сурет 3-те көрсетілген. Студенттер арасында коммуникативтік бейімділіктер бойынша төмен және өте жоғары деңгейлердің басым болатынын атап өтуге болады. Ұйымдастырушылық бейімділіктер бойынша көбінесе төмен және орташа деңгейлер басым.


Сурет 4-те «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының оқытушыларының нәтижелері көрсетілген. Бұл топта коммуникативтік бейімділіктер бойынша төмен және орташа деңгейлер байқалады. Ұйымдастырушылық бейімділіктер бойынша төмен және жоғары деңгейлер көрініс табады.

Студенттер арасында коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктердің жоғары және өте жоғары деңгейлері тіркелген, ал оқытушылар арасында КҰБ бойынша көбінесе төмен деңгейлер байқалады.

Манн-Уитни критерий бойынша «студенттер мен оқытушылар тобы арасында «Басқалардың эмоцияларын түсіну» ($P < 0,05$) және «Арақатынастық эмоционалдық интеллект» ($P < 0,05$) шкалалары бойынша айырмашылықтар анықталды, студенттер тобының көрсеткіштері (деңгейлері) оқытушылар тобына қарағанда жоғары» [17].



3 - сурет. Студенттердің КҰБ әдісі бойынша тест нәтижелері



4 - сурет. «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасы оқытушыларының ҚҰБ әдісі бойынша тест нәтижелері

Келесі кезеңде біз студенттер мен оқытушылар тобы арасындағы эмоционалдық интеллект, коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділіктер көрсеткіштері арасында корреляциялық байланыстарды анықтадық.

Студенттер тобы арасында «Коммуникативтік бейімділіктер» шкаласы мен «Эмоцияларды басқару» шкаласы ($R = 0,633$; $P < 0,01$) және «Жалпы эмоционалдық интеллект деңгейі» шкаласы ($R = 0,581$; $P < 0,01$) арасында орташа оң корреляциялық байланыстар бар екенін атап өтуге болады. Яғни, коммуникативтік бейімділіктер деңгейі жоғарылаған сайын, эмоцияларды басқару деңгейі мен жалпы эмоционалдық интеллект деңгейі де жоғарылайды, және керісінше. Бұл жағдайда жоғары оқу орнында оқу және оқыту профилі коммуникативтік бейімділіктердің дамуына ықпал ететіні болжануы мүмкін, себебі студенттер арасында жиі әр түрлі деңгейде (студенттер, оқытушылар, қоғамдық қызмет, тәжірибеден өту) коммуникация жүзеге асырылады. Осылайша, студент өз эмоцияларын басқаруды үйренеді, ал адамдармен әр деңгейде өзара әрекеттесу жалпы эмоционалдық интеллектінің дамуына ықпал етеді.

Оқытушылар тобы арасында келесі корреляциялар анықталды:

1. «Ұйымдастырушылық бейімділіктер» және «Арақатынастық эмоционалдық интеллект» шкалалары арасында орташа оң байланыс ($R = 0,579$; $P < 0,05$) байқалды, яғни ұйымдастырушылық бейімділіктер деңгейі жоғарылаған сайын, арақатынастық эмоционалдық интеллект деңгейі де жоғарылайды және керісінше. Ұйымдастырушылық бейімділіктер басқалардың эмоцияларын басқаруға ықпал етеді, себебі оқытушы топтық әрекеттерді ұйымдастырып, оны дұрыс басқарады.

2. «Коммуникативтік бейімділіктер» және «Ішкі тұлғалық эмоционалдық интеллект» шкалалары арасында күшті теріс байланыс ($R = 0,641$, $P < 0,05$) байқалды, яғни коммуникативтік бейімділіктер деңгейі жоғарылаған сайын, ішкі тұлғалық эмоционалдық интеллект деңгейі төмендейді және керісінше. Бұл жағдай оқытушының ұзақ уақыт бойы жүргізетін көптеген коммуникациялары ішкі тұлғалық эмоционалдық интеллектке әсер етуі мүмкін, яғни ол өз эмоцияларын түсіну және басқару қабілетін азайтады.

3. «Ұйымдастырушылық бейімділіктер» және «Экспрессияны басқару» шкалалары арасында теріс байланысқа деген бейімділік байқалады, яғни ұйымдастырушылық бейімділіктер деңгейі жоғарылаған сайын, экспрессияны басқару деңгейі төмендейді, және керісінше (студенттер арасында кері тенденция анықталған). Оқу процесін және жұмыс жобаларын жиі ұйымдастыру барысында оқытушылар стрессті сезінуі мүмкін, сол себепті олар, мүмкін, өз эмоцияларын аз бақылап отырады. Оқытушылар арасында анықталған байланыстар, мүмкін, кәсіби күйзелістің (выгорание) пайда болуына ықпал етуі мүмкін [10] және эмоционалдық жағдайды бақылауға бағытталған бағдарламаны әзірлеуді қажет етеді.

Кейбір авторлар кәсіби күйзелісті болдырмау үшін педагогтарға өз қызметінің мағыналық жүктемесін анықтауды ұсынады: педагог қандай мақсатта күш жұмсайды, күшін қайда бағыттауға болатынын [14]. Сонымен қатар, сәтсіздіктер мен төмендеулердің кәсіби

жетілу кезеңдерінің табиғи бөлігі болып табылатынын және олар күшті эмоционалдық тәжірибеге себеп болмауы тиіс екенін қабылдау керек. Эмоционалдық реакцияны бақылау үшін эмоциялар күнделігін толтыру ұсынылуы мүмкін [8]. Басқалармен коммуникация кезінде эмоционалдық реакцияны саналы түрде басқару дамуы эмоционалдық интеллектіні жақсартуға, сондай-ақ коммуникация мен ұйымдастыру дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, коммуникациялық, ұйымдастырушылық дағдыларды, сондай-ақ тұрақты эмоционалдық интеллект деңгейін дамыту мен қолдауға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтуге болады. Біздің зерттеуіміз осы дағдылардың көптеген компоненттерінің өзара тығыз байланысты екенін растады. Атап айтқанда, коммуникациялық қабілеттердің болмауы немесе жеткіліксіз деңгейде болуы, эмоционалдық интеллекттің төмендігі, сондай-ақ ұйымдастырушылық дағдылардың жетілмегендігі оқытушының кәсіби қызметіне теріс әсер етуі мүмкін. Бұл факторлар оқытушының психологиялық әл-ауқатын төмендетіп, оқу үдерісінің тиімділігін қиындатады.

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бакалавриатта оқитын студенттер үшін коммуникациялық, ұйымдастырушылық дағдыларды және эмоционалдық интеллектті дамыту өте маңызды. Олар бұл дағдыларды оқу үдерісінде, педагогикалық тәжірибеден өту кезінде, қоғамдық қызметке қатысқанда, жобаларды іске асыру барысында және басқа да кәсіби іс-әрекеттерде қолданады. Мысалы, студенттердің топпен жұмыс істеу, мәселелерді шешу, түйінді сөйлеу, эмоцияларды басқару сияқты қабілеттері олардың кәсіби дамуына үлкен ықпал етеді.

Бұл дағдыларды дамыту мен қолдау тек болашақ педагогтардың психологиялық әл-ауқатын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар олардың оқушылармен қарым-қатынасын тиімді етуге, оқу үдерісін жетілдіруге және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Эмоционалдық интеллект пен коммуникациялық дағдылардың жоғары деңгейі оқытушыға оқушылардың қажеттіліктерін тереңірек түсінуге, олардың мотивациясын арттыруға және сындарлы ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, зерттеу нәтижелері бойынша, білім беру жүйесінде коммуникациялық, ұйымдастырушылық дағдыларды және эмоционалдық интеллектті дамытудың маңыздылығы айқын көрінеді. Бұл дағдыларды жетілдіруге бағытталған арнайы бағдарламалар мен тренингтерді енгізу, оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және білім беру үдерісінің жалпы тиімділігін жақсартуға ықпал етеді. Осылайша, болашақ педагогтардың дайындығын жетілдіру арқылы біз оқушылардың білім алу сапасын арттыра аламыз және олардың жеке дамуына оң ықпал ете аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андреева, И.Н. Эмоциональный интеллект как феномен современной психологии / И.Н. Андреева. – Новополюцк: ПГУ, 2011. Б– 388.
2. Бабудоржиева, Э.Д. Исследование проблемы коммуникативных и организаторских способностей в психологии / Э.Д. Бабудоржиева // Вестник Бурятского государственного университета. Образование. Личность. Общество. – 2012. – № 5. Б – 41–45.
3. Бектуров, Т.М. Коммуникативная способность педагога как профессионально значимый феномен / Т.М. Бектуров, Г.А. Назарматова, С.Э. Иманкулова // Бюллетень науки и практики. 2019. – № 12. Б– 437–441.
4. Введенский, В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога / В.Н. Введенский // Педагогика. – 2003. – № 10. Б - 51–55.
5. Григорьев, А.П. Сущность функциональных умений будущих педагогов физической культуры и спорта /А.П. Григорьев//Современные проблемы науки и образования. – 2022. – № 5. Б– 36.
6. Кан-Калик, В.А. Учителю о педагогическом общении: кн. для учителя / В.А. Кан-Калик. – М.: Просвещение, 1987. Б– 245.

7. Люсин, Д.В. Новая методика для измерения эмоционального интеллекта: опросник ЭМИН // Психологическая диагностика. – 2006. – № 4. – Б. 3–22.
8. Осипова, А.А. Общая психокоррекция. – М.: Сфера, 2008. Б– 512.
9. Поливанова, К.Н. Первый научно-экспертный семинар «Новое детство»/К.Н. Поливанова, В.В. Рубцов, А.А. Марголис // Психологическая наука и образование. – 2019. – Т. 24. – № 2.
10. Скворцова, К.А. Теоретический анализ проблемы эмоционального выгорания и личностных характеристик учителей / К.А. Скворцова // Фундаментальная и прикладная наука: состояние и тенденция развития: сборник статей XXX Международной научно-практической конференции. – Петрозаводск: Международный центр научного партнерства «Новая Наука», 2023. Б–291–299.
11. Сычева, А.В. Добровольческое движение в молодежной среде: состояние и перспективы / А.В. Сычева // Известия Тульского государственного университета. – 2015. – № 1. Б– 255–261.
12. Фетискин, Н.П. Диагностика коммуникативных и организаторских склонностей (КОС-2) / Н.П. Фетискин, В.В. Козлов, Г.М. Мануйлов // Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. – М., 2002. Б–263–265.
13. Чухачева, Е.В. Оценка уровня сформированности коммуникативных способностей будущих педагогов / Е.В. Чухачева // Образовательное пространство детства: исторический опыт, проблемы, перспективы: сборник научных статей и материалов VI международной научно-практической конференции. – Коломна, 2019. Б–355–359.
14. Щеглова, Г.С. Психолого-педагогическая коррекция синдрома эмоционального выгорания педагогов школы / Г.С. Щеглова // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – № 8. Б–56–60.
15. Goleman, D. Emotional leadership. The art of managing people based on emotional intelligence / D. Goleman. – Moscow: Eksmo-Astm, 2012. – Pp. – 300.
16. Mayer, J.D. What is emotional intelligence/ Emotional Development and Emotional Intelligence: Implications for Educators / P. Salovey, D.J. Sluyter (Eds.). – New York, 1997. – Pp. 3–34.
17. Васькова Е.В., Широкова Е.А. сравнительный анализ показателей эмоционального интеллекта, коммуникативных и организаторских склонностей у преподавателей физического воспитания и студентов, обучающихся по профилю «физическая культура и спорт» // Вестник спортивной науки. 2024. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-pokazateley-emotsionalnogo-intellekta-kommunikativnyh-i-organizatorskih-sklonnostey-u-prepodavateley> (дата обращения: 27.01.2025).

REFERENCES

1. Andreeva, I.N. Emocional'nyj intellekt kak fenomen sovremennoj psihologii / I.N. Andreeva. – Novopolock: PGU, 2011. Б– 388.
2. Babudorzheva, E.D. Issledovanie problemy kommunikativnyh i organizatorskih sposobnostej v psihologii / E.D. Babudorzheva // Vestnik Buryatskogo gosudarstvennogo universiteta. Obrazovanie. Lichnost'. Obshchestvo. – 2012. – № 5. Б – 41–45.
3. Bekturov, T.M. Kommunikativnaya sposobnost' pedagoga kak professional'no znachimyj fenomen / T.M. Bekturov, G.A. Nazarmatova, S.E. Imankulova // Byulleten' nauki i praktiki. 2019. – № 12. Б– 437–441.
4. Vvedenskij, V.N. Modelirovanie professional'noj kompetentnosti pedagoga / V.N. Vvedenskij // Pedagogika. – 2003. – № 10. Б - 51–55.
5. Grigor'ev, A.P. Sushchnost' funktsional'nyh umenij budushchih pedagogov fizicheskoy kul'tury i sporta / A.P. Grigor'ev // Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya. – 2022. – № 5. Б– 36.

6. Kan-Kalik, V.A. Uchitelyu o pedagogicheskom obshchenii: kn. dlya uchitelya / V.A. Kan-Kalik. – M.: Prosveshchenie, 1987. B– 245.
7. Lyusin, D.V. Novaya metodika dlya izmereniya emocional'nogo intellekta: oprosnik EMIN // Psihologicheskaya diagnostika. – 2006. – № 4. – B. 3–22.
8. Osipova, A.A. Obshchaya psihokorrekcija. – M.: Sfera, 2008. B– 512.
9. Polivanova, K.N. Pervyj nauchno-ekspertnyj seminar «Novoe detstvo» / K.N. Polivanova, V.V. Rubcov, A.A. Margolis // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie. – 2019. – T. 24. – № 2.
10. Skvorcova, K.A. Teoreticheskij analiz problemy emocional'nogo vygoraniya i lichnostnyh harakteristik uchitelej / K.A. Skvorcova // Fundamental'naya i prikladnaya nauka: sostoyanie i tendenciya razvitiya: sbornik statej XXX Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Petrozavodsk: Mezhdunarodnyj centr nauchnogo partnerstva «Novaya Nauka», 2023. B –291–299.
11. Sycheva, A.V. Dobrovol'cheskoe dvizhenie v molo- dezhnoj srede: sostoyanie i perspektivy / A.V. Sycheva // Izvestiya Tul'skogo gosudarstvennogo universiteta. – 2015. – № 1. B– 255–261.
12. Fetiskin, N.P. Diagnostika kommunikativnyh i organizatorskih sklonnostej (KOS-2) / N.P. Fetiskin, V.V. Kozlov, G.M. Manujlov // Social'no-psihologicheskaya diagnostika razvitiya lichnosti i malyh grupp. – M., 2002. B–263–265.
13. CHuhacheva, E.V. Ocenka urovnya sformirovannosti kommunikativnyh sposobnostej budushchih pedagogov / E.V. CHuhacheva // Obrazovatel'noe prostranstvo detstva: istoricheskij opyt, problemy, perspektivy: sbornik nauchnyh statej i materialov VI mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Kolomna, 2019. B–355–359.
14. SHCHeglova, G.S. Psihologo-pedagogicheskaya korrekciya sindroma emocional'nogo vygoraniya pedagogov shkoly / G.S. SHCHeglova // Nauchno-metodicheskij elektronnyj zhurnal «Koncept». – 2015. – № 8. B–56–60.
15. Goleman, D. Emotional leadership. The art of managing people based on emotional intelligence / D. Goleman. – Moscow: Eksmo-Astm, 2012. – Rr. – 300.
16. Mayer, J.D. What is emotional intelligence/Emotional Development and Emotional Intelligence: Implications for Educators / P. Salovey, D.J. Sluyter (Eds.). – New York, 1997. – Pp. 3–34.
17. Vas'kova E.V., SHirokova E.A. Sravnitel'nyj analiz pokazatelej emocional'nogo intellekta, kommunikativnyh i organizatorskih sklonnostej u prepodavatelej fizicheskogo vospitaniya i studentov, obuchayushchihsya po profilyu «fizicheskaya kul'tura i sport» // Vestnik sportivnoj nauki. 2024. №1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-pokazateley-emotsionalnogo-intellekta-kommunikativnyh-i-organizatorskih-sklonnostey-u-prepodavateley> (data obrashcheniya: 27.01.2025).

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ: ВЗАИМОСВЯЗЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ОРГАНИЗАЦИОННЫХ НАВЫКОВ

Н.А. Ахметов, К.Т. Кыстаубаева*

Университет Есенова, Актау, Казахстан

e-mail: nursapa.akhmetov@yu.edu.kz, e-mail: kundyz.kystaubayeva@yu.edu.kz

Аннотация. В исследовании были использованы методики Д. В. Люсина «Эмоциональный интеллект» и тест В. В. Синявского и Б. А. Федориши «Коммуникационные и организационные задатки», которые позволили провести сравнительный анализ показателей между двумя группами. Результаты исследования продемонстрировали наличие устойчивой взаимосвязи между уровнем эмоционального интеллекта и коммуникативными навыками как у студентов, так и у преподавателей. Было установлено, что студенты с более высоким

уровнем эмоционального интеллекта демонстрируют лучшие способности к эффективному общению, управлению эмоциями и разрешению конфликтных ситуаций. Это указывает на то, что активное вовлечение студентов в коммуникативные процессы в рамках образовательной деятельности способствует не только развитию их практических навыков, но и формированию важных личностных качеств, таких как эмпатия, стрессоустойчивость и способность к сотрудничеству.

Развитие эмоционального интеллекта и коммуникативных навыков играет ключевую роль не только для студентов, но и для преподавателей. Для педагогов умение управлять своими эмоциями, понимать эмоциональное состояние студентов и выстраивать конструктивное взаимодействие в коллективе является важным аспектом профессиональной компетентности. Это способствует созданию благоприятной психологической атмосферы в учебных группах, что положительно влияет на мотивацию студентов и их вовлеченность в образовательный процесс. Кроме того, развитие этих навыков у преподавателей позволяет им более эффективно решать педагогические задачи, адаптироваться к изменениям в образовательной среде и поддерживать высокий уровень профессиональной активности.

Исследование подчеркивает необходимость внедрения программ, направленных на развитие эмоционального интеллекта и коммуникативных навыков, в систему образования. Это может включать проведение специализированных тренингов, мастер-классов и курсов для преподавателей, а также интеграцию соответствующих модулей в учебные программы для студентов. Такие меры будут способствовать не только повышению качества образования, но и созданию условий для гармоничного развития личности всех участников образовательного процесса. Развитие эмоционального интеллекта и коммуникативных навыков является важным шагом к формированию более эффективной и гуманистически ориентированной системы образования, которая отвечает современным требованиям и вызовам.

Ключевые слова: физическая культура; эмоциональный интеллект; коммуникативные способности; организационные способности; педагогическая компетентность; студенты, преподаватели.

PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE PHYSICAL EDUCATION TEACHERS: THE RELATIONSHIP BETWEEN EMOTIONAL INTELLIGENCE AND ORGANIZATIONAL SKILLS

N.A. Akhmetov, K.T. Kystaubayeva*

Yesenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: nursapa.akhmetov@yu.edu.kz, e-mail: kundyzy.kystaubayeva@yu.edu.kz

Annotation. The study used D. V. Lyusin's emotional intelligence test and V. V. Sinyavsky and B. A. Fedorishi's communication and organizational skills test, and compared the indicators between the two groups. The connection between emotional intelligence and communication skills between students and teachers has acquired certain features. It was noticed that as the level of emotional intelligence among students increases, the level of communication skills and emotion management also increases. This shows that students' participation in communication at different levels in the learning process, as well as creates effective opportunities for the development of their practical skills.

The ability to develop and manage emotional intelligence can improve the psycho-emotional well-being of students and teachers, and increase the effectiveness of the educational process. The development of these skills among teachers and students contributes to improving the quality of education and ensuring the success of teaching activities.

This research, in turn, highlights the need to develop emotional intelligence and communication skills to enhance the professional competence of educators. The integration of these skills into the educational process, as well as the introduction of special programs aimed at the professional improvement of teachers, will undoubtedly be an important step towards improving the

effectiveness of the education system. The study utilized the methodologies of D. V. Lusin's *"Emotional Intelligence"* and the test by V. V. Sinyavsky and B. A. Fedorishin *"Communicative and Organizational Aptitudes"*, which allowed for a comparative analysis of indicators between two groups. The results of the study demonstrated a stable correlation between the level of emotional intelligence and communicative skills in both students and teachers. It was found that students with a higher level of emotional intelligence exhibit better abilities in effective communication, emotion management, and conflict resolution. This indicates that active involvement of students in communicative processes within educational activities contributes not only to the development of their practical skills but also to the formation of important personal qualities such as empathy, stress resilience, and the ability to collaborate.

The development of emotional intelligence and communicative skills plays a key role not only for students but also for teachers. For educators, the ability to manage their emotions, understand students' emotional states, and build constructive interactions within the academic community is an essential aspect of professional competence. This helps create a positive psychological atmosphere in study groups, which positively influences students' motivation and engagement in the learning process. Furthermore, enhancing these skills among teachers enables them to more effectively solve pedagogical tasks, adapt to changes in the educational environment, and maintain a high level of professional activity.

The study highlights the need to implement programs aimed at developing emotional intelligence and communicative skills in the education system. This may include specialized training, workshops, and courses for teachers, as well as the integration of relevant modules into students' curricula. Such measures will contribute not only to improving the quality of education but also to creating conditions for the harmonious development of all participants in the educational process. The development of emotional intelligence and communicative skills is an essential step toward forming a more effective and humanistic education system that meets modern requirements and challenges.

Keywords: physical education; emotional intelligence; communicative inclinations; organizational inclinations; pedagogical competence; students, teachers.

ӘӨЖ 32.019.5

DOI 10.56525/UOES7583

**АХМЕТ ТЕЗЕКБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ:
КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН- СҮРГІН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КҮРЕС****А.К.Нурманова**

Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан.

E-mail: ayaguz1510@mail.ru

Аңдатпа. Әрбір халықтың тарихи дамуында орын алатын трансформациялық кезеңдер қоғамның әлеуметтік құрылымына, саяси жүйесіне, мәдени болмысына және экономикалық негіздеріне терең ықпал етеді. Қазақстанның көпғасырлық тарихында XX ғасырдың бірінші жартысы осындай күрделі әрі маңызды кезеңдердің бірі ретінде ерекшеленеді. Мақалада осы уақыт аралығында елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістері қарастырылады. Сонымен қатар, кеңестік жүйе тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған Ахмет Тезекбайұлының өмір жолы мен шығармашылық мұрасына және қуғындалу себептеріне ғылыми талдау жасалып, қазіргі кезең үшін тарихи маңызы айқындалады. 1920 жылы бұрынғы Ресей империясы аумағында, соның ішінде Қазақстанда, кеңестік биліктің толық орнығуымен бірге большевиктік басқару жүйесі ұлттық, әлеуметтік және экономикалық бағыттағы саясатты біршама сақтықпен жүргізе бастады. Мұндай тактиканың басты мақсаты жергілікті халықтың, әсіресе көпшілік бөлігінің қолдауына ие болу арқылы кеңестік басқару құрылымдарын нығайту болды. Республикада кең көлемді экономикалық реформалар жүзеге аса бастады. Бұл реформалар әлеуметтік топтардың барлық дерлік тобына әсер етіп, елдегі экономикалық белсенділікті қалпына келтіруге бағытталды. Кеңестік билік осы мақсатта бірқатар капиталистік елдерге тән экономикалық тетіктерді пайдаланды. Ауыл шаруашылығы саласында да елеулі өзгерістер орын алып, егістік және жайылымдық жерлер мен су көздерін қайта бөлу шаралары жүргізілді. Алайда бастапқыда прагматикалық сипат алған реформалар кейінірек орталықтандырылған басқару жүйесіне орын берді. Экономиканың барлық секторлары қатаң әкімшілік бақылауға алынып, жоспарлы тапсырмаларды орындау мақсатында репрессивті әдістер кеңінен қолданыла бастады. Ауыл шаруашылығындағы мұндай қысыммен қатар, кеңестік билік рухани өмір саласына да бақылау орнатуға ұмтылды. Рухани саладағы бәсекелестіктің жойылуы партия идеологиясының қоғамға кедергісіз енуіне мүмкіндік берді. Осылайша, 1920–1940 жылдар аралығында кеңестік мемлекет қоғам өмірінің барлық салаларын экономикалық, саяси, мәдени және рухани бағыттарды қамтитын тоталитарлық бақылау жүйесін қалыптастырды. Кез келген қарсылық немесе балама пікірді білдіру әрекеттері толықтай басып-жаншылды.

Түйін сөздер: Ахмет Тезекбайұлы, тоталитарлық жүйе, кеңестік қуғын-сүргін, ұлттық күрес, ұжымдастыру.

Кіріспе. XX ғасырдың бірінші жартысында миллиондаған адам саяси қудалауға ұшырап, саяси және діни көзқарастары, әлеуметтік, ұлттық және өзге де белгілері бойынша қуғын-сүргінге тап болды. Қазақстанда жүздеген мың адам әділетсіз сотталды, олардың бір бөлігі ату жазасына кесілді. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің ерекшелігі, олар тек ұлттық интеллигенцияны қудалауға, адамның және азаматтың табиғи әрі азаматтық құқықтарын шектеу мен айыруға ғана емес, сонымен қатар халықтың шаруашылық өмір салтын түбегейлі өзгертуге бағытталған еді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселесін зерттеу бұл XX ғасырдың 20–50-жылдарында елімізде жүргізілген репрессиялардың ерекшеліктерін бағалау міндетімен және Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша тиімді мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүзеге асырумен тығыз байланысты. 2020 жылғы 24 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456; арлыққа қол қойды.

Комиссия жұмысы басталған сәттен бастап құжаттар мен материалдар жинақтары дайындалып, ғылыми мақалалар жазылды. Мемлекеттік комиссияның Жобалық кеңсесі ауқымды ғылыми-ұйымдастырушылық, әдістемелік және консультативтік жұмыс атқарды. Жалпы алғанда, мемлекеттік комиссияның жобалық кеңсесінің ықпалымен саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттарды құпиясыздандыру жұмысы жанданды. Бұл бағытқа бас прокуратура, ІІМ және ҰҚК ресурстары тартылды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві және Қазақстан Республикасының Президенті архивіндегі құжаттар мен ғылыми зерттеулер пайдаланылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс, дереккөздерге сыни талдау, мәтіндік және мазмұндық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін партия мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылды. Кеңес Одағында тоталитарлық жүйенің қалыптасуы жүйелі, жоспарлы және жаппай сипаттағы саяси қуғын-сүргінмен қатар жүрді. Бұл қуғын-сүргіндер ауқымы, репрессияға ұшырағандар саны және халықтың барлық әлеуметтік топтары мен санаттарын қамтуы жағынан бұрын-соңды болмаған құбылыс болды. Кеңестік тоталитаризм тек азаматтардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын шектеумен шектелмей, кеңес адамының ой бостандығына да шектеу қоюға бағытталды. КСРО-да мемлекеттік органдар жүзеге асырған жазалау шаралары алдымен қорқыныш тудыру арқылы қоғамды жүйелі басқарудың құралы ретінде қолданылды. Бұл жағдай жазалау тетіктеріне негізделген жаңа қоғам құруға ықпал етті. Кеңестік мемлекеттің қуғын-сүргін саясаты билік үшін күрестің басты әдісіне айналды. Бұл саясат нақты ғана емес, сондай-ақ әлеуетті (немесе болжамды) қарсыластар мен бақталастарды физикалық тұрғыда жоюды көздеді. Билікке қарсылық білдірген немесе келіспеушілік танытқан әлеуметтік топтар жазаланып, жойылып отырды. Сонымен қатар, репрессиялық саясаттың елдің экономикалық дамуында да қызмет еткені байқалады. Қосымша қаржы ресурстарын пайдаланбастан, елдің халық аз қоныстанған аймақтарына үлкен адам ресурстарын күштеп көшіру, мәжбүрлі еңбек арқылы еңбекпен түзеу лагерьлерінің жүйесін кеңейту және сол арқылы ірі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу мүмкін болды. Мысалы, ауқымды өнеркәсіптік құрылыстар жүргізу, жаңа аумақтарды игеру және елдің еңбек ресурстары жетіспейтін аймақтарын қамтамасыз ету сияқты міндеттер осы саясат арқылы жүзеге асты [1, 23 с.].

1920-1930 жылдар тоғысында тарихи даму процесінің жаңа экономикалық саясатқа негізделген бағыты тоталитарлық саяси ойлаудың революциялық утопизм идеяларымен кедергі келтірілді. Бұл, әсіресе ауыл шаруашылығында терең қайғылы салдарларға әкелді. Қатаң әміршіл-әкімшілік террор ауыл шаруашылығын кооперациялау идеясының беделін түсіріп қана қоймай, оның оң мүмкіндіктерін де жоққа шығарды. Елдің түрлі аймақтарында әскери қимылдар мен науқандық ілгерілету аймақтары бөлінген кезде, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың аймақтық мерзімдері мен мөлшерлемелерін белгілеу оның алғашқы айғағы болды. Кеңестік тоталитарлық жүйе жағдайында азаматтарды халық жауы деп жариялау, оларды азаматтық құқықтарынан айыру, мемлекет аумағынан қуу, дүние-мүлкін тәркілеу, қатаң оқшаулау арқылы бостандықтан айыру сияқты репрессивтік жазалау шаралары кеңінен қолданылды. Бұл үдерісте құқықтық рәсімдердің сақталмауы жүйелі сипатқа ие болды [2, 34 с.].

Тоталитарлық тәртіп азаматтардың өздеріне тағылған айыптауларды әділ және жан-жақты қарастыратын соттың болуын талап ету құқығын толықтай жоққа шығарды. Қазақстан аумағында тұтқындалған азаматтардың көпшілігіне негізінен жапон, кейбір жағдайларда герман тыңшысы деген айыптар тағылды. Мұндай айыптаулар нақты дәлелдерге емес, айыптау мен мойындауға негізделген жалған тергеу әдістеріне сүйеніп жүзеге асырылды. Көп жағдайда көршілердің, әріптестердің, таныстардың немесе туыстардың жалған мәліметтеріне сүйенген «Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген айыптаулар кең таралды.

Қазақстанда азаматтарды ұлтшылдық пиғыл танытты, ұлтшыл ұйымдар құрды және республикада Кеңес билігін құлату арқылы оны Кеңес Одағы құрамынан бөліп алуға ұмтылды деген желеумен қудалау тәжірибесі жиі кездескен. Сонымен қатар, көптеген адамдарға террорлық әрекеттер, диверсия мен саботаж ұйымдастыруға дайындалды, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қалыпты жұмысын бұзуға бағытталған экономикалық контрреволюциялық әрекеттер жасады деген негізсіз айыптар тағылып, саяси қуғын-сүргінге ұшырады [3, 35 с.].

1928 жылы Кеңес өкіметінің басшылығына келген И.В. Сталин 1929 жылды «ұлы бетбұрыс» жылы деп жариялады. Алайда бұл кезең халық жадында сталинизмнің ұлы бетбұрысы емес, жазықсыз миллиондаған адамның өмірін жалмаған қасіретті дәуір ретінде сақталды. Өңірде колхоздардың жаппай құрылу үдерісінің шарықтау шегі 1929, 1930 және 1931 жылдардың екінші жартысына тұспа-тұс келіп, бұл кезең ірі әлеуметтік-саяси өзгерістермен сипатталды. Осы уақытта көшпелі халық пен ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруалар күш қолдану арқылы колхоздарға біріктірілді, мал мен жер ортақ меншікке өткізілді. Еріктілік қағидаты сақталмады, ауыл шаруашылық артелінің жарғысы халыққа толық түсіндірілмеді немесе мүлдем түсіндірілмей, заң нормалары бұзылды. Атап айтқанда, қазақ ауылдарында ерекше заңсыздықтар орын алып, халықты жаппай күшпен колхоздарға біріктіріп, малды мемлекет меншігіне өткізу және көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшу мәжбүрлі түрде жүзеге асырылды. Бұл үдерістердің нәтижесінде туындаған ашаршылық аймақтағы демографиялық үрдістерге аса ауыр зардаптар әкелді. Сонымен қатар, кеңестік билікке қарсы әрекеттердің жандануына байланысты жағдай күрделене түсті. Бұл қарсылықтар ресми түрде бандитизммен күрес деген атаумен сипатталды. Кеңес өкіметіне қарсы әрекеттері үшін жазаланған азаматтар, негізінен, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58, 59, 73, 79 және 109-баптары бойынша айыпталған. Сол кезеңде «саяси сенімсіздік» танытқан тұлғалардың басым бөлігі контрреволюциялық топ құрды деген айыппен (58-бап) қылмыстық жауапкершілікке тартылып, ату жазасына кесілді. Бұл адамдар, әдетте, Кеңес өкіметінің астық пен ет дайындау саясатына, ұжымдастыруға және колхоз құрылысына қарсы шыққандар қатарынан болды. Сонымен қатар, мемлекеттік тәртіпке қарсы әрекет жасады деген айыппен (59-бап) де бірқатар азаматтар сотталды. Мемлекеттік өкілдерге қарсылық көрсеткен тұлғалар 73-бап негізінде жауапкершілікке тартылып, кемінде бір жылға бас бостандықтарынан айырылды. Мемлекеттік мүлікке зиян келтіргені үшін (79-бап), сондай-ақ тауар бағасын негізсіз көтеріп, оларды жасырып сатқандар да сотталды. Ал мемлекеттік қызметте қылмыс жасағаны үшін 109-баппен ұзақ мерзімге сотталғандар болды [4].

«Социализм құрылысының аяқталуына байланысты тап күресінің шиеленісуі» туралы тұжырымдаманы И.В. Сталин 1928 жылғы шілдеде өткен БК(б)П мәжілісінде ресми түрде баяндады. Осы идеологиялық негізде кулактарды тәркілеу, яғни олардың мал-мүлкін тәркілеу, БК(б)П-ның 1930 жылғы 30 қаңтардағы «Кулактарды тап ретінде жою жөніндегі іс-шаралар туралы» қаулысының негізінде жүзеге асырылды. Бұл шара жергілікті атқарушы билік органдары тарапынан кулактарға қатысты әкімшілік негізде жүргізілген саяси қуғын-сүргін түрі болды. Кулактарды жою науқаны жалдамалы еңбекті пайдаланатын, экономикалық жағынан ауқатты шаруаларды өндіріс құралдарынан, жерінен, азаматтық құқықтарынан сотсыз және күшпен айыруды, сондай-ақ оларды елдің шалғай аудандарына жер аударуды көздеді. 1928–1932 жылдары КСРО-да ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру аясында жүзеге асырылған бұл саясаттың негізгі бағыттарының бірі шаруалар көтерілістерін басып-жаншу және осыған байланысты кулактарды тап ретінде жою саясаты болды. Қазақ АКСР-і Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитетінің «Аса ірі бай шаруашылықтар мен жартылай феодалдарды тәркілеу және қоныс аудару туралы» жарлығы тәркілеу жұмыстарын жүргізуге және байларды тұратын аймақтарынан жер аударуға құқық берді. Өкімет бұл шараларды байлардың ауылдағы мүліктік және қоғамдық ықпалы кеңестік құрылымды орнықтыруға кедергі келтіреді деген пайым негізінде жүргізді. Шаруалардың ұжымдастыруға қарсы наразылықтары «кулактық контрреволюция» көрінісі ретінде бағаланып, саяси қудалауға ұшырады. Бұл жағдайда Бірыңғай мемлекеттік саяси

басқарма (БМСБ) органдарына тәркіленгендерді жаңа қоныстарға орналастыру, оларды еңбекке тарту, жер аударылған аймақтарда туындаған толқуларды басып-жаншу және қашқындарды іздестіру секілді міндеттер жүктелді [5].

Кеңестік қоғамда жаппай қуғын-сүргінді жүзеге асыруға дайындықтың маңызды кезеңдерінің бірі тыңшылық пен диверсиялық әрекеттерді қолдан жасанды түрде насихаттау арқылы қоғамдық санада үрей мен сенімсіздік ахуалын қалыптастыру болды. 1937 жылдың наурыз айынан бастап кеңестік бұқаралық ақпарат құралдарында КСРО аумағындағы шетелдік барлау органдарының тыңшылық-диверсиялық қызметі туралы материалдар жиі жариялана бастады. Бұл басылымдарда негізінен капиталистік елдерден келген шетел азаматтарының кеңестік жүйеге қарсы тыңшылық әрекеттерін әшкерелеуге бағытталған мақалалар басым болды. Кейінгі зерттеулер бұл мақалалардың көпшілігі Ішкі істер халық комиссариатының қызметкерлері тарапынан бүркеншік есіммен жазылғанын анықтады. Аталған насихаттық жұмыстар халық комиссары Н.И. Ежов пен КОКП ОК Бас хатшысы И.В. Сталиннің тікелей бақылауымен жүзеге асырылған. 1937 жылдың көктемі мен жазында кеңестік баспасөзде жарияланған әрбір осындай мақаланың соңында халықты қырағылыққа шақыру, шетелдік барлау органдарына қарсы күрес жүргізу, ішкі және сыртқы жауларды әшкерелеуге үндейтін ұрандар беріліп отырды. Осылайша, кеңестік ақпараттық кеңістікте мақсатты бағытталған идеологиялық науқан жүргізіліп, бұл кең ауқымды репрессиялық саясатты ақтап алудың, сондай-ақ халықты жаппай қуғын-сүргінге психологиялық тұрғыдан дайындаудың маңызды құралына айналды. Осы мақсатты бағытталған ақпараттық-идеологиялық науқан кеңестік қоғамда жаппай үрей, сенімсіздік пен қарсылас көру психологиясын қалыптастырды. Нәтижесінде көптеген азаматтар жалған айыптаулармен қуғын-сүргінге ұшырап, кейбірі республикадан тыс жерлерге жер аударылып, екінші отан іздеуге мәжбүр болды [6, 89 с.].

1937 жылғы 5 тамыздан бастап мемлекеттік қауіпсіздік органдарына кеңестік құрылымға қарсы бағытталған элементтердің топтарын барынша қатаң және ымырасыз түрде жою, еңбекші кеңес халқын олардың контрреволюциялық, тыңшылық сипаттағы әрекеттерінен қорғау, сондай-ақ Кеңес мемлекетінің негіздеріне қарсы зұлым істерді түбегейлі тоқтату міндеті жүктелді. Осыған сәйкес барлық одақтас республикаларда, өлкелер мен облыстарда бұрынғы кулактарды, кеңестік билікке қарсы белсенділік танытқан элементтер мен қылмыстық топтарды жаппай қуғындау операциясын жүргізу туралы арнайы нұсқау берілді [7, 82 б.]. Барлық қуғын-сүргінге ұшыраған кулактар, қылмыстық элементтер және кеңестік жүйеге қарсы бағыттағы өзге де тұлғалар екі негізгі санатқа бөлінді:

а) Бірінші санатқа барлық белсенді қарсы элементтер енгізілді. Оларды дереу қамауға алу, істерін арнайы құрылған, соттан тыс орган «Үштік» қарағаннан кейін ату жазасына кесу көзделді.

б) Екінші санатқа белсенді, бірақ кеңестік билікке қарсы ұстанымдары сақталған жау элементтер жатқызылды. Бұл санаттағы тұлғалар қамауға алынып, әртүрлі мерзімге еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілді. Аталған категория ішіндегі ерекше қауіпті деп танылғандары арнайы белгіленген түрмелерге нақты мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылды.

Республикалық Ішкі істер халық комиссариатының комиссарларына, сондай-ақ облыстық және өлкелік басқарма басшыларына қуғын-сүргінге жататын тұлғалар бойынша алдын ала белгіленген есептік сандар негізінде жұмыс жүргізу тапсырылды. Бірінші және екінші санаттағы барлық азаматтардың отбасылары толық есепке алынып, оларға қатысты жүйелі бақылау орнатылды. Қысқа мерзім ішінде барлық жұмыс істеп тұрған контрреволюциялық ұйымдар мен топтарды, сондай-ақ қылмыстық-қарулы құрылымдарды толық жою міндеті қойылды. Соттан тыс тәртіппен әрекет ететін Бірыңғай мемлекеттік саяси басқарманың (БМСБ) өкілеттілігімен құрылған «Үштік» органына істерді жедел әрі тиімді қарау тапсырылды [8, 20 б.].

Әріптесіміз, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты, дене тәрбиесі және спорт

кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ахметов Нурсапа Әбдікәрімұлының атасы Ахмет Тезекбайұлы саяси қуғынға ұшыраған мыңдаған жазықсыз жандардың бірі, осы зұлматтың құрбанына айналған еді. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы кезеңде өмір сүрген ол қарапайым халықтың тағдыр-талайын, сол дәуірдің зұлмат шындығын көркем тілмен бейнелеген халық өкілі ретінде тарихта қалды. Ахмет Тезекбайұлы XX ғасырдың алғашқы жартысындағы заманда өмір сүріп, тағдыр тәлкегін көрген, сол дәуірдің ащы шындығын көркем сөзбен бейнелеген халық өкілі. Оның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы Жаркент уезінің Қарқара округіне қарасты (қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қожбанбет ауылы) қарапайым ауыл тұрғынының кеңестік қуғын-сүргін саясатының құрбаны болғанын көрсетеді. Ахмет Тезекбайұлы 1883 жылы қыркүйекте Ұйғыр ауданындағы Ұзынтам өңірінде дүниеге келеді. Әкесі Тезекбай сол кездегі беделді ру басыларының бірі. Ол қатарынан үш мәрте болыстыққа сайланған. Малдыбайұлы Тезекбай 17 жыл бойы болыстық басқару қызметін атқарған. Бұл кезең Тезек төренің билік ықпалының күшейген уақытын сипаттайды. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және шекаралық тәртіпті нығайту мақсатында Тезек төре Тезекбайға Қытаймен шекара күзетін ұйымдастыру міндетін жүктеген. 1890 жылы Тезекбайдың қайтыс болуынан кейін болыстық басқару қызметін Тілеубердіұлы Қайранбай, Ерденеұлы Мергенбай, Айнақұлұлы Шәлімбек, сондай-ақ Сыпатай мен Айтбай тәрізді тұлғалар жалғастырған. Оқу процесін ұйымдастыру мақсатында Тезекбай болысының қолдауымен Қырғыз елінен (шын аты – Неке, руы – Сарыноғай) молда арнайы шақыртылып, балаларды оқыту ісімен айналысқан [9, 20 б.].

Алайда он үш жасында әкесінен айырылып, ерте есейіп, тағдырдың ауыр сынын бастан кешіреді. 1897 жылдан бастап отбасы Шалкөде өңіріне қоныс аударады. Осы кезеңде Ахмет Тезекбайұлы бірнеше жыл бойы діни білім алып, төте жазуды меңгереді. Кетпен тауының оңтүстігіндегі Ақбиік қыстауын, Көтерме жайлауын және Шолақ өзені бойындағы өңірді тұрақты мекенге айналдырып, еңбекпен дәулет жинай бастайды. Ел ішінде сыйлы, ақылды, сөзі өтімді жас ретінде көзге түседі. Кейіннен ауыл старшины ретінде де ел ісіне араласып, қоғамдық-саяси қызмет атқарады. 1927–1929 жылдары ауыл старшындығына сайланған Ахмет Тезекбайұлына 1929 жылы кеңестік билік тарапынан қуғын-сүргін басталады. Старшины болғаны, ауқатты отбасынан шыққаны, мал-мүлкінің көптігі, осылардың барлығы оған тағылған айыпқа айналады. Жергілікті халықтан 100-ге жуық адам қол қойып, оның кінәсіздігін растайтын анықтама қағазын берсе де, билік өкілдері бұл деректерге назар аудармайды. Ахмет Тезекбайұлы ақтау қағазын сотқа көрсетпей, болашақта қажет болар деген үмітпен сақтап қояды.

1930 жылы Ахмет Тезекбайұлына Кеңес өкіметінің саяси репрессиясы шеңберінде РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 17-тармағы бойынша айып тағылып, Сібірге жер аударылады. Ол айыптаудың негізінде ауыл старшыны болғаны, ауқатты отбасының мүшесі саналуы, мал-мүлкінің артықтығы секілді жалған және асыра сілтеушілікке негізделген дәлелдер болды. Үш жыл бойы ол ауыр еңбекпен айдауда болады. Айдаудағы жылдары ішінде өзіне тағылған айыптың әділетсіздігін дәлелдеу мақсатында ел азаматтары жазып берген, кінәсіздігін растайтын ақтау қағазын басқарушы өкілдерге көрсетеді. Бұл құжаттың негізінде жоғары билік орындарына, атап айтқанда Мәскеуге хат жолданады. Нәтижесінде 1933 жылы ресми жауап келіп, оған бас бостандығы беріледі. Осылайша Ахмет Тезекбайұлы туған еліне, отбасына оралады. Алайда елдегі саяси ахуал тұрақсыз күйінде қала берді. Кеңестік биліктің қысымы мен бақылауы тоқтамай, екінші қайтара қуғындалу қаупі туындады. Бұл жағдайды бағамдай білген Ахмет Тезекбайұлы 1934 жылы отбасымен бірге туған жерін тастап, Құмбел асуы арқылы жаяу жеті күн жүріп Қытай шекарасына өтеді. Ол бұл қадамға туған-туыстарына қауіп төндірмеу мақсатында, олардың амандығы үшін барады. Ешқандай мүлік, жеке зат алып шықпай, елден белгі қалдырмауы оның ішкі ар-ұяты мен жауапкершілігінің айғағы. Ахмет Тезекбайұлы өмір бойы әділдік пен адалдықты ту етіп, қандай қиындық болса да адамгершілік қағидатынан аттамай өткен. Оның тағдыры кеңестік зобалаң мен саяси қуғын-сүргін құрбанына айналған мыңдаған қазақ азаматтарының ортақ тарихи трагедиясын бейнелейді.

Ахмет Тезекбайұлы кәсіби ақын болуды мақсат етпесе де, өміріндегі қайғы мен мұң, туған еліне деген сағыныш сияқты терең сезімдерін өлең арқылы жеткізген. Оның жырлары замана зұлматы мен халық басына түскен ауыртпалықтарды бейнелейтін тарихи және рухани мұра. Бұл шығармалар кейінгі ұрпаққа өткеннің тағылымын жеткізуге арналған аманат. Қытай аумағына өткен соң, ел арасында діни сауатының жоғары болуы, терең ой-өрісі, халық арасындағы абырой-беделі оның он бір жыл бойы имамдық қызмет атқаруына негіз болады. Ол ислам дінінің мұрасын насихаттауда, елді имандылыққа баулуда, береке-бірлікке үндеп, үлкен рөл атқарды. Қытай мен Кеңес биліктері арасындағы дипломатиялық келісім нәтижесінде 1959 жылы Ахмет Тезекбайұлы тарихи Отанына, туған жеріне оралады. Бір ғасырға жуық өмір сүріп, 1978 жылы өз шаңырағында, туған топырағында мәңгілік сапарға аттанды [10, 291 б.].

Қорытынды

Ахмет Тезекбайұлы — сөзге шешен, ел ішіндегі ақсақалдар оны кеңеске бай, сөзі шежіре, ақылы дария, кісілігі биік тұлға ретінде сипаттайды. Ахмет Тезекбайұлы кәсіби ақын болмағанымен, жүрекке жетерлік мұңды, зары мол өлеңдер қалдырған. Оның шығармаларында сталиндік репрессия, туған жерге деген сағыныш, әділетсіздікке деген наразылық, рухани төзім мен адамдық парасат көрініс табады. Өлеңдері немересі Өлмұханбеттің жадында сақталып, бүгінгі күнге жетіп отыр. Өлеңдеріне тоқталсақ, олар сол замандағы қазақ даласының ауыр тағдыры мен азаматтық трагедиясын шебер бейнелейді, рухани арпалысты терең әрі сезімтал түрде суреттейді. Мысалы, мына бір шумақтарда сол замандағы қазақ даласының суреті мен рухани арпалыс ерекше бедерленеді:

«Қолыма жазайын деп алдым қалам,
Сөйлейді мұң мен зарын бүгінгі адам...»

Немесе:

«Хош айттым Қойындағы Ақшоқысың,
Біз кидік уайымның ақ топысын...»

Бұл өлеңдер – тек бір адамның тағдыры емес, бүгін бір ұлттың тарихындағы жаралы жылдардың естелігі.

Ақын туған жеріне, үйіне, отбасына деген сағынышын, бауырлары мен балаларына деген мұңын өлеңмен жеткізеді. «Сағындым еркелеткен қалың елім...» деген жолдар оның туған елге деген мәңгілік махаббатын танытады.

Ахмет Тезекбайұлының өмірі мен шығармашылығы ұрпаққа үлкен сабақ болып табылады. Ол өз кезеңіндегі қоғамдық әділетсіздіктер мен қуғын-сүргіннің құрбаны болғанымен, оның өлеңдері мен шығармалары сол қиын кезеңнің ащы шындығын баяндайды. Оның тағдыры бізге саяси қуғын-сүргіннің зардаптары мен халықтың жанкештілігі туралы ойлануға мүмкіндік береді. Ахмет Тезекбайұлы өмірі мен шығармашылығы әрбір ұрпақ үшін әділдік, ұлт тағдыры және рухани еркіндік туралы маңызды ойлар қалдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. - Алматы: АН РК, 1992. - 35 с.
2. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Кн. 1. - Алматы: Гылым, 2000. - 220 с.
3. Абылхожин Ж. Б. Традиционная структура Казахстана: Социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930-е гг.). - Алма-Ата: Гылым, 1991. – 238 с.
4. ЦГА РК. Ф.Р-1380. Оп.2. Д.273. Л.37-38.
5. АП РК. Ф.141. Оп. 1. Д. 1704. Л.20-20об.
6. Койгельдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы: Искандер, 2009. – 448 с.
7. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.

8. Әбжанов, Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология / Х. Әбжанов. - Алматы: Елтаным, 2014. - 328 б.
9. Ұлы жүз. Үйсін. Албан тайпасының Қожбанбет руы: тарихи-шежіре кітап. – Алматы: Атамекен-Күт мекен, 2007. – 376 б.
10. Ұлағат ордасы. – Алматы: Балауса, 2023. – 368 б.

REFERENCES

1. Kozybayev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhymanov K.S. Collectivization in Kazakhstan: The Tragedy of the Peasantry. – Almaty: Academy of Sciences of RK, 1992. – 35 p. [in Russian]
2. Kozybayev M.K. Kazakhstan at the Turn of the Century: Reflections and Searches. In Two Books. Book 1. – Almaty: Gylym, 2000. – 220 p. [in Russian]
3. Abylkhozhin Zh.B. Traditional Structure of Kazakhstan: Socio-Economic Aspects of Functioning and Transformation (1920s–1930s). – Alma-Ata: Gylym, 1991. – 238 p. [in Russian]
4. Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSARK). Fond R-1380. Inventory 2. File 273. Pages 37–38. [in Russian]
5. Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (APRK). Fond 141. Inventory 1. File 1704. Pages 20–20ob. [in Russian]
6. Koigeldiev M.K. Stalinism and Repressions in Kazakhstan in the 1920–1940s. – Almaty: Iskander, 2009. – 448 p. [in Russian]
7. Omarbekov T. Tragedy of Kazakhstan in the 1920s–1930s. – Almaty: Sanat, 1997. – 320 p. [in Kazakh]
8. Abzhanov Kh. Kazakhstan: National History, Idea, Methodology / Kh. Abzhanov. – Almaty: Eltanym, 2014. – 328 p. [in Kazakh]
9. Uly Zhuz. Uysin. Alban Tribe's Kozhbanbet Clan: Historical-Genealogical Book. – Almaty: Atameken-Kut Meken, 2007. – 376 p. [in Kazakh]
10. Ulagat Ordasi. – Almaty: Balausa, 2023. – 368 p. [in Kazakh]

ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО АХМЕТА ТЕЗЕКБАЕВА: СОВЕТСКИЕ РЕПРЕССИИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ БОРЬБА

А.К. Нурманова

Университет Есенова, г. Актау, Казахстан

E-mail: ayaguz1510@mail.ru

Аннотация. Трансформационные периоды, происходящие в истории каждого народа, оказывают глубокое влияние на социальную структуру общества, политическую систему, культурную идентичность и экономические основы. В многовековой истории Казахстана первой половине XX века принадлежит особая роль как одному из самых сложных и значимых этапов. В статье рассматриваются социально-экономические, политические и культурные изменения в стране в этот период. Кроме того, проводится научный анализ жизненного пути и творческого наследия Ахмета Тезекбаева — одного из представителей национальной интеллигенции, подвергшегося репрессиям со стороны советской власти, а также причин его преследования. Подчеркивается историческое значение его личности в современном контексте. В 1920 году, после окончательного установления советской власти на территории бывшей Российской империи, включая Казахстан, большевистская система управления начала проводить национальную, социальную и экономическую политику с определённой осторожностью. Основной целью такой тактики было заручиться поддержкой местного населения, особенно его большинства, для укрепления советских административных структур.

В республике начались масштабные экономические реформы, охватывающие практически все социальные группы. Эти реформы были направлены на восстановление

экономической активности, подорванной Первой мировой войной, революциями и гражданской войной. Для этого советская власть использовала ряд экономических механизмов, характерных для капиталистических стран. Значительные изменения произошли и в сельском хозяйстве: проводилось перераспределение пахотных и пастбищных земель, а также водных ресурсов. Однако прагматически ориентированные на первом этапе реформы впоследствии были заменены системой централизованного управления. Все секторы экономики перешли под жёсткий административный контроль, при этом для достижения поставленных целей широко применялись репрессивные методы. Наряду с давлением на сельхозпроизводителей, советская власть стремилась установить контроль и над духовной жизнью общества. Устранение конкуренции в духовной сфере создавало условия для беспрепятственного распространения партийной идеологии в обществе. Таким образом, в период 1920–1940 годов советское государство сформировало систему тотального контроля над всеми сферами жизни общества — экономической, политической, культурной и духовной. Любые проявления инакомыслия или оппозиционных взглядов полностью подавлялись.

Ключевые слова: Ахмет Тезекбаев, тоталитарная система, советские репрессии, национальная борьба, коллективизация

THE LIFE AND WORK OF AKHMET TEZEKBAEV: SOVIET REPRESSIONS AND NATIONAL STRUGGLE

A.K. Nurmanova

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

E-mail: ayaguz1510@mail.ru

Abstract. Transformational periods in the history of any nation exert a profound influence on the social structure, political system, cultural identity, and economic foundations of society. In the centuries-long history of Kazakhstan, the first half of the 20th century holds a special place as one of the most complex and significant periods. This article examines the socio-economic, political, and cultural changes that took place in the country during this time. In addition, the study provides a scholarly analysis of the life path and creative legacy of Akhmet Tezekbaev — a representative of the national intelligentsia who was subjected to repression by the Soviet regime — as well as the reasons for his persecution. The historical significance of his personality in the contemporary context is emphasized. In 1920, after the complete establishment of Soviet power across the former Russian Empire, including Kazakhstan, the Bolshevik system began to cautiously implement national, social, and economic policies. The main goal of this strategy was to gain the support of the local population, especially the majority, in order to strengthen Soviet administrative structures. Large-scale economic reforms began in the republic, affecting virtually all social groups. These reforms were aimed at restoring economic activity, which had been undermined by World War I, the revolutions, and the civil war. To this end, the Soviet authorities used a number of economic mechanisms characteristic of capitalist countries. Significant changes also occurred in the agricultural sector, where measures were taken to redistribute arable and pasture lands as well as water resources. However, the initially pragmatic reforms were later replaced by a system of centralized governance. All sectors of the economy came under strict administrative control, and repressive methods were widely used to meet planned targets. Alongside pressure on agricultural producers, the Soviet authorities also sought to establish control over the spiritual life of society. The elimination of competition in the spiritual sphere created conditions for the unobstructed dissemination of party ideology throughout society. Thus, between 1920 and 1940, the Soviet state established a system of total control over all spheres of public life — economic, political, cultural, and spiritual. Any manifestations of dissent or alternative views were completely suppressed.

Keywords: Akhmet Tezekbaev, totalitarian system, Soviet repressions, national struggle, collectivization.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫ МЕН КӨЛІК ТЕРМИНАЛДАРЫНЫҢ ЛОГИСТИКАСЫ МЕН ЖҰМЫСЫНА ӘСЕРІ Ф.В. Патров	5-17
ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ А.Б. Туркменбаев	18-29
ЖОЛДАҒЫ ЖӘНЕ ЖОЛДАҒЫ МҰЗДЫ ЖҰРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРҒАНЫНЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛГЕН КОНСТРУКЦИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ Байгереев С., Гурьянов Г.	30-41
МАГНИЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰЙМАЛАРЫНЫҢ КОРРОЗИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ Туркменбаева М. Б., Қуандық М.	42-51
ЭЛЕКТР ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕСІН БАСҚАРУ АРҚЫЛЫ ЭНЕРГОЖҮЙЕЛЕРДІҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІН ОҢТАЙЛЫ ЖОСПАРЛАУДА ЖЕЛІЛІК ФАКТОРДЫ ЕСКЕРУ Гайбиров Т. Ш., Реймов К. М., Умаров Б. С., Садуақасов Д. С.	52-59
ТЕРМОӨНДЕУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАТ БҰЙЫМДАРДЫ НИКЕЛЬДЕУ ПРОЦЕСІН ЖАҢАРТУ Сатаева С. С.*, Амангельдиев М. Ж.	60-67
МҰНАЙ БИТУМЫН ПОЛИМЕРЛІ ҚАЛДЫҚТАР МЕН СТИРОЛ- БУТАДИЕНСТИРОЛ ЖӘНЕ ЭЛВАЛОЙ ПОЛИМЕРЛЕРІМЕН МОДИФИКАЦИЯЛАУ Аккенжеева А., Бусурманова А., Викторс Х., Жұмахмет Е.	75-81
БЕТТІК ӨНДЕУ ҮШІН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕННІҢ МАНИПУЛЯТОРЫН - КООРДИНАТАЛЫҚ ӨЛШЕУ МАШИНАСЫ РЕТІНДЕ ҰСЫНУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК А.У. Табылов., Нуу-Tuan Pham	82-89
ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ Отарова А.Н.	90-99
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ Джанисенова А.М., Шарипова А.Б., Оразбекова А.Қ., Темиргалиев Б.Е.	100-109
ЖЕТІСУ Өңіріндегі көне түркі топонимдері Нұрдәулетова Б. И., Алиаскаров Д.	110-118
БАС/ ГОЛОВА/ HEAD КОНЦЕПТІСІНІҢ ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ А.С. Исакова, Н.Н. Зеркина, Ж.Б.Саткенова	119-127
ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК ТОПОНИМДЕР Қайрат Ғабитханұлы	128-135
МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ Набиева Л. И.	136-143
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ Каракулова М.С., Шарипова А.Б., Аманқосова А.Қ., Бегимова М.М.	144-155
З.ИЖАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҢҒЫСТАУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРҒА ШОЛУ О.Д. Табылдиева*, Р.А. Сидешова	156-166

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ ГРАММАТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ ТУДА ЗЕРТТЕУ	
Ә.У.Тәжиева, А.А. Конаршаева	167-174
БАНК ҚАТЫНАСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ	
Молдағалиева А.Д., Накишева М.К.	175-182
КӨШБАСШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА	
Билашова А., Кушбаева А., Сапарбайқызы Ш., Егенисова А., Ахметова Д. ..	183-190
ОРЫС ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ: ДИАХРОНДЫҚ ТӘСІЛ	
*Саметова Ф.Т., Кубыгулова З.Е.	191-200
ХАЛЫҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ	
А. Шуриева, Ш. Абишева, С. Юсимбаева	201-209
ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ РӨЛІ	
Ж.А.Тутбаева, С.Х. Юсимбаева	210-215
ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КАПИТАЛДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫ АНЫҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ	
Бекбергенова Жұлдыз Телегеновна	216-224
АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫН ДАЙЫНДАУ ҮШІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ	
Машинская О.	225-230
ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНДАҒЫ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПАЙДА, ТЕХНОЛОГИЯ ТРАНСФЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІ	
Асылбек Мұхитұлы Жәкиев, Қайыржан Саясатұлы Әбдіхалықов	231-238
НАТРИЙ ЦИАНИДТІ АЛМАСТЫРҒЫШТАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЧАНДЫ ШАЙМАЛАУ ПРОЦЕСІНДЕ АЛТЫН КЕНДЕРІНЕН АЛТЫН АЛУ	
Рамазанов Әліби Есболұлы, Мукажанова Жазира Бигалиевна, Жарликов Михаил Сергеевич, Зинченко Алексей Михайлович	239-246
МАГНИТТІ БЕЛСЕНДІ ҚОСЫЛЫСТЫҢ СИНТЕЗІ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ	
Хамзина Н. Ғ.	247-253
АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ БАСТАМАЛАРЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА GEOGEBRA БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	
Г.Р. Кошанова, Т.Ж. Маханбетова	254-266
БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ: ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ	
Н.А. Ахметов, К.Т. Кыстаубаева	267-277
АХМЕТ ТЕЗЕКБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: КЕҢЕСТІК ҚҰҒЫН- СҮРГІН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ КҮРЕС	
А.К.Нурманова	278-285

СОДЕРЖАНИЕ

ВЛИЯНИЕ НАУЧНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЛОГИСТИКУ И РАБОТУ МОРСКИХ ПОРТОВ И ТРАНСПОРТНЫХ ТЕРМИНАЛОВ	
Патров Ф. В.	5-17

ПОВЫШЕНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ФИЗИКИ	
Туркменбаев А.Б.	18-29
РАЗРАБОТКА УСОВЕРШЕНСТВОВАННОЙ КОНСТРУКЦИИ РАБОЧЕГО ОРГАНА ДЛЯ РАЗРУШЕНИЯ ЛЬДА НА ДОРОГАХ И ТРОТУАРАХ	
Байгереев С., Гурьянов Г.	30-41
ИЗУЧЕНИЕ КОРРОЗИОННЫХ СВОЙСТВ МАГНИЯ И ЕГО СПЛАВОВ	
Туркменбаева М. Б., Куандык М.	42-51
УЧЕТ СЕТЕВОГО ФАКТОРА ПРИ ОПТИМАЛЬНОМ ПЛАНИРОВАНИИ КРАТКОСРОЧНЫХ РЕЖИМОВ ЭНЕРГОСИСТЕМ С УПРАВЛЕНИЕМ НАГРУЗКОЙ ЭЛЕКТРОПОТРЕБИТЕЛЕЙ	
Гайибов Т. Ш., Реймов К. М., Умаров Б. С., Садуакасов Д. С.	52-59
ИННОВАЦИЯ ПРОЦЕССА НИКЕЛИРОВАНИЯ СТАЛЬНЫХ ИЗДЕЛИЙ НА ОСНОВЕ ТЕРМИЧЕСКОЙ ОБРАБОТКИ	
Сатаева С. С., Амангельдиев М. Ж.	60-67
МОДИФИКАЦИЯ НЕФТЯНОГО БИТУМА ПОЛИМЕРНЫМИ ОТХОДАМИ И ПОЛИМЕРАМИ СТИРОЛА-БУТАДИЕНСТИРОЛА И ЭЛВАЛОЙ	
Аккенжеева А., Бусурманова А., Викторс Х., Жумахмет Е.	75-81
КОНЦЕПЦИЯ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ МАНИПУЛЯТОРА ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА ДЛЯ ПОВЕРХНОСТНОЙ ОБРАБОТКИ - КАК КООРДИНАТНО-ИЗМЕРИТЕЛЬНОЙ МАШИНЫ	
Табылов А.У., Pham Huu-Tuan	82-89
ИСТОРИЧЕСКАЯ РЕАЛЬНОСТЬ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РЕШЕНИЕ	
Отарова А.Н.	90-99
ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА	
Джанисенова А.М., Шарипова А.Б., Оразбекова А.К., Темиргалиев Б.Е.	100-109
ДРЕВНИЕ ТЮРКСКИЕ ТОПОНИМЫ В ЖЕТЫСУ РЕГИОНЕ	
Б.И.Нұрдаулетова, Д. Алиаскаров	110-118
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОНЦЕПТА БАС/ГОЛОВА/HEAD В КАЗАХСКИХ, РУССКИХ И АНГЛИЙСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМАХ	
Исакова А. С., Зеркина Н. Н., Саткенова Ж. Б.	119-127
ДРЕВНЕТЮРКСКАЯ ОНОМАСТИКА В КИТАЙСКИХ ХРОНИКАХ	
Кайрат Габитханулы	128-135
ПЕДАГОГИКА МАГЖАНА И ЕЁ ЦЕННОСТЬ	
Набиева Лаззат Иксатовна	136-143
НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТОЛЕРАНТНОГО ОТНОШЕНИЯ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ	
Каракулова М.С., Шарипова А.Б., Аманқосова А.Қ., Бегимова М.М.	144-155
ОБЗОР АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ, КАСАЮЩИХСЯ ИСТОРИИ МАНГИСТАУ В ТРУДАХ З. ИЖАНОВА	
О.Д. Табылдиева, Р.А. Сидешова	156-166
ИССЛЕДОВАНИЕ РАЗВИТИЯ ГРАММАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА	
Тажиева А.У., Конаршаева А.А.	167-174
СУЩНОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ БАНКОВСКИХ ОТНОШЕНИЙ И ЕГО ПРАВОВАЯ ОСНОВА	
Молдагалиева А.Д., Накишева М.К.	175-182
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЛИДЕРСТВА СРЕДИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ	
Билашова А., Кушбаева А., Сапарбайкызы Ш., Егенисова А., Ахметова Д. ..	183-190

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ РУССКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА: ДИАХРОНИЧЕСКИЙ ПОДХОД	
Саметова Ф.Т., Кубыгулова З. Е.	191-200
СФЕРА ПРИМЕНЕНИЯ ТОПОНИМОВ В НАРОДНОЙ ПРОЗЕ	
А. Шуриева, Ш. Абишева, С. Юсимбаева	201-209
РОЛЬ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ	
Тутбаева Ж.А., Юсимбаева С.Х.	210-215
СУЩНОСТЬ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО КАПИТАЛА В ЭКОНОМИКЕ СТРАНЫ И ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ ЕГО ОПРЕДЕЛЕНИЯ	
Бекбергенова Ж. Т.	216-224
ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ ДЛЯ ПОДГОТОВКИ УРОКОВ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА	
Машинская О.	225-230
СОВМЕСТНЫЕ ПРЕДПРИЯТИЯ В НЕФТЕГАЗОВОМ СЕКТОРЕ КАЗАХСТАНА: ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВЫГОДЫ, ТРАНСФЕР ТЕХНОЛОГИЙ И РИСКИ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ	
Джакиев А. М., Абдыхалыков К. С.	231-238
ИЗВЛЕЧЕНИЕ ЗОЛОТА ИЗ ЗОЛОТОСОДЕРЖАЩИХ РУД В ПРОЦЕССЕ ЧАНОВОГО ВЫЩЕЛАЧИВАНИЯ ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ЗАМЕНИТЕЛЕЙ ЦИАНИДА НАТРИЯ	
Рамазанов Әліби Есболұлы, Мукажанова Жазира Бигалиевна, Жарликов Михаил Сергеевич, Зинченко Алексей Михайлович	239-246
СИНТЕЗ, СТРУКТУРА И БИОЛОГИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ МАГНИТНО- АКТИВНОГО СОЕДИНЕНИЯ	
Хамзина Н. Г.	247-253
ВОЗМОЖНОСТИ ПРОГРАММЫ GEOGEBRA В ПРЕПОДАВАНИИ ПРЕДМЕТА АЛГЕБРА И НАЧАЛА АНАЛИЗА	
Кощанова Г.Р., Маханбетова Т. Ж.	254-266
ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ: ВЗАИМОСВЯЗЬ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ОРГАНИЗАЦИОННЫХ НАВЫКОВ	
Н.А. Ахметов, К.Т. Кыстаубаева	267-277
ЖИЗНЬ И ТВОРЧЕСТВО АХМЕТА ТЕЗЕКБАЕВА: СОВЕТСКИЕ РЕПРЕССИИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ БОРЬБА	
А.К. Нурманова	278-285

CONTENT

THE IMPACT OF SCIENTIFIC TECHNOLOGIES ON LOGISTICS AND THE OPERATION OF SEAPORTS AND TRANSPORT TERMINALS	
Patrov F.	5-17
IMPROVING THE FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS USING INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN PHYSICS LESSONS	
A. Turkmenbayev	18-29
DEVELOPMENT OF AN ADVANCED DESIGN OF A WORKING TOOL FOR ICE REMOVAL ON ROADS AND SIDEWALKS	
Baigereyev S.*, Guryanov G.	30-41
CORROSION OF MAGNESIUM AND ITS CASTINGS STUDY OF PROPERTIES	
Turkmenbayeva M., Kuandyk M.	

CONSIDERATION OF THE NETWORK FACTOR IN OPTIMAL PLANNING OF SHORT-TERM OPERATING MODES OF POWER SYSTEMS WITH LOAD MANAGEMENT OF ELECTRICITY CONSUMERS	42-51
Gaibov T. Sh., Reymov K. M., Umarov B. S., Saduakasov D. S.	52-59
INNOVATION OF THE PROCESS OF NICKEL PLATING OF STEEL PRODUCTS BASED ON HEAT TREATMENT	
Sataeva S., Amangeldiyev M.	60-67
MODIFICATION OF OIL BITUMEN WITH POLYMER WASTE AND POLYMERS OF STYRENE-BUTADIENESTYRENE AND ELVALOY	
Akkenzheyeva A., Bussurmanova A., Zhumakhmet E., Viktors H.	75-81
CONCEPT OF REPRESENTATION OF PROCESS COMPLEX MANIPULATOR FOR SURFACE PROCESSING - AS COORDINATE-MEASURING MACHINE	
Tabylov Abzal, Pham Huy-Tuan	82-89
ARTISTIC REALITY AND HISTORICAL PERSONALITY	
A.N. Otarova	90-99
PSYCHOLOGICAL AND SOCIAL SUPPORT FOR INCLUSIVE EDUCATION IN UNIVERSITIES OF KAZAKHSTAN	
Janissenova A.M., Sharipova A.B., Orazbekova A.K., Temirgaliyev B.E.	100-109
ANCIENT TURKIC TOPONYMS IN JETYSU REGION	
B.I. Nurdauletova, D. Aliaskarov	110-118
THE USE OF THE CONCEPT OF БАС/ТОЛЖА/ HEAD IN KAZAKH, RUSSIAN, ENGLISH PHRASEOLOGISMS	
Issakova Assylymay, Natalya Zerkina, Satkenova Zhanar	119-127
ANCIENT TURKIC ONOMASTICS IN CHINESE CHRONICLES	
Kairat Gabitkhanuly	128-135
MAGJAN'S PEDAGOGY AND ITS VALUE	
Nabieva Lazzat	136-143
SOME PROBLEMS OF DEVELOPING A TOLERANT ATTITUDE IN PRIMARY SCHOOL PUPILS	
Karakulova M.C., Sharipova A.B., Amankossova A.K., Begimova M. M.	144-155
REVIEW OF ARCHIVAL DOCUMENTS RELATED TO THE HISTORY OF MANGYSTAU IN THE WORKS OF Z. IJANOV	
O.D. Tabyldiyeva, R.A. Sideshova	156-166
STUDY OF THE DEVELOPMENT OF GRAMMATICAL SKILLS IN ENGLISH CLASSES	
Tajieva A.U., Konarshayeva A.	167-174
THE ESSENCE OF STATE REGULATION OF BANKING RELATIONS AND ITS LEGAL BASIS	
Moldagaliyeva A.D., Nakisheva M.K.	175-182
CURRENT ISSUES IN LEADERSHIP RESEARCH AMONG SENIOR HIGH SCHOOL STUDENTS	
Bilashova A., Kushbayeva A., Saparbaykyzy Sh., Yegenissova A., Akhmetova J... ..	183-190
FORMATION DEVELOPMENT OF THE RUSSIAN LITERARY LANGUAGE: A DIACHRONIC APPROACH	
Sametova F., Kubygulova Z.E.	191-200
THE SCOPE OF TOPONYMS IN FOLK PROSE	
A. Shuriyeva, Sh. Abisheva, S. Yussimbayeva	201-209
ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE	
Tutbayeva Zh., Yussimbayeva S.	210-215

THE ESSENCE OF INTELLECTUAL CAPITAL IN THE ECONOMY OF THE COUNTRY AND THE MAIN ASPECTS OF ITS DEFINITION	
Bekbergenova Zhuldyz	216-224
ARTIFICIAL INTELLIGENCE FOR PREPARING ENGLISH LANGUAGE LESSONS	
Mashinskaya O.	225-230
JOINT VENTURES IN KAZAKHSTAN’S OIL AND GAS SECTOR: ECONOMIC BENEFITS, TECHNOLOGY TRANSFER, AND NATIONAL SECURITY RISKS	
Jakiyev A.M., Abdykhalykov K.S.	231-238
EXTRACTION OF GOLD FROM GOLD-BEARING ORES IN THE PROCESS OF VAT LEACHING USING SODIUM CYANIDE SUBSTITUTES	
Ramazanov Alibi, Mukazhanova Zhazira, Zharlikov Michail, Zinchenko Aleksey	239-246
SYNTHESIS, STRUCTURE AND BIOLOGICAL ACTIVITY OF A MAGNETIC-ACTIVE COMPOUND	
Khamzina Nazerke	247-253
GEOGEBRA PROGRAM CAPABILITIES IN TEACHING SUBJECT ALGEBRA AND BEGINNINGS OF ANALYSIS	
Kochshanova Gulash, Makhanbetova Tazagul	254-266
PROFESSIONAL COMPETENCIES OF FUTURE PHYSICAL EDUCATION TEACHERS: THE RELATIONSHIP BETWEEN EMOTIONAL INTELLIGENCE AND ORGANIZATIONAL SKILLS	
N.A. Akhmetov, K.T. Kystaubaeva	267-277
THE LIFE AND WORK OF AKHMET TEZEKBAEV: SOVIET REPRESSIONS AND NATIONAL STRUGGLE	
A.K. Nurmanova	278-285

Баспаға қол қойылған күні 31.03.2025
Пішімі 60*84 1/2
Көлемі 292 бет
Шартты баспа табағы 14
Таралымы 300 дана
Есенов университетінің
редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты
130000, Ақтау қ., 32 ш/а

Подписано в печать 31.03.2025
Формат 60*84 1/2
Объем 292 стр.
14 печатных листа
Тираж 300 экз.
Отпечатано в редакционно-издательском отделе
Университета Есенова
130000, г. Актау, 32 мкрн.